



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2023

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКИ

М А З М Ұ Н Ы

Қысқартылған сөздер мен аббревиатуралар тізімі	1
Негізгі тұжырымдар	4
I. Макроэкономикалық жағдай	6
1.1 Үй шаруашылықтары	12
1.2 Ақша нарығы	16
1.3 Валюта нарығы	28
1.4 Фискалдық саясат	36
II. Бағалы қағаздар нарығы	42
2.1 Мемлекеттік борыш	43
2.2 МБҚ микроқұрылымы	46
2.3 МБҚ қайталама нарығы	50
2.4 Кірістілік қисығы	52
III. Тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығы	56
3.1 Тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығындағы үрдістер	56
3.2 Тұрғын үй құрылысы	58
3.3 Ипотекалық кредит беру	59
3.4 Мемлекеттік бағдарламалар	62
IV. Банк және микроқаржы секторларының тәуекелдері	64
4.1 Банктердің корпоративтік портфелі	64
4.2 Банктердің бөлшек портфелі	71
4.3 Кепілсіз тұтынушылық кредиттеу	77
4.4 Микроқаржы ұйымдары	82
V. Өтімділік, қорландыру, долларландыру тәуекелдері, валюталық және пайыздық тәуекелдер	88
5.1 Өтімділік тәуекелдері	89
5.2 Қорландыру тәуекелдері	93
5.3 Долларлану тәуекелі	98
5.4 Валюталық тәуекел	101
5.5 Пайыздық тәуекел	104
VI. Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңесінің қызметі	107



Қысқартылған сөздер мен аббревиатуралар тізімі

АВП	ашық валюталық позиция
АВР	алтын-валюта резервтері
Агенттік/ҚНРДА	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
АКС	ақша-кредит саясаты
АҚ	акционерлік қоғам
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
АҚШ ФРЖ	АҚШ Федералды резервтік жүйесі
АӨК	агрөонеркәсіптік кешен
БЖЗҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ
БҚБК	Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті
БҚО	Батыс Қазақстан облысы
БҚОД	«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ж/ж	жылдан жылға
ДК	дара кәсіпкер
ЕАВ	еркін айырбасталатын валюта
ЕДБ	екінші деңгейдегі банк
ЕО	Еуропалық одақ
ЕОБ	Еуропалық орталық банк
ЕРТ	ең төменгі резервтік талаптар
ЖАО	жергілікті атқарушы орган
ЖБ	жергілікті бюджет
ЖЖМ	жанар-жағармай материалдары
ЖІӨ	жалпы ішкі өнім
ЖТ	жеке тұлға/жеке тұлғалар
ЖТС	жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы
ЖЭО	жылу электр орталығы
ЗТ	заңды тұлға/заңды тұлғалар
ІҚ	инвестициялық қор
ІПБ	инвестициялық портфельді басқарушылар
ІТҚ	ипотекалық тұрғын үй қарызы
ІА	ішкі активтер
ІАК	банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру коэффициенті
ІМ	ішкі міндеттемелер
т/т	тоқсаннан тоқсанға
ш.м.	шаршы метр

Кеңес	Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңесі
ККБ	капиталдың контрциклді буфері
КМС	квазимемлекеттік сектор
ҚДКҚ	«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
ҚЖК	қарыз жүктемесінің коэффициенті
ҚҚ	қаржы құралы
ҚҚБ/KASE	Қазақстан қор биржасы
ҚҚС	қосылған құн салығы
ҚМГ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
ҚОИ	қаржылық осалдық индексі
ҚОҚ	«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚР Қаржымині	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
ҚР Қаржыминінің МКК	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті
ҚР ҰСБ/ ҚР СЖРА ҰСБ	Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы
ҚРҰБ/ҚР Ұлттық Банкі	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҚТИ	қаржылық тұрақтылық индексі
ҚТК	Қазақстан тұрғын үй компаниясы
ҚХР	Қытай Халық Республикасы
МБҚ	мемлекеттік бағалы қағаздар
МКБ	Мемлекеттік кредиттік бюро
МКС	мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор
МҚҰО	эмитенттің мемлекеттік қатысу үлесі бар облигациялары
млн	миллион
млрд	миллиард
НБ	негізгі борыш
ОК	орталық контрагент
ӨЖА	өтімділігі жоғары активтер
п.т.	пайыздық тармақ
РБ	республикалық бюджет
РБ КТС	ірі кәсіпкерлік субъектілерінен алынатын республикалық бюджетке есептелетін корпоративтік табыс салығы
РФ	Ресей Федерациясы
СҚО	Солтүстік Қазақстан облысы
ССҚ	соңғы сатыдағы қарыздар
СҰ	сақтандыру ұйымы



ТБИ	тұтыну бағаларының индексі
ТКШ	тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
ТҚҚ	туынды қаржы құралдары
трлн	триллион
ХВҚ	Халықаралық валюта қоры
ХҚҰ	халықаралық қаржы ұйымдары
ШҚО	Шығыс Қазақстан облысы
ШОБ	шағын және орта бизнес
ШЭМЕ	шетелдік эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздары
ЭКБ	шикі мұнайға экспорттық кедендік баж
ЭСК	Экономикалық саясат жөніндегі кеңес
ЭЫДҰ/OECD	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
\$/bbl	мұнай баррелі үшін АҚШ доллары
AQR	банк активтерінің сапасын тәуелсіз бағалау (Asset Quality Review)
EUR	еуро
FRED	Federal Reserve Economic Data
FSAP	Қаржы Секторын Бағалау Бағдарламасы (Financial Sector Assessment Program)
FX LCR	шетел валютасындағы өтімділікті өтеу коэффициенті
GBI-EM	Government Bond Index-Emerging Markets
KZT	Қазақстан теңгесі
LCR	өтімділікті өтеу коэффициенті (liquidity coverage ratio)
LTV	кредит сомасының кепілдің нарықтық (немесе бағалау) құнына қатынасы (loan-to-value ratio)
NDF	жеткізілімсіз валюталық форвард (non-deliverable forward)
NPL/NPL 90+	негізгі борыш бойынша және/немесе есептелген сыйақы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар (non-performing loan)
NSFR	тұрақты қорландырудың нетто коэффициенті (net stable funding ratio)
PD	дефолт ықтималдығы (probability of default)
PDL	Жалақы алғанға дейінгі кезеңге 45 күнге дейінгі қысқа мерзімді қарыздар
RUB	Ресей рублі
SREP	Supervisory Review and Evaluation Process
TONIA	бір күндік репо нарығындағы орташа мөлшерленген пайыздық мөлшерлеменің индикаторы (Tenge OverNight Index Average)
TWINA	жеті жұмыс күні мерзімімен репо мәмілелері бойынша орташа мөлшерленген пайыздық мөлшерлеменің индикаторы (Tenge Week Index Average)
USD	АҚШ доллары
WEO	World Economic Outlook

Негізгі тұжырымдар

Макроэкономикалық жағдай

2023 жылы Қазақстан Республикасында қаржылық тұрақтылыққа әсер ететін тәуекел факторлары қалыпты деңгейде болды. Қаржы жүйесіндегі теңгерімсіздік жыл бойы кредиттеудің неғұрлым төмен өсу қарқыны мен жылжымайтын мүлік нарығындағы баға өсімінің баяулауы аясында төмендеді.

2023 жылы Қазақстанда инфляцияның 9.8%-ға дейін төмендеуімен қатар экономиканың 5.1%-ға едәуір өсуі байқалды. Теңге бағамының құбылмалы болуына сыртқы факторлар шекті түрде әсер етті.

2023 жылы халықтың нақты табысы өсу тұрғысынан қалыпқа келгені байқалды. Халық табысының нақты өсуіне қарамастан, 2023 жылы инфляцияға қатысты түзетуді ескере отырып, үй шаруашылықтары шығысының баяу өскені байқалды. Бұл үрдіс халықтың жинақтауға бейімділігі өскенін білдіреді: бұған жинақтарды ынталандыруға және инфляциялық қысымды төмендетуге бағытталған ҚРҰБ тежеуші монетарлық саясаты да ықпал етті.

Номиналды өсуіне қарамастан, негізгі капиталға инвестициялар экономика мөлшеріне қатысты төмен деңгейде қалып отыр.

Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2023 жылы МБҚ-ны өтеудің біркелкі емес мерзімді құрылымы сақталды, оның 2022 жылы қысқамерзімді облигациялардың ірі шығарылымынан кейін жақын мерзімде төлеуге қатысты ішінара жоғары көлемі болды. Өтеу кезіндегі теңгерімсіздік 2023 жылы шығарылған облигациялар мен 2024 – 2027 жылдар аралығындағы кезеңде ірі өтеуді күтетін еурооблигациялар бойынша төлемдермен толықтырылды.

ҚР ҰБ МБҚ нарығын дамыту, оның өтімділігі мен тиімділігін арттыру үшін бастапқы дилерлер институтының тетігін де енгізуде. Мәселен, нарықтық инвесторлар белсенділігінің өсуі осы жаңашылдық аясында қатысушылардың бастапқы және қайталама нарықтардағы белсенділігіне жүргізілген мониторингке байланысты. Жалпы, 2023 жылы нарықтық инвесторлар үлесінің ұлғаюы екінші деңгейдегі банктердің МБҚ-ның бастапқы және қайталама нарығына белсенді қатысуы есебінен де байқалды: ҚР Қаржы министрлігінің сатып алған облигациялар көлемі бойынша ЕДБ БЖЗҚ-ны басып озып, бастапқы нарықта ҚР Қаржы министрлігінің қағаздарын ірі көлемде сатып алушы болды.

Кірістіліктің купонсыз қисығы 2023 жыл бойы нарыққа қатысушылардың пайыздық мөлшерлемелерді төмендетуін күту аясында өзгеріссіз қалды. Ұзақмерзімді МБҚ кірістілігі аукциондарда 2023 жылы 11.5–12% деңгейінде болды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша базалық мөлшерлемені төмендету аясында кірістілік қисығы қысқа мерзімде төмендеді.



Жылжымайтын мүлік нарығы

2023 жылы жылжымайтын мүліктің бастапқы нарығындағы баға біршама өсті (2023 жылғы наурыздан бастап), ал қайталама нарықтағы баға 2023 жылы үш тоқсан бойы төмендеді де, 4-тоқсанда аздап қалпына келді. Жеңілдік қарастырылған бағдарламалардың көлемі айтарлықтай төмендегеніне қарамастан, жылжымайтын мүлік нарығындағы баға тұрақталып, белсенділік жоғары деңгейде қалды. 2022 жылмен салыстырғанда, сатып алу-сату мәмілелерінің саны 2023 жылы 20,5%-ға қысқарды, алайда ол пандемияға дейінгі деңгеймен салыстырғанда өсті. 2023 жылы пайдалануға берілген пәтердің саны 2022 жылы төмендегеннен кейін 20,2%-ға өсті.

Жеңілдігі бар ипотекалық бағдарламалардың көлемі қысқаруы аясында нарықтағы ипотекалық қарыздардың көлемі едәуір өсті. Осылайша, нарықтық ипотекалық қарыздардың үлесі 2022 жылғы 15,5%-дан 2023 жылы 34,6%-ға дейін өсті.

Несие портфелінің сапасы

Банк секторының корпоративтік несие портфелінің сапасы 2023 жылы күмәнді әрі жұмыс істемейтін де қарыздардың азаю есебінен жақсарды. Корпоративтік портфельдегі проблемалық қарыздар үлесінің төмендеуі бизнестің барлық субъектілері бойынша орын алды. Бұл ретте ШОБ портфелінің сапасы әлдеқайда төмен болып қалды. Осы аяда корпоративтік портфельдің проблемалық қарыздарын провизиялау коэффициенті біршама ұлғайды.

Сала бойынша банктер проблемалық қарыздардың негізгі көлемі шоғырланған басым түрде экономиканың саудаланбайтын секторын кредиттеуді жалғастыруда. Мәселен, қызмет көрсету, өңдеу өнеркәсібі, сауда, құрылыс және жылжымайтын мүлік саласындағы қарыздар сапасы неғұрлым төмен болуда. Шектелген корпоративтік қарыз алушыларда борыштың шоғырлануы біртіндеп азайып келеді, бірақ әлі де жоғары күйінде қалып отыр.

Кепілсіз тұтынушылық қарыздар портфелінің өсу қарқыны сақталуда. Жоғары жиынтық қарыз деңгейі бар қарыз алушылар өсімге көптеп үлес қосты. Жалпы, бөлшек қарыздар портфелі бойынша кредиттік тәуекел деңгейі қолайлы деңгейде тұр, бірақ халықтың кірісіндегі өзгерістерге қатысты жоғары тәуелділік сақталуда.


2023 жылы микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың активтері өсе түсті. Оның драйвері тұтынушылық мақсаттарға арналған микрокредиттер болды. Қарыз алушылар мен МҚҚЖҰ қарыздарының жалпы саны шамамен өзгерген жоқ. Жыл бойы микрокредиттер портфелінің сапасы біршама төмендегені байқалады.

Өтімділік пен қорландыру тәуекелдері

2023 жылдың қорытындысы бойынша өтімділігі жоғары активтердің көлемі аздап өскені байқалады. Ал банктердің өтімділік коэффициенттері нормативтік деңгейден асатын деңгейде қалды. Көбінесе МБҚ мен ҚРҰБ-тағы шоттарда орналастыру банктердің өтімділік профицитін бөлудің негізгі тәсілі болды. Банктердің жиынтық активтерінің шамамен үштен бірін құрайтын өтімділігі жоғары активтердің едәуір қоры болуына қарай банктердің көпшілігінде өтімділік тәуекелдерінің деңгейі қалыпты деңгейде сақталды.

Банктерді қорландыру жағында елеулі өзгерістер байқалған жоқ. 2022 жылғы өсімнен кейін жеке және заңды тұлғалардың салымдарында бейрезиденттердің үлесі 2023 жылы тұрақталды. Квазимемлекеттік сектордың үлесі төмендеуі есебінен қорландыру базасын әртараптандыру жалғасты.

Долларландыру деңгейі соңғы 16 жылдағы минимумға жетті, бұл ретте валюталық салымдардың үлесі айтарлықтай төмендеуі бөлшек және корпоративтік сегменттерде де байқалады. Банк жүйесі бойынша нетто ашық валюталық позиция едәуір құбылмалылыққа ұшырамай, шекті мәндерден аспады.



1

Макроэкономикалық жағдай

2023 жылы Қазақстан Республикасындағы қаржылық тұрақтылыққа әсер ететін тәуекел факторлары қалыпты деңгейде болды, жыл соңына қарай тұрақты деңгейге дейін төмендеді. Қаржы жүйесіндегі теңгерімсіздік кредиттеу қарқынының төмендеуі және жылжымайтын мүлік нарығындағы бағаның баяулауы аясында жыл бойына төмендеді.



2023 жылы Қазақстанда инфляцияның 9,8%-ға дейін төмендеуімен қатар экономиканың 5,1%-ға айтарлықтай өсуі байқалды. Теңге бағамының құбылмалылығына сыртқы факторлардың әсері шектеулі болды.

Ұлттық Банк инфляция деңгейін төмендетуге бағытталған монетарлық саясатты ұстанды. Негізгі капиталға салынған инвестициялар номиналды өсуге қарамастан, экономика көлеміне қатысты төмен деңгейде қалып отыр.

2023 жылы қаржылық тұрақтылық индексі (ҚТИ) жоғары тәуекел аймағына салыстырмалы түрде жақын болды. жыл соңында 2022 жылмен салыстырғанда тұрақты деңгейге дейін төмендеді. Қаржылық тұрақтылық тәуекелдерінің төмендеуіне инфляция деңгейінің төмендеуі, үй шаруашылықтарының нақты кірістерінің қалпына келуі, қаржы нарықтарындағы құбылмалылықтың төмендеуі және экономиканың долларлану деңгейінің төмендеуі көбірек әсер етті.



1.1-график Қаржылық тұрақтылық индексі және оның құрамдас бөліктері



Дереккөзі: Ұлттық Банктің есептеулері

Ескертпе: ҚТИ алдыңғы нұсқамен салыстырғанда өзгертілді

Үй шаруашылықтарының нақты кірістерінің өсуі осы сектордағы тәуекелдердің төмендеуіне ықпал етті, алайда кредиттердің жеке тұлғалардың депозиттеріне қатынасының өсуіне байланысты тәуекелдер қалыпты болып қала береді. 2023 жылы мұнай бағасының 82.2 \$/bbl дейін төмендеуіне қарамастан, баға деңгейі сыртқы сектордың тәуекелдерін төмендету үшін қолайлы болып қала берді. 2023 жылы валюта нарығындағы инфляция мен құбылмалылық деңгейінің төмендеуі монетарлық сектор тәуекелдерінің төмендеуіне ықпал етті, алайда 2023 жылдың соңында инфляция деңгейі салыстырмалы түрде жоғары деңгейде сақталды, нәтижесінде монетарлық тәуекелдер қалыпты болып қала берді. Қаржы секторының тәуекелдері долларлану деңгейінің төмендеуінің жалғасуы, қаржы ұйымдарының пруденциялық нормативтерді сақтауы, сондай-ақ 2023 жылы қаржы нарықтарындағы құбылмалылықтың төмендеуі аясында төмен болып қалды. Корпоративтік сектордың тәуекелдері жоғары болып қала береді, бұған өнеркәсіптік өндірістің өсу қарқынының төмендеуі және кәсіпкерлік сенімділік индексінің төмендеуі әсер етті.

1.1-бокс Қаржылық осалдық индексі (ҚОИ)

Тұрақсыздықтың ерте белгілерін анықтау және алдағы дағдарыстарға неғұрлым тиімді дайын болу үшін ҚРҰБ қаржылық тұрақтылық жағдайына мониторинг жүргізу мақсатында жаңа индекстер әзірлеп жатыр. Ақша-кредит және салық-бюджет, макропруденциялық саясат дағдарыстарды жеңілдету немесе тіпті алдын алу үшін іске қосылуы мүмкін. Қаржылық осалдық индексі (ҚОИ) халықаралық үрдіске сай әзірленді. Оның негізгі мақсаты – қаржы жүйесінің шоктарға осал тұсын өлшеу арқылы орта және ұзақмерзімді болашақта ықтимал тәуекелдерді бағалау. Индекс активтер нарығындағы «ауытқулардан» және кредиттердің шамадан тыс жинақталуынан туындаған қаржылық теңгерімсіздіктерді, сол сияқты қаржы институттарының ішкі және сыртқы ортаның қолайсыз шоктарына орнықтылығын ескеру арқылы қаржы жүйесінің жалпы осалдығын бағалауға мүмкіндік береді. Ақпаратты-талдамалық құралдарға ҚОИ-ды қосу қаржылық тұрақтылық шарттарын жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді.

ҚОИ үш негізгі компонент: актив бағасынан, кредиттердің жинақталуынан және қаржы институттарының орнықтылығынан тұрады. Индекс активтер нарығындағы бағалауды, кредит нарығындағы борыш көлемін және қаржы мекемелерінің қаржылық жағдайын қоса алғанда, көптеген факторларды көрсетеді. Индекс үшін экономикалық белсенділіктің өзгеруіне тәуелді және экономикалық агенттердің көңіл-күйі мен күтулерін көрсететін көрсеткіштер таңдап алынды.

ҚОИ есептеу бірнеше кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде әртүрлі компоненттерді салыстырмалы шамаларға келтіру үшін параметрлерді стандарттау (Z-score) жүргізіледі. Екінші кезең – индексті біріктіру. Әрі қарай индекс мәндері 0-ден 100-ге дейінгі шкалаға түрлендіріледі.

ҚОИ экономикалық агенттердің тәуекелге және кредиттерді жинақтауға бейімділігі арқасында, сондай-ақ нақты және қаржылық активтер бағасының өсуі нәтижесінде артады. Сонымен қатар индекс қаржы институттарының әртүрлі шоктарға орнықтылығын есепке алады. Қаржылық тұрақтылықтың ағымдағы жай-күйін көрсететін ҚТИ-мен салыстырғанда, ҚОИ қаржы жүйесінің осалдық деңгейін бағалайды, нәтижесінде оның динамикасы қаржылық тұрақтылыққа және ҚТИ-ға теріс әсер етуі мүмкін теңгерімсіздіктердің жинақталуын көрсетеді.

Қаржы жүйесіндегі теңгерімсіздік деңгейін көрсететін қаржылық осалдық индексі 2023 жыл бойына төмендеді. ҚОИ динамикасына әсер еткен негізгі факторлар жеке және заңды тұлғалар үшін кредиттеудің өсу қарқынының төмендеуі, сондай-ақ нақты сектордағы, атап айтқанда тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығындағы бағалардың баяулауы болып табылады. Осылайша, 2023 жылы қаржылық және нақты активтер нарығының теріс үдеу факторларының төмендеуі байқалды.

Сонымен қатар ҚОИ-дың төмендеуіне банк секторындағы орнықтылық көрсеткіштерінің артуы және 2023 жылдың екінші жартысында үй шаруашылықтарының нақты табысының өсуі әсер етті. Үй шаруашылықтарының борыштық жүктемесі және қаржылық активтер бағасының өсуі сияқты көрсеткіштер салыстырмалы түрде қалыпты деңгейде қалды.

Жаһандық инфляциялық қысымның әлсіреуі азық-түлік бағасының оң динамикасына (астық пен ет бағасының төмендеуі, қант бағасының қалыпты өсуі), орталық банктердің ақша-кредит саясатын тежеуіне, сондай-ақ энергия тасымалы бағасының төмендеуіне байланысты болды. Сонымен қатар, дамыған елдерде орталық банктер мөлшерлемелерді өзгертпей сақтады. АҚШ ФРЖ мөлшерлемелердің жоғары деңгейіне ұзақ уақыт қолдау көрсетілетінін атап өтті. 2023 жылғы желтоқсанда Ресейде жылдық инфляция 7,5%-ды құрады.




1.2-график Қаржылық осалдық индексі




Дереккөзі: Ұлттық Банктің есептеулері

1.3-график Жаһандық инфляциялық қысымның төмендеуіне қарамастан, дамыған елдердің орталық банктері монетарлық саясатты ұстанды

Инфляция динамикасы, ж/ж, п.т.



Елдердің базалық пайыздық мөлшерлемелері, п.т.




Дереккөзі: FRED, ҚР СЖРА ҰСБ, АҚШ ФРЖ, ЕОБ, Ресей Банкі

ХВҚ-ның 2023 жылғы деректеріне сәйкес жаһандық экономиканың өсуі 2022 жылғы 3,5%-бен салыстырғанда 3,2% (ж/ж) деңгейіне жетіп, төмендеу үрдісі жалғасты (WEO, 2024Q1). 2024 жылы жаһандық экономиканың өсуі 3,2% (ж/ж) деңгейінде күтілуде. Жаһандық өсуді тежейтін факторлар әлемдегі геосаяси жағдайдың ықтимал нашарлауы, сондай-ақ дамыған экономикалардың өсуінің баяулауы болуы мүмкін.

1.4-график Экономиканың жаһандық өсімі төмендегеніне қарамастан Қазақстанда ЖІӨ-нің нақты өсімі, 5,1%-ға дейін артты

ЖІӨ-нің нақты өсуін бағалау және болжау, ж/ж, п.т.




Дереккөзі: IMF WEO (April 2024), ҚР СЖРА ҰСБ

2023 жылы Қазақстанның экономикалық өсу қарқыны жаһандық экономиканың өсімінен жоғары болды және 2022 жылғы 3.2%-бен салыстырғанда айтарлықтай өсіп, нақты мәнде 5.1%-ды құрады. ХВҚ деректеріне сәйкес 2024 жылы Қазақстан экономикасының қалыпты өсу қарқыны 4.0% деңгейінде сақталады деп күтілуде. Өсуді тежейтін факторлар 2023 жылы мұнай бағасының 17%-ға төмендеуі, сондай-ақ экономиканың жаһандық өсуінің баяулауы болды. Ең жоғары өсім «Құрылыс» (13.3%), «Көтерме және бөлшек сауда; автомобиль мен мотоцикл жөндеу» (11.3%), «Ақпарат және байланыс» (7.1%), «Көлік және қоймада сақтау» (7.1%), «Тұру және тамақтану қызметін көрсету» (6.5%) салаларында байқалды. Ауыл шаруашылығы секторы бойынша теріс динамика байқалды. 2023 жылы 7.7% төмендеді (2022 жылы 9.1%-ға өсті).

2022 жылмен салыстырғанда, мұнайдың әлемдік бағасы 2023 жылы төмендеді. Brent-тің орташа жылдық бағасы 2023 жылы 82.2 \$/bbl болды, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 17% төмен. 2022 жылы геосаяси шок пен логистикалық проблемалар жағдайында мұнайдың орташа жылдық бағасы 99 \$/bbl болды. 2022 жылғы наурызда жылдағы ең жоғары мән – 127.98 \$/bbl болды. 2022 жылы доллардың теңгеге шаққандағы бағамы 2023 жылға қарағанда айтарлықтай құбылмалы болды. 2022 жылы мұнайдың белгіленген бағасы мен экспорттан кейінгі кірістердің арақатынасы бірінші жартыжылдықта айқын көрінді. Мұнай экспортынан түскен түсімнің артуы бағамның одан әрі нығаюына әкелді. 2022 жылы долларды теңгеге шаққандағы бағамның ең жоғары мәні наурызда 512.19 теңге, ең төмен мәні маусымда – 414.67 теңге болды. 2023 жылы доллардың теңгеге шаққандағы бағамы айталықтай тұрақты болды, жылдық орташа мәні 456.28 теңгені құрады.

1.5-график 2023 жылы айырбастау бағамының динамикасы әлемдік мұнай бағасына аса тәуелді болған жоқ

Мұнай бағасы және USDKZT бағамы




Дереккөзі: Ұлттық Банк, Bloomberg




Қазақстанда инфляция деңгейі жыл басынан бері екі есе төмендеп, 2023 жылғы желтоқсанда 9,8%-ды құрады (2022 жылдың қорытындысы бойынша – 20,3%). Азық-түлік тауарларының бағасы бір жылда 8,5%-ға, азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 9,1%-ға және ақылы қызметтер – 12,4%-ға өсті. 2023 жылғы ақпаннан бастап жаһандық инфляциялық қысымның әлсіреуі, әлемдік азық-түлік бағасының орнықты төмендеуі, сондай-ақ жүргізіліп жатқан ақша-кредит саясатының арқасында инфляцияның барлық компоненттері баяулағаны байқалды.

1.6-график Қазақстандағы инфляция 2023 жылғы ақпанда жоғары шегіне жетіп, 2023 жыл бойы төмендеді

ТБИ динамикасы, п.т.



Инфляция компоненттерінің динамикасы, ж/ж



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Ескертпе: Базалық инфляция үшін жеміс-жидек пен көкөністі, коммуналдық (реттелетін) қызметтерді, теміржол көлігін, байланыс, бензин, дизель және көмірді қоспайтын базалық индекс алынды.

ҚРҰБ 2023 жылы қаржылық тұрақтылықты сақтауға және инфляцияны нысаналы бағдарға дейін төмендетуге бағытталған ақша-кредит саясатын жүзеге асыруды жалғастырды. Бұл ретте инфляцияны ұлғайтатын факторлар орнықты тұтынушылық сұраныс, мемлекеттік шығыстардың жалғасып жатқан жоғары деңгейі, ТКШ және ЖЖМ бағасының өсуі, сондай-ақ сақталып отырған жоғары инфляциялық күтулер болды.

Номиналды мәнде негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 15,1 трлн теңгеден 18 трлн теңгеге дейін өсті. Негізгі капиталға инвестициялардың өсу қарқыны ж/ж 13,7% құрады. Инвестицияларды қаржыландырудың басым көздері меншікті қаражат болып қала береді (жалпы көлемнің 73,6%). 2023 жылы негізгі капиталға инвестициялар үлесінің көп бөлігі дәстүрлі түрде шикізат секторына тиесілі болды. Сондықтан тау-кен өнеркәсібі мен карьер игеру – 26,3%-ды, өңдеу өнеркәсібі – 9,4%-ды құрайды. Бұдан әрі жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар – 17,9%, көлік және қоймада сақтау – 14% және ауыл, орман және балық шаруашылығы – 5,4%. Төмендеу үрдісі құрылыс және қаржылық және сақтандыру секторларында байқалды.

Жекелеген секторларда негізгі қорлардың салыстырмалы түрде едәуір тозғанын атап өткен жөн. Мәселен, жалпы шығын көлемінің 59,5%-ы – ғимараттарды салу және күрделі жөндеу жұмыстарына, жалпы көлемнің төрттен бірінен астамы – машина, жабдықтар мен көлік құралдарын сатып алуға тиесілі. 2014 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде «электр қуатымен, газбен, ыстық сумен жабдықтау» саласындағы негізгі құралдардың тозу дәрежесі 50%-дан¹ асады. 2023 жылдың қараша айында экономиканы жаңғырту және энергетика, көлік, өнеркәсіп саласындағы жобаларды іске асыру мақсатында БЖЗҚ қаражатынан 1,5 трлн теңге тарту жоспары жарияланды. Сонымен қатар 2024 жылы халықаралық қаржы институттарының қаражаты есебінен жаңа көмір ЖЭО салу және жаңа жол-көлік тораптарын салу жоспарланған.

¹ ҚРҰБ Ақша-кредит саясаты туралы баяндамасы, 2024 ақпан.

1.7-график Номиналды мәнде айтарлықтай өсуге қарамастан, негізгі капиталға инвестициялардың өсуі экономикалық өсу қарқынынан төмен

Негізгі капиталға инвестициялар, трлн теңге



Негізгі капиталға инвестициялар, ЖІӨ-ге қатысты %



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ. Ұлттық Банктің есептеулері

1.1 Үй шаруашылықтары

2023 жылы халықтың нақты табысы өсу тұрғысынан қалпына келгені байқалды. 2023 жылы 4-тоқсанда 3.7% құрады. Халықтың табысы нақты өскеніне қарамастан 2023 жылы инфляцияға қарап түзетуді ескергенде, үй шаруашылығында шығындардың аздап өскені байқалды. Бұл факт халықтың үнемдеуге бейімділігінің өсуін растайды. Бұл ҚРҰБ-тың халықты үнемдеуді ынталандыратын және инфляциялық қысымды төмендетуге бағытталған монетарлық саясатының салдары болып табылады.

2023 жыл бойы инфляциялық қысымның төмендеуіне байланысты халықтың нақты табысы қалпына келтірілді және 2023 жылғы 4-тоқсанда ж/ж 3.7% өсті. Кірістер құрылымында айтарлықтай өзгерістер байқалмады. Осылайша, жалдамалы жұмыстан түскен кірістің үлесі жыл бойы өзгерген жоқ, шамамен 65% деңгейінде қалды. Кірістер құрылымындағы әлеуметтік трансферттердің үлесі жыл соңына қарай 21% дейін төмендеуді жалғастырды. Бұл динамика пандемияның аяқталуына және іскерлік белсенділіктің қалпына келуіне байланысты пандемияға байланысты табысынан айрылған азаматтарға көмек көрсету аясында жәрдемақы төлеу көлемінің және басқа да қолдау шараларының азаюымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, жыл ішінде басқа кірістердің үлесі 1.1% артқаны байқалды.

2023 жылда номиналды ақшалай кіріс 19.6%-ға өсім көрсетті. Өткен жылғы сәйкес кезеңдермен салыстырғанда, бір жылда 21.7%-ға өскен өзін-өзі жұмыспен қамтудан түскен кірістер айтарлықтай өсім көрсетті. Бұл динамика кәсіпкерлік қызметтердің жанданғанын дәйектейді. Сонымен қатар, бұл санатқа жеке адамдардың ауылшаруашылық өнімдерін сатудан түскен кірістері кіреді, бұл еліміздің ауыл тұрғындарының экономикалық белсенділікке көбірек араласуын айғақтайды. 2023 жылғы 3 және 4-тоқсандарда өткен жылдың сәйкес кезеңдерімен салыстырғанда 20.6% және 17.8%-ға өскен «басқа кірістер» санатында жыл соңында да қарқыны өскені байқалды. Бұл санат туыстарынан материалдық көмекті де қамтиды, алайда басқа кірістердің өсуіне меншіктен, тұрғын үйді жалға беруден, банктердегі салымдар (депозиттер) бойынша пайыздарды ұлғайту үлкен үлес қосты. Алынған кірістерді декларациялау болмаған жағдайда, осы кірістер санатында байқалған ұлғаю көлеңкелі экономиканың өсуіне әкелуі мүмкін.

Халық табысындағы теңсіздік көрсеткішінің бірі – қорлардың коэффициенті. Бұл көрсеткіш халықтың әл-ауқаты мейлінше жоғары тобының 10% ақшалай табысы бойынша орташа көлемінің – әл-ауқаты мейлінше төмен тобының 10% табысына қатынасы ретінде қарастырылады. Жеткіліктілік коэффициенті тұрақты екені байқалады әрі 2014 және 2020 жылдардағы дағдарыс кезеңдерінен кейін айтарлықтай өзгерісті көрсетпейді. Көп жағдайда бұл көрсеткіштің мәні әлеуметтік теңсіздік деңгейінде айтарлықтай өзгерістің жоқ екенін көрсетеді.



1.8-график Халықтың нақты кіріс индексі 2023 жылы өсті

Үй шаруашылығындағы ақшалай кірістердің құрылымы



Үй шаруашылығы мен халықтың нақты кірісі



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

Ескертпе: «Басқа кірістер» санатына меншіктен, тұрғын үйді жалға беруден алынған кірістер, банктердегі салымдар (депозиттер) бойынша пайыздар, лотереялар бойынша ұтыстар, мұра және т.б. кіреді.

1.9-график Халықтың табысын саралау деңгейі артып келеді

Қорлардың коэффициенті және халықтың нақты кірістері



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Ескертпе: Қордың коэффициенті ең көп қамтылған халықтың 10% ақшалай табысының орташа көлемінің ең аз қамтылған халықтың 10% табысына қатынасы ретінде есептеледі

Үй шаруашылықтарының шығыстары түпкілікті пайдалану әдісімен ҚР ЖІӨ құрылымында 50%-дан астамын құрайды. Демек, үй шаруашылықтарының балансы жиынтық сұранысқа елеулі әсер етеді. 2023 жылы нақты тұтынудың өсу қарқыны өткен жылдармен салыстырғанда қалыпты болды. Бұл халықтың шығындарына айтарлықтай инфляциялық қысым жасалғанын көрсетеді.

2023 жылғы азық-түлікке жатпайтын шығыстардың үлесі өткен жылмен салыстырғанда 5.0%-ға төмендеді. Ал ақылы қызметтердің үлесі 3.5%-ға өсті. Салықтардың, төлемдердің және басқа төлемдердің үлесі 10.9%-ға өсті. Азық-түлік тауарларына жұмсалатын шығындардың үлесі алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда айтарлықтай өзгерген жоқ. Азық-түлік тауарларына тұрақты ішкі сұраныс пен ішкі сұранысты сипаттайтын салалардың өсуі кезінде ішкі шығарылымды, яғни ұсынысты сипаттайтын салалардың артта қалуы байқалады. Бұл жағдай болашақта инфляциялық қысымның алғышарттарын жасайды.

2023 жылы номиналды тұтыну шығындары 13,2%-ға өсті, бұл азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен ақылы қызметтерге жұмсалатын шығындардың өсуіне байланысты (1.10-график). Азық-түлікке жатпайтын шығындар 2022 жылмен салыстырғанда 8,1%-ға өсті. Ақылы қызметтерге жұмсалатын шығындар 1-тоқсанда ең үлкен өсімді көрсетті, 2022 жылғы тиісті тоқсанмен салыстырғанда 21,7%-ға өсті, ал жалпы алғанда бір жыл ішінде 17,8%-ға өсті. Көп жағдайда бұл динамика ТКШ реформаларына байланысты. Азық-түлік шығындарының номиналды өсімі 2023 жылы 14,3% құрады.

1.10-график Үй шаруашылықтарында ақшалай шығындардың өсу қарқыны баяулайды

Үй шаруашылығы шығындарының құрылымы



Үй шаруашылықтарының шығыстары, мың теңге



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

Децильдер бөлінісінде үй шаруашылықтарының балансын талдау халықтың басқа санаттарымен салыстырғанда табысы барынша төмен үй шаруашылықтары инфляция деңгейіне ең сезімтал екенін көрсетеді. Сонымен қатар, табысы төмен үй шаруашылықтары азық-түлік пен жанар-жағармай материалдарының жоғары бағасынан көбірек зардап шегеді. Азық-түлік шығыстарының тұтыну шығыстарына қатынасын қарастыру кезінде табысы ең аз үй шаруашылықтары үшін бұл көрсеткіш 63%-дан асады. Макроэкономикалық шоктар, одан әрі инфляциялық қысым мен кіріс шоктары осы үй шаруашылықтарының кредиттік қаражатқа қол жеткізу мүмкіндігіне де, алынған борыштарға қызмет көрсету мүмкіндігіне де айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін.

2023 жылы Ұлттық Банк бірінші жартыжылдықта базалық мөлшерлемені 16,75% деңгейінде сақтай отырып, тарылмалы ақша-кредит саясатын жүргізуге баса назар аударды. Келіп түскен статистика бұл шаралардың сұранысты тежеуге және халықтың ақша жинақтауға бейімділігін айтарлықтай арттыруға, инфляцияны тежеуге көмектескенін көрсетеді. 2023 жылы ресми деректерге сәйкес халықтың нақты табысының айтарлықтай қалпына келуіне қарамастан, инфляцияның түзетілуін ескере отырып, үй шаруашылықтары шығындарының төмен өсуі байқалды. Халықтың үнемдеуге бейімділігінің есептік көрсеткіші 2022 жылғы 9%-дан 2023 жылы 13%-ға дейін айтарлықтай өсті. Дегенмен, үй шаруашылығы шығындарының құрылымындағы азық-түлік шығындарының жоғары үлесін ескере отырып, халықтың үнемдеуге бейімділігінің айтарлықтай өсуі де халықтың болашақ кезеңдерге қатысты теріс үміттерін білдіруі мүмкін.



1.11-график Халықтың үнемдеуге бейімділігі артып келеді

Халықтың үнемдеуге бейімділігі және үй шаруашылықтарының борыштық жүктемесі



Тұтыну шығындарындағы үй шаруашылықтарының азық-түлік бойынша шығыс үлесі



Дереккөзі: Ұлттық Банктің есептеулері, ҚР СЖРА ҰСБ

Ескертпе: Табысы мейлінше төмен үй шаруашылықтары – Дециль 1 жататын үй шаруашылықтары.

Табысы мейлінше жоғары үй шаруашылықтары – Дециль 10 жататын үй шаруашылықтары.

Жинақтауға бейімділік (α) былай есептеледі: $\alpha = 1 - \beta / \gamma$, мұнда:

β – үй шаруашылықтарының тұтыну шығыстары,

γ – үй шаруашылықтарының қолда бар кірісі, яғни салықтарды, айыппұлдарды, міндетті төлемдерді және туыстарына материалдық көмекті шегергендегі кіріс

Халық арасындағы ресми жұмыссыздық деңгейі 5% – дан төмен деңгейде қалып отыр. Мәселен, 2023 жылдың соңына қарай бұл көрсеткіш 4,7%-ды құрап, соңғы 10 жылда ең төменгі мәндерге жетті. Экономикалық белсенділікке жұмыс күшін көбірек тарту халықтың әл-ауқатына да, экономиканың қалған бөлігінің ұзақмерзімді өнімділігі мен тұрақтылығына да жағымды әсер етеді. Бұл трендті сақтау көптеген осал қарыз алушылар үшін борышқа қызмет көрсетуге байланысты қиындықтарды азайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар, жанама жұмыссыздыққа назар аудару керек, ол 2023 жылғы 4-тоқсанда 7,4%-ға дейін төмендеді.

1.12-график Жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі байқалады




Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Ескертпе: Жанама жұмыссыздық деңгейіне жұмыссыз халық, экономикалық белсенді емес халықтың бір бөлігі, уақытша жұмыссыздардың бір бөлігі және мәжбүрлі толық емес жұмыс күні кіреді

1.2-бокс «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заң

2023 жылғы 3 наурыздан бастап Қазақстан Республикасында «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заң күшіне енді. Қарызы бар азаматтар 2023 жылғы наурыздан бастап банкроттыққа өтініш бере бастады. Заңда рәсімдердің 3 түрі – соттан тыс банкроттық, сот арқылы банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру қарастырылады. Барлық үш рәсімге борышкердің өзі ғана бастамашылық етеді, яғни борышкердің банкроттығына өтініш беруге кредиторда құқық жоқ.

2024 жылғы 12 ақпандағы жағдай бойынша банкроттыққа берілген және мақұлданған өтініштердің саны



12.02.24 жағдай бойынша Заңның қолданылу уақытында сотқа дейінгі банкроттық рәсіміне 83 977 адам өтініш берді, оның ішінде 65 918 адамның өтінішін қараудан бас тартылды, ал 9 511 адам² банкрот деп танылды, мақұлдау пайызы 11%-ды құрайды. Соттың банкроттық рәсіміне 1 808 адам өтініш берді, оның 91 адамы банкрот деп танылды, осылайша мақұлдау пайызы 5%-ды құрайды.

Банкроттыққа өтініш берушілерді өңірлерге бөлгенде Түркістан облысы (13,2%) басым, Алматы облысы (11,8), Алматы (8,3%) және Жамбыл облысы (7,8%). Жасы бойынша бөлу кезінде халықтың жастар жағының басым бөлігі 18–41 жас аралығындағы 58,1% үлесі бар, екінші орында 39,8% үлесі бар 42–65 жас санаты, ал 2,2% үлесін 66 жастан асқан зейнеткерлер санаты құрайды.

1.2 Ақша нарығы

2023 жылы ЕДБ клиенттерінің салымдарын долларландырудың төмендеуі, сондай-ақ теңгемен жоғары пайыздық мөлшерлеменің сақталуы аясында ЕДБ өтімділігі жоғары активтерді, оның ішінде валюталық позицияны нөлге жақын ұстап тұру үшін теңгемен сақтауды жөн көрді. Нәтижесінде 2023 жылы артық өтімділіктің өсуі байқалды. Бір жыл бойы өтімділікті алудың негізгі көлемі ноттар есебінен болды. Жыл соңында ҚРҰБ ҚРХБ МБҚ-ға және ҚРҰБ депозиттік аукциондарына сұранысты қайта бағыттау мақсатында ноттар шығаруды қысқартты. Нәтижесінде ноттардың шектеулі көлемі үшін қатысушылар арасында бәсекелестік артты және ноттарды бастапқы орналастыру нарығында мөлшерлемелерді төмендетті.

Жекелеген қатысушыларда өтімділікке деген қажеттіліктің өсуі байқалды, бұл қарыз қаражаты есебінен бағалы қағаздар портфелі бойынша позицияны қаржыландыру бойынша таңдалған стратегияға байланысты болды. Қарыз қаражаттарына қажеттіліктің артуы 2023 жылы репо нарығының айтарлықтай өсуіне және репо нарығы үлесінің біршама ұзақ мерзімде ұлғаюына әкелді. Осылайша, бір жыл бойы өтімділікті тарту бойынша жоғары шоғырлану сақталды.

2022 жылдың соңында жекелеген банктерде клиенттердің валюталық салымдары өсті. Валюталық позиция лимиттерін сақтау және теңгемен негізгі қызметті жүзеге асыру мақсатында бұл банктер

² Мақұлданған, бас тартылған және барлық өтінімдер арасындағы айырмашылық өңделмеген өтінімдердің болуына байланысты.




валюталық своптың нарығына белсенді қатысты, бұл 2023 жылы своптар нарығының біршама ұлғаюынан көрінді.

2023 жылы USD/KZT валюта жұбы бойынша TONIA мөлшерлемесі мен NDF мөлшерлемесі арасындағы спрэд нөлге жақын болды. Сонымен қатар, TONIA мөлшерлемесі мен тұтыну бағаларының индексі арасындағы теріс спрэд жылдың бірінші жартысында төмендеді. Мамырдың соңында спрэд оң нәтиже беріп, жыл соңына дейін кеңейе берді. Осылайша, теңгелік мөлшерлеме валюта бағамының өзгеруі бойынша күтулерді өтеді, ал жылдың екінші жартысында инфляцияны өтей бастады.

1.2.1 ҚРҰБ құралдары

2023 жылы Қазақстанның қаржы секторы өтімділік профициті жағдайында жұмысын жалғастырды, ал ҚРҰБ өтімділікті нетто-сатып алушы болып қалды. 2023 жылы ҚРҰБ алып қоятын артық өтімділік көлемі біршама өсті. 2023 жылдың соңында ҚРҰБ операциялары бойынша сальдо жыл соңына 4.4 трлн теңгені құрады (2022 жылдың соңына қарағанда 18%-ға жоғары).

1.13-график ҚРҰБ операциялары бойынша позиция, трлн теңге



Дереккөзі: ҚРҰБ


Жыл соңында ең көп көлем депозиттік аукциондарға тиесілі болды. Өтімділік алу бойынша операциялардың жалпы көлеміндегі депозиттік аукциондардың үлесі 51%-ды құрады. Жыл бойы артық өтімділікті зарарсыздандырудың негізгі құралы ҚРҰБ ноталары болды. Алайда, 2023 жылдың соңына қарай өтімділікті алу жөніндегі операциялардағы ноталардың үлесі айтарлықтай төмендеп, 25% құрады.

Жалпы алғанда, ҚРҰБ алатын өтімділіктің өтімділігі жоғары активтерден арақатынасы айтарлықтай өзгерген жоқ. Мәселен, 2023 жылдың басында ҚРҰБ операциялары бойынша сальдо мен ҚРҰБ-тағы ЕДБ корреспонденттік шоттарының өтімділігі жоғары активтерге арақатынасы шамамен 58%-ды құрады. Ал жыл соңында бұл көрсеткіш 54% болды. Бұл ретте теңгедегі өтімділігі жоғары активтер тұтастай өсті, бұл алынатын өтімділік деңгейінің ұлғайғанын көрсетеді. Көп дәрежеде теңгедегі өтімді активтердің ұлғаюы валютадағы өтімділігі жоғары активтердің төмендеуі есебінен болды. Бұл ЕДБ-да клиенттердің валюталық салымдарының қысқаруына және валюталық позицияны теңгерімдеу қажеттілігінің тиісінше төмендеуіне байланысты болды. Мәселен, 2023 жылдың соңына қарай теңгедегі өтімділігі жоғары активтер 2.4 трлн теңгеге (7.5-тен 10 трлн теңгеге дейін 33%-ға) өсті, ал шетел валютасындағы өтімділігі жоғары активтер 2 трлн теңгеге (8.8-ден 6.8 трлн теңгеге дейін 23%-ға) төмендеді.

Жалпы, 2023 жылы ноттар арқылы өтімділікті алу көлемі 2022 жылмен салыстырғанда айтарлықтай өсті. 2023 жылы ноттарға сұраныс жарияланған орналастыру көлемінен біршама асып түсті (1.15-график). 2023 жылы бір айлық нот аукционына сұраныстың орташа көлемі шамамен 1.4 трлн теңгені құрады. 2023 жылы ҚРҰБ ноттары бойынша орташа тәуліктік позиция шамамен 2.5 трлн теңгені құрады. ҚРҰБ қазаннан бастап нарық сұраған көлемдерді қанағаттандыруды тоқтатты, бұл жалпы айналыстағы ноттар көлемінің қысқаруына байланысты болды. Өткен жылдары ҚРҰБ нарыққа шығарылатын ноттардың көлемін біртіндеп қысқарту ниеті туралы хабар тарата бастады. 2020 жылы бір жылдық ноттар тоқтатылды. 2022 жылы 3 және 6 айлық ноттар тоқтатылды, сонымен қатар 28 күндік ноттардың шығарылу жиілігі қысқарды. 2024 жылдың басында ҚРҰБ айына екі шығарылымның орнына ноттар

шығару жиілігін қысқартуды жоспарлап отыр, ноттар айына бір рет шығарылатын болады, ал 2024 жылғы 1-тоқсанның соңына қарай айналыстағы ноттар көлемін 500 млрд теңгеге дейін төмендетуге ниетті.


1.14-график ҚРҰБ операциялары бойынша позицияның өтімділігі жоғары активтерге қатынасы



Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚРҰБ есептеулері

ҚРҰБ 2016 жылы артық өтімділікті алып тастау және тәуекелсіз кірістілік қисығының «қысқа» сегментін құру мақсатында ноттар шығара бастады. 2016 жылы нарықта репо нарығында кепіл ретінде пайдалануға болатын, сондай-ақ кірістілік қисығының қысқа мерзімді сегментіндегі мөлшерлемелерді анықтауға арналған қысқа мерзімді бағалы қағаздар болмады. Алайда, қазір қысқа мерзімді тәуекелсіз бағалы қағаздарға деген қажеттілікті Қаржы министрлігі қанағаттандырады, бұл ҚРҰБ-қа ноттар шығаруды қысқартуға мүмкіндік береді.

1.15-график ҚРҰБ ноттарына сұраныс, млрд теңге




Дереккөзі: ҚРҰБ

Ескертпе: Орналастырудың нақты көлемі нақты құны бойынша көрсетілген

ҚРҰБ инфляцияны төмендетуге бағытталған ақша-кредит саясатын іске асыруды жалғастырады, алайда біртіндеп өтімділікті алудың негізгі құралы депозиттік аукцион болады. ҚРҰБ үшін депозиттік аукциондар өтімділікті алудың таңдаулы құралы болып табылады, өйткені депозиттік аукциондар ноттармен салыстырғанда өтімділікті уақытша байланыстыру үшін тиімдірек. Ноттар өтімділікті тарту үшін кепіл ретінде пайдаланылуы мүмкін.



1.16-график ҚРҰБ депозиттік аукциондарына сұраныс, млрд теңге



Дереккөзі: ҚРҰБ.

Депозиттік аукциондарға сұраныс 2023 жылы қалыпты болды. Депозиттік аукциондар бойынша ҚРҰБ ұсынысы сұраныстан асып түсті, нарыққа қатысушылар өтімділікті ҚРҰБ ноттарына орналастыруды жөн көрді. Қазан айынан бастап ноттарды орналастыру көлемін шектеу нәтижесінде депозиттік аукциондарға сұраныс өсе бастады. 2023 жылы депозиттік аукциондар бойынша орташа тәуліктік позиция шамамен 1 трлн теңгені құрады.

1.2.2 Репо нарығы

Теңгелік репо нарығы 2023 жылы айтарлықтай өсті, осылайша жылдық көлемі 2022 жылғы 197,8 трлн теңгеден 2023 жылы 300,2 трлн теңгеге дейін 52%-ға ұлғайды. Репо нарығының біршама өсуі 2023 жылғы шілдеден бастап байқалды, шілдеде мәмілелер көлемі өткен аймен салыстырғанда 41%-ға өсті (маусымдағы 21,5 трлн теңгемен салыстырғанда 30,3 трлн теңгеге дейін) және 2023 жылдың соңына дейін айына шамамен 31 трлн теңге болды.

Соңғы жылдары репо нарығының өсуіне себеп болған негізгі драйверлердің бірі – МБҚ. Кейбір қатысушылар кейін пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуін және қаржыландыру құнының арзандауы мен МБҚ портфелінің оң қайта бағалануы салдарынан репо нарығында алынған қарыз қаражаты есебінен МБҚ бойынша позицияны қаржыландыру стратегиясын таңдайды.


Соңғы жылдары репо нарығының тұрақты өсуіне қарамастан, оның өсу әлеуеті таусылмағанын айта кеткен жөн. Мәселен, айналыстағы МБҚ көлемі репо нарығындағы мәмілелердің орташа тәуліктік көлемінен 16 есе асатынын³ және МБҚ кепілдің қолжетімділігі тұрғысынан ең көп пайдаланылатын кепіл болып табылатынын назарға ала отырып, репо нарығы өсуді жалғастыруы мүмкін.

Нарық көлемінің ұлғаюы негізінен бір қатысушының өтімділікке деген қажеттілігінің артуымен байланысты, бұл нарықтың шоғырлануына әсер етті.

2023 жылы репо нарығында қатысушыларды бөлуде біршама өзгеріс болды: ең ірі қатысушылар тарихи түрде екінші деңгейдегі банктер болды, бірақ 2023 жылы басқа заңды тұлғалар – брокерлердің клиенттері болды. Осылайша, өтімділікті тартудағы банктердің үлесі 2022 жылғы 45%-дан 2023 жылы 25%-ға дейін қысқарды. Бұл ретте басқа заңды тұлғалар – брокер клиенттерінің үлесі 2023 жылы 34%-ға дейін (2022 жылғы 31%-дан) ұлғайды. Кәсіби қатысушылардың үлесі де айтарлықтай өсті (2022 жылғы 8%-дан 2023 жылы 24%-ға дейін).

³ Репо нарығындағы мәмілелердің орташа тәуліктік көлемі 2023 жылы 1,2 трлн теңгені құрады, ал айналыстағы МБҚ орташа көлемі 2023 жылы 19,2 трлн теңгені құрады.

1.17-график Репо нарығының күнделікті көлемі, млрд теңгемен



Дереккөзі: ҚҚБ

1.18-график Репо нарығындағы өтімділікті сатып алушылар мен сатушылардың үлесі

Сатып алушылар



Сатушылар




Дереккөзі: ҚҚБ

Өтімділікті орналастыруда рөлдерді бөлудегі өзгерістер де байқалды. брокер клиенттері – басқа да заңды тұлғалар ең ірі қатысушы болды. Басқа да заңды тұлғалардың үлесі 42%-ды құрады. Өз кезегінде, 2023 жылы ЕДБ үлесі төмендеу үрдісін жалғастырды, бір жыл ішінде өтімділікті орналастырудағы ЕДБ үлесі 19%-ды құрады. Өтімділікті орналастырудың біршама көлемі әлі де даму банктеріне тиесілі болды, 2023 жылы даму банктерінің үлесі 23% болды.

Нарықтың шоғырлануы, әсіресе өтімділікті тарту жағында жоғары болып қала береді. Орташа алғанда, 2023 жылы өтімділікті тартудың ай сайынғы көлемінің шамамен 64%-ы екі ірі сатып алушыға тиесілі болды. Тарту жағында жоғары шоғырлану өтімділіктің біршама қажеттілігін көрсетеді, бұл тәуекелдердің негізгі көзі ретінде болуы мүмкін. Өтімділікті орналастыру жағында да жоғары шоғырлану байқалады, орташа есеппен ай сайын өтімділікті орналастырудың шамамен 41%-ы өтімділікті сатушылардың екеуіне тиесілі болды.



1.19-график Бір айдағы ең ірі қатысушылардың теңгелік репо нарығындағы қатысу үлесі, %-бен




Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

Ескертпе: Ірі қатысушылар әр кезең үшін бөлек анықталады. Шоғырлану бастапқы сатып алушы/сатушы (брокер) бойынша оның клиенттеріне бөлінбей анықталады.

Бір күндік репо нарығы мерзімділігі басқа репо операцияларымен салыстырғанда ең белсенді болып қала береді, мәмілелер көлемін есепке алғанда репо операцияларының 82%-ы бір күндік мерзіммен жасалды. Алайда, 2023 жылы 7 күндік репоның үлесі өсуін жалғастырды. 2023 жылы мәмілелердің 11%-ы жеті күндік мерзімге жасалды. 2022 жылы 7 күндік репоның үлесі 7%-ды құрады.


1.20-график Мерзімдер бөлінісінде репо нарығы операцияларының көлемі, трлн теңге



Дереккөзі: ҚҚБ

Сонымен қатар, мерзімі әр түрлі репо операцияларын салыстыру кезінде тек мәмілелердің көлемін салыстыру жеткіліксіз, олардың мерзімін ескеру қажет. 1.21-графикте мерзімі әр түрлі репо операцияларының таралуы көрсетілген, мұнда салмақ ретінде мерзім қолданылады. Мәселен, операциялар мерзімін есепке алғанда 2023 жылы өтімділіктің тек 33%-ы бір күндік репо көмегімен бөлінді, ал 2023 жылы 7 күндік репо үлесі 30%-ға дейін өсті. 14 және 30 күн тиісінше 17 және 18%-ды құрады.

1.21-график Мерзімдер бөлінісінде автоматты репо операцияларының мерзімділігі бойынша мөлшерленген үлесі, п.т.



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

2023 жылы қатысушылардың көпшілігі ОК-мен мәмілелер жасауды жөн көрді. 2023 жылы ОК-мен жасалатын мәмілелердің үлесі 98%-ды құрады. Қатысушылар ОК-мен, сол сияқты ОК-сыз да мәмілелер бойынша кепіл ретінде әлі де МБҚ-мен қоржынды қалайды. Мәселен, 2023 жылы ОК-мен режимде МБҚ мен МҚҰБ қоржындарымен жасалған мәмілелердің үлесі 94%-ды құрады. ОК-сыз режимде МБҚ-мен жасалатын мәмілелердің үлесі одан да жоғары және 2023 жылы 99.3%-ды құрады.

1.22-график Орталық контрагентпен және орталық контрагентсіз режимдерде пайдаланылатын репо қоржындар, %-бен

Орталық контрагентпен режимдерде қолданылатын репо қоржындары



Орталық контрагентсіз режимдерде қолданылатын репо қоржындары



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері


Ескертпе: *2020 жылғы тамыздан бастап деректер – сауда-саттық ASTS+ жүйесіне өткеннен кейін; МҚҰБ ОК-мен бірге төмендегілер эмитенті болып табылатын, теңгемен номинирленген, биржаның ресми тізіміндегі мынадай борыштық бағалы қағаздар пайдалануы мүмкін: 1) Қазақстан Республикасының Ұлттық компаниясы; 2) орналастырылған акциялардың жалпы санының 75 және одан да көп пайызы немесе төленген жарғылық капиталы мемлекетке, ұлттық холдингке не Ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйым; 3) орналастырылған акциялардың жалпы санының 75 және одан көп пайызы немесе төленген жарғылық капиталынан Ұлттық холдингтің еншілес ұйымына не Ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымына тиесілі ұйым.

1.2.3 Валюталық своп нарығы

2023 жылы своп нарығының айтарлықтай өскені байқалды. Мәселен, 2023 жылы нарықтағы мәмілелер көлемі USD/KZT валюталық жұбы бойынша валюталық своп 62.8 трлн теңгені құрады, бұл 2022 жылғы көлемнен (28 трлн теңге) 125%-ға жоғары. Осылайша, теңгемен көрсетілген кезде своп нарығының жылдық көлемі 2023 жылы 2014 жылдан бастап тарихи ең жоғары деңгейге жетті. Салыстырмалы көлемдер 2017 жылы ғана байқалды, содан кейін жылдық көлем шамамен 61,9 трлн теңгені құрады. Своптар нарығы өсуінің негізгі драйвері жекелеген қатысушылардың валютадағы депозиттерінің ұлғаюы және валюталық позицияны теңестірудің тиісті қажеттілігі болды.




1.23-график USDKZT Валюталық своп нарығының көлемі, млрд теңге



Дереккөзі: ҚҚБ

Валюталық своптар нарығындағы мәмілелердің негізгі көлемі бір және екі күн мерзімде жүзеге асырылады. 2023 жылы екі күндік мерзімі бар своп мәмілелерінің көлемі бір күндік своп мәмілелерінің көлемінен асып түсті. Мәселен, екі күндік валюталық своптар мәмілелерінің үлесі 59%-ды құрады, мәмілелердің 40%-ы бір күндік мерзіммен жасалды. Салыстыру үшін 2022 жылы мәмілелердің 78%-ы 1 күндік мерзіммен аяқталды, ал екі күндік своптардың үлесі тек 22% болды.


1.24-график Мерзімдер бөлінісіндегі USD/KZT валюталық своптар нарығының көлемі, трлн теңге



Дереккөзі: ҚҚБ

Мерзім бойынша саралау 2023 жылы 3 ай мерзімімен валюталық своп мәмілелерінің үлесі өскенін көрсетті. Мәселен, мерзім бойынша саралау кезінде своптар нарығындағы өтімділіктің шамамен 10%-ы 3 ай мерзімімен своптардың көмегімен бөлінді. Ұзақмерзімді своптарға сұраныстың артуы жекелеген қатысушылардың валюталық тәуекелді хеджирлеу қажеттілігінің артуына байланысты.


1.25-график Мерзімдер бөлінісінде USD/KZT валюталық своп операцияларының мерзім бойынша сараланған үлесі, п.т.



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

Валюталық позицияны теңгерімдеу қажеттілігіне байланысты жекелеген қатысушыларда валюталық своптар нарығында теңгені тарту жағында шоғырланудың ұлғаюы байқалды. 2023 жылы орташа алғанда айына ең көп көлемді тартатын екі қатысушы айлық мәмілелер көлемінің шамамен 80%-ын құрады. Қаңтарда тарту жағында бір айдағы ең ірі екі қатысушының үлесі мәмілелердің айлық көлемінің 97%-ын құрады.

1.26-график USDKZT валюталық своптар нарығының шоғырлануы




Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

1.27-графикада 2023 жылы валюталық своптар нарығындағы теңгелік өтімділікті ірі сатып алушылардың АҚШ доллары бойынша валюталық позициясы көрсетілген. 2022 жылдың үшінші тоқсанында жеке ЕДБ-да клиент депозиттерінің өсуі есебінен АҚШ долларымен міндеттемелері көтеріле бастады. Жекелеген банктердегі валюталық салымдардың ұлғаюы банктер валюталық своп жасай отырып, баланстан тыс позиция арқылы жабатын баланстық позицияның пайда болуына әкелді.



1.27-график ЕДБ-нің АҚШ доллары бойынша валюталық позициясы




Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚРҰБ есептеулері

2023 жылы валюталық своп нарығындағы негізгі қатысушылар ЕДБ болып қала берді, басқа қатысушылардың үлесі айтарлықтай төмендеді. ҚРҰБ-тың қатысуы теңгелік өтімділікті беру жағынан да, алу жағынан да барынша төмен болды. Өтімділікті тарту жағында кәсіби қатысушылардың үлесі 2022 жылы 12,8%-бен салыстырғанда 2023 жылы 6,4%-ға дейін қысқарды. 2022 жылы өтімділікті белсенді орналастырған даму банктерінің қатысуы айтарлықтай болған жоқ және бір аймен шектелді.


1.28-график

Валюталық своп нарығында теңгені сатып алу



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

Валюталық своп нарығында теңгені сату




1.2.4 Пайыздық мөлшерлемелер

2023 жылғы бірінші жартыжылдықта ҚРҰБ базалық мөлшерлемені 16,75% деңгейінде сақтау туралы бес рет шешім қабылдады. Инфляциялық процестердің баяулауы аясында 2023 жылғы ҚРҰБ тамыздан бастап базалық мөлшерлемені біртіндеп төмендете бастады (тамыз – 16,5%, қазан – 16%, қараша – 15,75%). Ақша-кредит саясатының операциялық эталоны – TONIA индикаторы 2023 жылы базалық мөлшерлеменің пайыздық дәлізінде болды. 2023 жылғы желтоқсанда TONIA артық өтімділік деңгейінің

ұлғаюына, сондай-ақ АКС-ны іске асыру құралдарына өзгеріс енгізуге және ноттар шығару көлемінің қысқаруына байланысты пайыздық дәліздің төменгі шегіне бірнеше рет жақындады.


1.29-график Репо нарығындағы пайыздық мөлшерлемелер



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ

1 күндік және 7 күндік репо нарығы әлі де мөлшерлемелердің жоғары корреляциясын сақтайды. Бұл ретте 1 күндік репо мөлшерлемелері айтарлықтай құбылмалы болды. TWINA мен TONIA-ның 2023 жылғы орташа таралуы 0,15 п.т. болды. 2023 жылғы желтоқсанда TONIA сияқты TWINA да дәліздің төменгі шегіне түсті.

1.30-график Репо нарығындағы пайыздық мөлшерлемелер




Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ

2023 жылы теңгемен базальдық мөлшерлеме мен АҚШ долларымен ФРЖ мөлшерлемесі арасындағы спрэдтің біршама кеңеюіне байланысты своп дәлізінің шегі базальдық мөлшерлеме дәлізінің шегінен әлдеқайда асады. Нәтижесінде, ҚРҰБ-ның своп нарығына қатысуы барынша көмен болып табылады, өйткені нарықтық контрәріптестермен мәмілелер жасасудың баламасы болған жағдайда ҚРҰБ-пен мәміле жасау өте тиімсіз. Мәселен, 2023 жылы тенгелік өтімділікті алу тарапынан ҚРҰБ қатысу үлесі 0,4%, ал тенгелік өтімділікті беру тарапынан 0,2% құрады. Осылайша, валюталық своп нарығындағы мөлшерлемелер нарыққа қатысушылар үшін теңгедегі және шетел валютасындағы өтімділік құнын көрсетеді.

2023 жылы репо мөлшерлемелері мен своп мөлшерлемелері арасындағы спрэдтің айтарлықтай кеңеюі байқалды. Своп нарығындағы мөлшерлемелер 2023 жылғы тамызда біршама төмендей бастады, своп мөлшерлемелері мен TONIA индикаторы арасындағы теріс спрэд кейбір күндері 5 п.т.-дан асып кетті. Своп мөлшерлемелері мен TONIA индикаторы арасындағы спрэд жылдың соңына дейін жоғары болып қалды. 1 күндік своп мөлшерлемесі мен TONIA мөлшерлемесі арасындағы орташа спрэд -2,2 п.т. ал 2 күндік своп және TONIA мөлшерлемесі арасында 1,83 п.т. болды.



1.31-график Валюталық своп нарығындағы пайыздық мөлшерлемелер



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ

2023 жылы ноттар аукциондары бойынша мөлшерлемелер, алдыңғы жылдардағыдай, 2023 жылғы қазан айына дейін базалық мөлшерлемеге жуық қалыптасты. Осы кезеңдегі нот аукциондары мен базалық мөлшерлеме арасындағы спрэд -0.01 п.т. құрады. 2023 жылдың соңғы айларында орналастырылған нот көлемінің қысқаруы ЕДБ арасындағы бәсекелестікті арттырды, нәтижесінде 2023 жылғы қазаннан бастап теріс спрэд әр аукцион сайын кеңейе бастады. Желтоқсандағы соңғы аукционда ноттар базалық мөлшерлеменің төменгі шегінен төмен орналастырылды.

1.32-график Ашық нарық операциялары бойынша мөлшерлемелер

Нот аукциондары бойынша мөлшерлемелер



Дереккөзі: ҚРҰБ

Депозиттік аукциондар бойынша мөлшерлемелер



2023 жылы депозиттік аукциондарды түпкілікті мөлшерлемесі әлі де базалық мөлшерлемеге тең болды. 2020 жылғы шілдеде ҚРҰБ базалық мөлшерлеме бойынша депозиттік аукциондарды орналастыра бастағанын естеріңізге саламыз.

2023 жылы TONIA мөлшерлемесі мен USD/KZT валюта жұбы бойынша NDF мөлшерлемелері арасындағы спрэд нөлге жақын болды, бұл төрелік ету мүмкіндігін жоққа шығарды және теңгені төмендетуге арналған стратегияларды пайдасыз етті. TONIA мөлшерлемесі мен USD/KZT валюта жұбы бойынша NDF мөлшерлемесі арасындағы нөлге жақын спрэд теңгемен пайыздық мөлшерлеме валюта бағамының өзгеруі бойынша күтулерді өтейтінін көрсетеді.

2023 жылы инфляцияның біртіндеп төмендеуіне және жоғары базалық мөлшерлеменің сақталуына байланысты TONIA мөлшерлемесі мен тұтыну бағаларының индексі арасындағы теріс спрэд жылдың бірінші жартысында төмендеді. Мамырдың соңында спрэд оң болып, жыл соңына дейін кеңейе берді. Осылайша, TONIA мөлшерлемесі мен тұтыну бағаларының индексі арасындағы оң спрэд жылдың екінші жартысында теңгемен пайыздық мөлшерлеме инфляцияны өтей бастағанын көрсетті.

1.33-график USD/KZT валюта жұбы бойынша TONIA мөлшерлемесі мен NDF мөлшерлемесі және тұтыну бағаларының индексі арасындағы спрэд

TONIA мөлшерлемесі мен USD/KZT валюта жұбы бойынша NDF мөлшерлемесі арасындағы спрэд, п.т.



TONIA мөлшерлемесі мен тұтыну бағаларының индексі арасындағы спрэд, п.т.



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

Ескертпе: TONIA мөлшерлемесі мен тұтыну бағаларының индексі арасындағы спрэдті есептеу кезінде бір айдағы орташа өлшенген TONIA пайдаланылды.

1.3 Валюта нарығы

2023 жылдың соңында теңге-доллардың ресми айырбастау бағамы бір жылда 8 теңгеге немесе 1,7%-ға нығайып, 454,69 теңге/доллар болды. Ресми айырбастау бағамының ең жоғарғы мәні 482,24 теңге/доллар, ең төменгі мәні – 431,06 теңге/доллар болды. Бағамның жыл соңына қарай нығайуына қарамастан, III тоқсанда дамушы нарықтардың валюталарына қарсы АҚШ долларының жаһандық индексінің нығайуы және шетел валютасына импорттаушылар сұранысының артуы аясында бағам әлсіреді. Еркін өзгермелі айырбастау бағамы аясында ұлттық валютаның айырбастау бағамы нарыққа қатысушылардың консенсусын, сондай-ақ олардың макрошоқтар әсеріне қатысты күтуін көрсетеді. 2023 жыл – алдыңғы кезеңдердегі бірқатар сыртқы және ішкі шоқтардан кейін тұрақтандыру кезеңі болды. Бұл Ұлттық Банк (ҚРҰБ) тарапынан валюталық интервенсиялар жасауды талап еткен жоқ.

2023 жылы Қазақстан қор биржасындағы (ҚҚБ) орташа күндік көлем 151 млн АҚШ долларын құрады, ал ең жоғарғы мән 290 млн АҚШ долларынан асады. ҚҚБ-дағы сауда-саттық көлемінің толық өсуі өңірдегі биржаның басым болуы себебінен сауда-саттыққа қатысушылар санының өсуіне ішінара байланысты. 2022–2023 жылдар аралығындағы кезеңде биржалық спот-нарықта USD/KZT, RUB/KZT, EUR/KZT және CNY/KZT валюталық жұп үлестерінің арақатынасы АҚШ долларының толық басым болуымен сақталады.

2021–2023 жылдар аралығында биржадан тыс нарықта барлық валюта бойынша көлемнің 13 466 млрд теңгеден 52 794 млрд теңгеге дейін 4 еседен аса өскені байқалады. 2022 жылы RUB/KZT жұбы бойынша көлем 1,350 млрд теңге болып, ең үлкен көлемді құрады. 2023 жылы жоғарыда аталған жұп бойынша көлем 4 еседен аса төмендеп, 2021 жылдан бастап USD/KZT жұбы көлемінің өскені байқалады.

1.3.1 Ұлттық валютадағы айырбастау бағамының динамикасы және валюта нарығы

2023 жылы, атап айтқанда, екінші жартыжылдықта АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамының 8 теңгеге немесе 1,7%-ға (желт/желт) (1.34а-график) нығайғаны белгіленді. Наурыз-сәуір айларындағы жекелеген кезеңде бір ай ішінде валюта 5 теңгеге қымбаттап, бағамның айқын құбылмалылығы байқалды. Бағамның жыл соңына қарай нығайуына қарамастан, III тоқсанда дамушы нарықтардың валюталарына қарсы АҚШ долларының жаһандық индексінің нығайуы және импорттаушылардың




шетел валютасына сұранысының артуы аясында бағам әлсіреді. Дәл осы кезеңде бір жылда 1 АҚШ доллары үшін ең жоғары мән – 482,24 теңгеге қол жеткізілді. Бір жыл ішінде мұнай бағасының ауытқуына және 2023 жылы 10%-ға нығайуына қарамастан, USD/KZT бағамының динамикасының құбылмалылығы төмен болды (1.35-график). 2023 жылы ҚРҰБ валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.

2021–2023 жылдардағы үш жылдық кезеңді талдау кезінде 2022 жыл барынша құбылмалы кезеңге жатады (1.34а-график). 2021 жыл 10,9 теңгеге немесе ж/ж 2,6%-ға толық нығайған ұлттық валюта бағамының салыстырмалы түрде тұрақты динамикасымен сипатталады. Бағамның әлсіреуі 2021 жылғы III тоқсанда орын алды, бұл ҚРҰБ-тың қараша-желтоқсан айларында тиісінше 239 млн АҚШ доллары және және 252 млн АҚШ доллары⁴ мөлшерінде валюталық интервенциялар жүргізуіне алып келді.


USD/KZT айырбастау бағамының динамикасын бағалау кезінде, жыл бойы ең үлкен құбылмалылық 2022 жылы, әсіресе ақпан-сәуір айларындағы кезеңде байқалды (1.34b-график). Доллардың теңгеге шаққандағы айырбастау бағамының жоғары құбылмалылығы сыртқы геосаяси шоктарға және мұнай бағасын белгілеудің төмендеуіне байланысты.

1.34-график 2022 жылы Ұлттық валютаның АҚШ долларына шаққандағы (USD/KZT) бағамының ең құбылмалы кезеңі негізінен сыртқы шоктарға байланысты болды

а) 2021–2023 жж. USD/KZT ұлттық валюта бағамы



б) 2021–2023 ж. USD/KZT бағамының динамикасы



Дереккөзі: ҚРҰБ есептеулері

Ескертпе: %, 30 күн ішінде орташа өзгермелі

2022 жылғы қаңтар оқиғасы және 2022 жылғы ақпанда басталған геосаяси қақтығыстың шиеленісуі 2022 жылы Қазақстанның валюта нарығына әсер еткен негізгі шоктар болды. ҚРҰБ 2022 жылғы бірінші жартыжылдықта интервенциялар жүргізді. 2022 жылы нетто-интервенциялар көлемі 1,4 млрд АҚШ долларын құрады.


Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан валютаны сату республикалық бюджетке трансферттер тарту шеңберінде жүргізілді, кепіл берілген және нысаналы трансферттер жиынтығы 2023 жылы 4 трлн теңге болды. Ұлттық қордан конвертациялау көлемі жалпы алғанда 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы 2 еседен артық ұлғайды (1.36-график). Конвертациялаудың жалпы көлемі 2023 жылы – 9,5 млрд АҚШ долларын, 2022 жылы – 4,3 млрд АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордың ҚМГ акцияларын 1,3 трлн теңгеге сатып алуы аясында 2023 жылғы 4-тоқсанда валютаны сату көлемі едәуір ұлғайды. 2023 жылы Ұлттық қордың сауда-саттықтың жалпы көлеміндегі валютаны сату үлесі 26% (2022 жылы – 14%) болды. 2023 жылы ҚББ-дағы USD/KZT сауда-саттығының жалпы көлемі 2022 жылғы 29,7 млрд АҚШ долларымен салыстырғанда 37 млрд АҚШ долларын құрады, яғни 24,7%-ға ұлғайды. 2023 жылғы қыркүйек-қараша айларында бюджетке трансферттерді конвертациялауға байланысты көлемінің

⁴ <https://nationalbank.kz/ru/news/foreign-exchange-market-interventions/rubrics/2208>.

айтарлықтай өскені байқалды. 2023 жылдың жоғарыда аталған кезеңінде Ұлттық қордан сату көлемі 2022 жылдың ұқсас кезеңінен 7 еседен астам асып түсті.

1.35-график 2022 жылғы бірінші жартыжылдықта ұлттық валютаның АҚШ доллары мен Ресей рубліне шаққандағы бағамы мен мұнай бағасы ұқсас үрдіске ие болды, одан кейін корреляция байқалмады


2022–2023 жж. USDKZT, RUBKZT және \$/bbl құбылмалылығы



Дереккөзі: Bloomberg, ҚРҰБ есептеулері

Ескертпе: Құбылмалылық – 30 күн ішінде стандартты ауытқудың натурал логарифмі

1.36-график Ұлттық қордан валютаны сату көлемі, млн АҚШ доллары




Дереккөзі: ҚРҰБ сайты

1.3.2 USD/KZT биржа нарығы

2023 жылы орташа күндік көлем 151 миллион АҚШ долларын құрады. 2023 жылғы 3 мамырда ең жоғары мән 290 миллион АҚШ долларынан асады. Салыстыру үшін, 2022 жылы орташа күндік көлем 122 миллион доллар болып, ең жоғары мән 250 миллион доллардан асты. ҚҚБ-дағы сауда-саттық көлемінің толық өсуі өңірдегі биржаның басым болуы себебінен сауда-саттыққа қатысушылар санының өсуіне ішінара байланысты (1.37-график).




1.37-график ҚҚБ сауда-саттыққа белсенді қатысушылар саны және биржалық спот-нарықтағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: ҚҚБ

ҚҚБ-дағы сауда-саттыққа қатысушылар арасында екінші деңгейлі банктер негізгі қатысушылар болып қалады. ЕДБ 2023 жылы валютаны нетто-сатып алушылар болды, олар бұл үрдісті 2022 жылдан бері сақтап келеді. 2023 жылы сауда-саттық көлемінің өсуімен қатар ЕДБ-дан бөлек басқа қатысушылардың үлесі де артты. Басқа қатысушылардың валютаны сатудағы үлесі 2022 жылы және сол сияқты 2023 жылы валютаны сатып алу үлесінен асып түседі (1.38-график).

1.38-график USD/KZT сауда-саттық көлемі, млрд теңге және USD/KZT орташа өлшемді бағамы (+)сату/(-)сатып алу




Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

1.3.3 Ашық валюталық позиция

2022 жылғы 1-тоқсан – 2024 жылғы 1-тоқсан аралығындағы кезеңдегі баланстық ашық валюталық позицияны (АВП) талдау талаптардың міндеттемелерден басым болып келетінін көрсетеді, дегенмен алшақтық қысқаруда (1.39-график). Есепті кезеңдегі баланстық АВП көрсеткіштерінің абсолютті мәндері АҚШ доллары бойынша көбінесе қысқа позицияны дәлелдейді. Жалпы, ұзаққа созылған баланстық қысқа АВП кейбір валюталық тәуекелдердің бар екенін көрсетуі мүмкін. Шетел валютасы бағамының нығаюы кезінде осы валютада номинирленген міндеттемелерді қайта бағалау

міндеттемелердің ұлғаюына алып келеді. Баланстық және баланстан тыс бөліктердің өзгеруі бөлінісінде 2023 жылғы 1-тоқсанда мейлінше үлкен алшақтық байқалады.

1.39-график АҚШ доллары үшін екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталына валюталық позиция, %




Дереккөзі: ҚРҰБ есептеулері

АВП-ның баланстан тыс бөлігі есебінен қысқа баланстық АВП-ны хеджирлеу валюталық тәуекелдердің іске асырылуын теңестіреді. Талданатын кезеңде кейбір банктер үшін геосаяси тұрақсыздық пен валюталық ауытқулар салдарынан жекелеген кезеңдерді қоспағанда, банктер бөлінісінде валюталық позиция лимиттері бұзылған жоқ.

2023 жылы АҚШ доллары бойынша нетто-сатудың айлық көлемінің үлесі айына биржалық сауда-саттықтың жалпы көлемінің кемінде 79%-ын құрады (1.40-график). Валюталар бөлінісіндегі нетто-операциялардың жалпы көлемі: АҚШ доллары – 1783 млрд теңге, еуро – 215 млрд теңге, рубль – 4 млрд теңге. 2022 жылы жоғарыда аталған валюталар бойынша төмендеу байқалды. Рубль-теңге валюталық жұптың қатты, тіпті 100%-ға жуық құлдырағаны белгіленді, бұл өңірдегі геосаяси күтпеген өзгерістер салдарынан Қазақстанға қолма-қол рубльді әкелудің ұзаққа созылуынан, өткен жылы осы валюталық жұпты сату көлемінің артуына байланысты болды.

1.40-график Айырбастау пункттерінің шетел валютасын сатып алу(-)/сату(+) неттосы




Дереккөзі: ҚРҰБ есептеулері

USD/KZT валюталық жұбымен сауда-саттықтың биржалық спот-нарығы нашар әртараптандырылған (1.41-график). Мәмілелер көлеміндегі басым үлесті сатып алушылар тарапынан да, сатушылар тарапынан



да нарықтың үздік 5 қатысушысы алады. Шетел валютасына сұраныс пен ұсыныс сәйкес келіп, жыл бойы көлемі салыстырмалы түрде біркелкі бөлінді.

1.41-график USD/KZT валюталық жұбымен сауда-саттық нарығына қатысушылардың шоғырлануы, (+) сату/(-) сатып алу



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

2022–2023 жылдар аралығындағы кезеңде биржалық спот-нарықта USD/KZT, RUB/KZT, EUR/KZT және CNY/KZT валюталық жұптары үлесінің арақатынасы АҚШ долларының толық басым болуымен сақталады (1.42-график). 2023 жылы АҚШ долларының үлесі 6%-ға өсті, ал басқа валюталардың үлесі төмендеді. 2022 жылы рубль мен юаньның елеулі үлесі геосаяси қақтығысқа, одан кейінгі Ресей Федерациясына қатысты санкцияларға және нарықтың тартымдылығына байланысты. 2023 жылы жағдайдың тұрақталуы мен нарыққа қатысушылардың бейімделуі жоғарыда аталған валюталар үлесінің төмендеуіне алып келді.


1.42-график 2022 және 2023 жылдардағы биржалық валюта нарығындағы сауда-саттық көлеміндегі валюталардың үлесі



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

Валюталық жұптар бөлінісінде биржа нарығында 2022–2023 жылдардағы айлар бойынша динамикада USD/KZT валюталық жұбының басымдығы сақталуда. RUB/KZT және CNY/KZT жұптарында елеулі динамика байқалды. RUB/KZT жұбының үлесі 2022 жылғы орташа айлық көрсеткіштен – 11,8%-дан 2023 жылы 9%-ға дейін төмендеді. 2022 жылы сәуір мен қыркүйек айларында RUB/KZT үлесі мәндерінің ең жоғары шегі байқалды. Бұл РФ-дағы геосаяси жағдайға байланысты болды (1.43-график). 2023 жылы RUB/KZT үлесінің динамикасы желтоқсанда 17% ең жоғары мәнімен бірқалыпты болды (1.43-график). CNY/KZT жұбында үлестің төмен мәндері сақталуда, бірақ 2022 жылы маусым-шілде айлары тиісінше 4% және 8% үлестерімен байқалды.

1.43-график 2022–2023 жылдардағы биржалық валюта нарығы, %



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

1.3.4 Алтын-валюта резервтері

2023 жылы ҚРҰБ ЕАВ-дағы активтер 12.8%-ға өсіп, жыл соңында 16.5 млрд АҚШ долларын құрады (1.44-график). 2023 жылы жалпы халықаралық резервтердегі алтынның үлесі 4%-ға төмендеді, осылайша алтын-валюта резервтерінде (АВР) ЕАВ-дегі активтердің үлесі 42%-дан 46%-ға дейін ұлғайды. Резервтердің өтімділігін арттыру шеңберінде сыртқы нарықта алтынды сатуға байланысты АВР-дағы алтын үлесінің (58%-дан 54%-ға дейін) төмендеуі портфельді әртараптандыруды арттырды (1.44-график).

1.44-график

ҚРҰБ алтын-валюта резервтері, млрд АҚШ доллары



Дереккөзі: ҚРҰБ есептеулері

Алтын қорлары және оны қайта бағалау






1.3.5 Биржадан тыс спот-нарық

2021–2023 жыл аралығындағы кезеңде биржадан тыс нарықта барлық валюта бойынша көлемнің 13 466 млрд теңгеден 52 794 млрд теңгеге дейін 4 еседен астам өскені байқалады (1.45-график). Биржалық және биржадан тыс нарықтарда елге рубльдің әкелінуіне алып келген геосаяси шоктарға байланысты биржадан тыс нарықтағы валюталық жұптардың арақатынасы қатты өзгерді. RUB/KZT жұбы бойынша көлем 2022 жылы 1 350 млрд теңге болып, ең үлкен көлемді құрады.

1.45-график Биржадан тыс нарықтағы сауда-саттық көлемі, млрд теңге




Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

Банктердің хеджирлеу қызметі оншорлық валюта нарықтарына да, оффшорлық валюта нарықтарына да әсер етеді. Мәселен, теңгенің долларға қатысты айырбастау бағамы 2023 жылғы қазан айының ортасынан бастап біршама нығайып, жалпы алғанда тұрақты динамикасын сақтады. Бұл бейрезиденттердің сатып алу көлемінің жоғары болуымен қатар келіп, күніне орта есеппен 30 млн АҚШ долларын құрады (1.46-график).

Ескертпе: Жеткізілмейтін форвардтық келісімшарт биржадан тыс құрал болып табылады. Оның аясында екі контрагент болашақта валюта бағамдары арасындағы айырманы ұсыну туралы уағдаласады. Мұндай схемада есеп айырысу тәуекелі уағдаласу күні мен валютаны жеткізу күні арасындағы кезеңде туындауы мүмкін бағамдық айырма тәуекелінің мөлшеріне дейін барынша азайтылады. Көрсетілген айырмашылық АҚШ долларымен есептеледі және төленеді. Екінші (негізгі) валюта ретіндегі есеп айырысу форвардтарының көпшілігіне АҚШ доллары кіреді. 1 айдан 1 жылға дейінгі мерзімі бар келісімшарттар жиі қолданылады.

1.46-график 2023 жылғы биржадан тыс нарықтағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: Bloomberg

Ескертпе: 3 айдағы NDF мөлшерлемелері қолданылды

1.4 Фискалдық саясат

2023 жылы мемлекеттік және республикалық бюджет түсімдері жоспарлы мәндерден едәуір төмен қалыптасты, бұл бюджет тапшылығының кеңеюіне және ҚМГ акцияларын сатып алу және кейіннен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның дивидендтерін республикалық бюджетке төлеу арқылы ҚР ҰҚ валюталық активтерін қосымша алуға әкелді.

2023 жылы бюджеттік қағидалардың ендірілуімен және олардың ішінара сақталуымен республикалық бюджет түсімдеріндегі ҚР ҰҚ трансферттерінің үлесі едәуір төмендеді. Дегенмен, бюджет шығыстарының өсу қарқыны орнықты емес күйінде қалып отыр. Бұл ҚР ҰҚ-дан қосымша қаражат тарту қажеттілігіне алып келді. Бюджеттік қағидаларды одан әрі сақтау мемлекеттік қаржының теңгерімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті шарт болып табылады.


Мұнайға әлемдік бағаның төмендеуі аясында ҚР ҰҚ-ға түсімдер төмендеді. Алайда ҚР ҰҚ-ға таза түсімдер оң қалпында қалды. Ал ҚР ҰҚ валюталық активтерінің инвестициялық кірістілігі 11,4%-ды құрады. Бұл 2023 жылдың қорытындысы бойынша валюталық активтердің өсуіне ықпал етті.

Үкіметтің таза қаржы активтері 2023 жылы номиналды түрде өсті, алайда ЖІӨ-ге қатысты төмендеді, бұл фискалдық кеңістікті тарылтады және ұзақмерзімді перспективада орнықтылықты әлеуетті төмендетеді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша республикалық бюджет тапшылығы 3,1 трлн теңге немесе ЖІӨ-ге қатысты 2,6% номиналды көлемде 2022 жылмен салыстырғанда 30,5%-ға ұлғайды. 2023 жылы республикалық бюджеттің мұнайға жатпайтын тапшылығы ЖІӨ-ге қатысты 2022 жылмен салыстырғанда 1,2%-ға төмендеп, ЖІӨ-ге қатысты 8,8 трлн теңгені немесе 7,4%-ды құрады.

1.47-график Мұнайға жатпайтын тапшылық төмендеді, алайда ҚМГ акцияларын сатып алуды ескергенде жоғары деңгейі сақталуда

Республикалық бюджет тапшылығы ЖІӨ-ге қатысты %-бен



Дереккөзі: ҚР Қаржымині, ҚР ҰСБ, Дүниежүзілік Банк, Ұлттық Банктің есептеулері

Ескертпе: *РБ-ның шоғырландырылған тапшылығы ресми тапшылық ретінде ҚР ҰҚ-дан трансферттерді алып тастағанда және ҚР ҰҚ-ға мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдер ретінде есептелді.

Алайда мұнайға жатпайтын тапшылықты төмендетуге 1,3 трлн теңге сомасына ҚМГ акцияларын ҚР ҰҚ-ға сату арқылы дивидендтер төлеу түрінде республикалық бюджеттің салықтық емес түсімдері айтарлықтай әсер еткенін ескеру қажет. Бұл ЖІӨ-ге қатысты шамамен 1%-ды құрайды. Осылайша, егер ҚМГ акцияларын сатуды ескерсек, 2023 жылы бюджеттің мұнайға жатпайтын тапшылығы 10 трлн теңгені немесе ЖІӨ-ге қатысты 8,4%-ды құрады. Бұл 2030 жылға дейінгі Мемлекеттік қаржыны басқару тұжырымдамасына сәйкес ЖІӨ-ге қатысты 6,7%-ға нысаналы мәнінен едәуір жоғары.




1.4.1 Мемлекеттік бюджеттік түсімдер

Мемлекеттік бюджеттік түсімдердің құрылымындағы ҚР ҰҚ трансферттерінің үлесі 2023 жылы 15,9%-ға дейін едәуір төмендеді. Салыстырмалы түрде алдыңғы 5 және 10 жылдағы орташа мәндер тиісінше 26,1%-ды және 27,8%-ды құрады. Алайда, ҚМГ акцияларын сатып алуға ҚР ҰҚ қаражатын пайдалануды ескерсек, ҚР ҰҚ активтерін пайдалану үлесі 2023 жылы 21,1% болды. Осылайша, бюджеттік қағидаларды ендіру ҚР ҰҚ активтерін алып қоюды төмендетуге ықпал етті.

1.48-график Түсімдер құрылымындағы трансферттердің үлесі бюджеттік қағидаларды енгізумен біршама төмендеді


Мемлекеттік бюджеттік түсімдер, трлн теңге



Дереккөзі: ҚР Қаржы министрлігі

Мемлекеттік бюджетке салықтық түсімдері 2022 жылмен салыстырғанда 27,4%-ға ұлғайып, 2023 жылы 18,9 трлн теңгені құрады. Салықтық түсімдердің өсуіне қосылған құн салығы (ҚҚС), республикалық бюджетке есептелетін ірі кәсіпкерлік субъектілерінен алынатын корпоративтік табыс салығы (РБ КТС) және жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы (ЖТС) бойынша түсімдер неғұрлым көп үлес қосты. Олар 2023 жылы 5,7 трлн теңгені, 3,9 трлн теңгені және тиісінше 2 трлн теңгені құрады.

1.49-график Мемлекеттік бюджеттік салықтық түсімдер, трлн теңге




Дереккөзі: ҚР Қаржымині

Ескертпе: 2020 жылдан бастап шағын және орта бизнестен КТС ЖАО-ға түседі.

РБ КТС және ҚҚС бойынша түсімдердің айтарлықтай өсуіне қарамастан, осы санаттар бойынша жиынтық орындалмау шамамен 1,2 трлн теңгені құрады, соның салдарынан үкімет республикалық бюджетті қаржыландыру үшін 1,3 трлн теңгеге ҚМГ акцияларын сатып алу арқылы ҚР ҰҚ қосымша қаражатын

тартты, бұл бюджеттің салықтық емес түсімдерінің өсуіне ықпал етті. Осылайша, ҚР ҰҚ активтері есебінен қосымша қаражат тарту есебінен республикалық бюджет түсімдерінің орындалмауы 11,9 млрд теңгені құрады, ал жергілікті бюджеттерге түсім жоспарының асыра орындалуы есебінен мемлекеттік бюджеттік түсімдер 566,9 млрд теңгеге асыра орындалды.

1.50-график 2023 жылы мемлекеттік бюджеттік салықтық түсімдер, трлн теңге




Дереккөзі: ҚР Қаржы министрлігі

Бюджет кірістерінің едәуір өсуіне қарамастан, республикалық бюджеттің шығыстары мен кірістері арасындағы алшақтық елеулі болып қалды. 2023 жылы шығыстардың өсу қарқынын шектеу бойынша бюджеттік қағидалар республикалық бюджетті нақтылау кезінде қолданылмағанын айта кету керек. Осылайша, 2023 жылға арналған республикалық бюджеттің 21 трлн теңге мөлшерінде қалыптасқан шығыстары республикалық бюджетті нақтылау кезінде 22,5 трлн теңгеге дейін 1,5 трлн теңгеге ұлғайтылды. Бюджет шығыстарының ұлғаюы, оның ішінде ҚР ҰҚ-дан 800 млрд теңге мөлшерінде қосымша мақсатты трансферттер тарту есебінен болды.

1.51-график Бюджет шығыстарының өсу қарқыны орнықты траекторияға сәйкес келмейді, ал ҚР ҰҚ активтерінің таза жинақталуы аз қалпында қалып отыр


Республикалық бюджеттің шығыстары мен түсімдері, ЖІӨ-ге қатысты %-бен



Дереккөзі: ҚР Қаржы министрлігі, ҚР ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

Ескертпе: РБ түсімдері мұнай түсімдерін ескере отырып, ҚР ҰҚ-дан түсетін трансферттерді алып тастағанда және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қосқанда РБ-ға түсімдер ретінде есептеледі. Мұнайға жатпайтын түсімдер ҚР ҰҚ-дан және ЭСА-дан трансферттерді шегергендегі ресми түсімдер ретінде есептеледі. 2009 жылы КТС мөлшерлемесі 30%-дан 20%-ға дейін төмендеді. ҚҚС мөлшерлемесі 2007 жылдан 2009 жылға дейін біртіндеп 14%-дан 12%-ға дейін төмендеді.

ҚР ҰҚ-дан трансферттер және ҚР ҰҚ-ға салықтық түсімдер, ЖІӨ-ге қатысты %-бен





ҚР ҰҚ-дағы мұнай секторы ұйымдарынан түсетін салықтық түсімдер 4,6 трлн теңгені немесе ЖІӨ-ге қатысты 3,8%-ды құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 28,8%-ға төмендеп, мұнайдың әлемдік бағасының бір баррелі үшін 2022 жылғы орташа есеппен 99,8 АҚШ долларынан бір баррелі үшін 2023 жылғы орташа есеппен 82,6 АҚШ долларына дейін төмендеуіне байланысты. 2023 жылдың қорытындысы бойынша ҚР ҰҚ таза түсімі 557,4 млрд теңгені немесе ЖІӨ-ге қатысты 0,5%-ды құрады. Нәтижесінде, ҚР ҰҚ активтері 2022 жылғы 26,8 трлн теңгеден 2023 жылы 29,9 трлн теңгеге дейін, оның ішінде ҚР ҰҚ валюталық активтерінің инвестициялық кірістерін 11,4%-ға дейін ұлғайту есебінен ұлғайды.

1.4.2 Мемлекеттік бюджеттік шығыстар

Мемлекеттік бюджеттік шығыстар 2022 жылмен салыстырғанда 24,7%-ға ұлғайып, 2023 жылы 28 трлн теңгені немесе ЖІӨ-ге қатысты 23,5%-ды құрады. Мемлекеттік бюджеттік шығыстардың өсуіне ең көп үлес қосқан білім беру шығыстары 2023 жылы 5,8 трлн теңгені немесе 2022 жылмен салыстырғанда 28,4%-ға ұлғайып, ЖІӨ-ге қатысты 4,9%-ды құрады. Әлеуметтік көмек пен қамтамасыз ету шығыстары 2022 жылмен салыстырғанда 18,2%-ға ұлғайып, 5,3 трлн теңге немесе ЖІӨ-ге қатысты 4,5%-ды құрап, елеулі болып қалуда. 2023 жылы 57,2% шығыстардың ең көп өсуі бюджеттік сыныптамасы бар өзге де шығыстарға тиесілі болды, ол 1,6 трлн теңгені құрады. Сонымен қатар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа арналған мемлекеттік бюджеттік шығыстар айтарлықтай өсті, олар 2023 жылы 2 трлн теңгені құрап, 41,5%-ға ұлғайды. Мемлекеттік борышқа қызмет көрсету шығыстары 2022 жылмен салыстырғанда 37,4%-ға өсіп, 1,9 трлн теңгені немесе ЖІӨ-ге қатысты 1,5%-ды құрады.

1.52-график Бағыттар бойынша мемлекеттік бюджеттік шығыстар, трлн теңге



Дереккөзі: ҚР Қаржы министрлігі

Ескертпе: Республикалық бюджеттік шығыстар санатының толық атаулары:

* Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі


** Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары

*** Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі

ҚР ҰҚ қаражатын қосымша тарту есебінен бюджет түсімдері бойынша жоспардың асыра орындалғанына қарамастан, республикалық бюджет шығыстары бойынша жоспар 99,6 млрд теңгеге орындалмай, іс жүзінде 2023 жылдың қорытындысы бойынша 21,4 трлн теңгені құрады. Мемлекеттік бюджет шығыстары бойынша жоспар іс жүзінде 28 трлн теңгені құрап, егер түзетілген жоспарды ескерсек 261 млрд теңгеге және егер нақтылау жоспарын ескерсек 2,1 трлн теңгеге орындалмады.

Мемлекеттік бюджетті нақтылау кезінде шығыстардың өсуіне 1 трлн теңгеге тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, 554,7 млрд теңгеге көлік және коммуникация, 302,1 млрд теңгеге ауыл шаруашылығы, 243,8 млрд теңгеге отын-энергетикалық кешен және жер қойнауын пайдалану санаттары бойынша шығыстар едәуір үлес қосты. Мемлекеттік бюджетті түзету қорытындысы бойынша бюджет шығыстары 30 трлн теңгеден 28,2 трлн теңгеге дейін 6,1%-ға төмендеді. Ең көп түзетулер тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық санаты бойынша – 569,0 млрд теңгеге төмендеу, білім беру санаты бойынша – 484,9 млрд теңгеге төмендеу, басқа санаттар бойынша – 495,4 млрд теңгеге төмендеу шығыстары болды.

1.53-график 2023 жылғы бағыттар бойынша мемлекеттік бюджеттік шығыстар, трлн теңге



Дереккөзі: ҚР Қаржы министрлігі

Ескертпе: Республикалық бюджеттік шығыстар санатының толық атаулары:


* Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі

** Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары

*** Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі

Осылайша, мемлекеттік бюджеттік шығыстардың нақты атқарылуы 2023 жылға арналған бекітілген жоспардан 5.1%-ға жоғары болды. Нақты шығыстардың өсуіне негізгі үлесті тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық – 397,6 млрд теңгеге өсу, көлік және коммуникация – 326,6 млрд теңгеге өсу және ауыл шаруашылығы – 313,9 млрд теңгеге өсу шығыстары қосты. Бұл ретте білім беруге арналған шығыстар бекітілген жоспардан 405,2 млрд теңгеге төмен, ал басқалары сыныптамасы көрсетілген шығыстар 390,1 млрд теңгеге төмен қалыптасты.

1.54-график Экономикалық сыныптамадағы мемлекеттік бюджеттік шығыстар, ЖІӨ-ге қатысты %-бен



Дереккөзі: ҚР Қаржы министрлігі, ҚР ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

Мемлекеттік бюджеттік шығыстардың негізгі үлесі ағымдағы шығыстар болып қалады, олар 2023 жылы 22,1 трлн теңгені немесе ЖІӨ-ге қатысты 18,6%-ды құрады. Күрделі шығындардың үлесі 4,4 трлн теңге немесе ЖІӨ-ге шаққанда 3,7% күйінде қалып отыр. Мемлекеттік шығыстар құрылымындағы әлеуметтік шығындардың жоғары үлесін ескере отырып, ағымдағы шығыстардың жоғары үлесі дағдарыстық жағдайлар туындаған жағдайда шығыстарды түзету және секвестр мүмкіндігі тұрғысынан ұзақмерзімді перспективада фискалдық саясаттың икемділігін айтарлықтай төмендетеді. Бұл ретте



ағымдағы шығыстар ұзақмерзімді қайтарым әкелмейді, тек ұзақ мерзімді экономикалық өсу мен капитал жинақтау үшін алғышарттар жасамай, ағымдағы тұтынуды қолдайды.

1.4.3 Таза қаржы активтері

2023 жылдың қорытындысы бойынша үкіметтік борыш 24,9 трлн теңгені немесе ЖІӨ-ге қатысты 20,7%-ды құрады. Үкіметтік борыш динамикасы ЖІӨ-ге қатысты орнықты күйінде қалып отыр, алайда республикалық бюджетке борыштық жүктеме өсуде. Үкіметтік борышқа қызмет көрсету шығыстары 2022 жылмен салыстырғанда 35,4%-ға ұлғайып, 2023 жылы 1,8 трлн теңгені құрады. Үкіметтік борышқа қызмет көрсетуге арналған шығыстардың республикалық бюджеттің мұнайға жатпайтын түсімдеріне қатынасы 2022 жылдан бастап 1,8%-ға ұлғайып, 14,8%-ды құрады.

1.55-график Үкіметтік борыш ЖІӨ-ге қатысты тұрақты деңгейде қалып отыр, алайда бюджетке борыштық жүктеме өсіп келеді

Үкіметтік борыш, трлн теңге




Үкіметтік борышқа қызмет көрсету, трлн теңге



Дереккөзі: ҚР Қаржы министрлігі, ҚР ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

2023 жылдың қорытындысы бойынша үкіметтің таза қаржы активтері ЖІӨ-ге қатысты 4,1%-ға дейін төмендеді. Бюджет шығыстары мен кірістері арасындағы жоғары алшақтықта көрінетін және үкіметтің таза қаржы активтері есебінен жабылатын мемлекеттік қаржының теңгерімсіздігі фискалдық кеңістіктің тарылуына алып келеді.

1.56-график Үкіметтің таза қаржы активтері қысқаруда



Дереккөзі: ҚР Қаржы министрлігі, ҚР ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

Ескертпе: үкіметтік борышты алып тастағанда Үкіметтің таза қаржы активтері ҚР ҰҚ активтері ретінде есептеледі.

Ұзақмерзімді перспективада ҚР ҰҚ жинақтау функциясы макро-фискалдық орнықтылықты қамтамасыз ету үшін қажетті шарт болып табылады. Мемлекеттік және республикалық бюджеттік кірістерді ұлғайту, сондай-ақ республикалық бюджетті қалыптастыру және нақтылау кезінде бюджеттік қағидаларды сақтау салық-бюджет саясатының негізгі басымдықтары болып қалуға тиіс.

2

Бағалы қағаздар нарығы

2023 жылы МБҚ-ны өтеудің біркелкі емес мерзімді құрылымы сақталды, ол 2022 жылы қысқамерзімді облигациялардың ірі шығарылымынан кейін ішінара жақын мерзімде өтеуге дейін жоғары көлемге ие болды. Өтеу теңгерімсіздігі 2023 жылы шығарылған қысқамерзімді өтеулермен және 2024–2027 жылдар аралығында ірі өтеуді күткен еурооблигациялармен толықтырылды. Теңгерімсіз өтеу кестесі қайта қаржыландыру тәуекелінің ықтимал өсуіне айтарлықтай әсер ете алады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша облигациялардың бес шығарылымы 1 млрд АҚШ доллары баламасына дейін ірілендірілді. ҚР ҚМ Мемлекеттік бағалы қағаздарын шығарудың 2024 жылға арналған жоспарына сәйкес, Қазақстанның МБҚ-ны GBI – EM (Government Bond Index – Emerging Markets) индексіне енгізу шеңберінде кем дегенде тағы сегіз шығарылымды орналастыру, оның ішінде ірілендіру есебінен орналастыру жоспарлануда.

2023 жылы екінші деңгейдегі банктердің МБҚ-ның бастапқы және қайталама нарығына белсенді қатысуы есебінен нарықтағы инвесторлардың үлесі ұлғайтылды. Мәселен, ҚР Қаржы министрлігі сатып алған облигацияларының көлемі жағынан екінші деңгейлі банктер БЖЗҚ-дан озып, бастапқы нарықта ҚР Қаржы министрлігінің қағаздарын ең ірі сатып алушыларға айналды. Нарықтағы инвесторлардың қатысу белсенділігінің өсімі көбінесе «Бастапқы дилерлер институты» жобасын іске қосу аясында бастапқы және қайталама нарықтардағы қатысушылардың белсенділігіне жүргізілген мониторингке байланысты болып отыр.

2023 жыл бойы нарыққа қатысушылардың пайыздық мөлшерлеменің төмендеуін күтулері аясында купонсыз кірістілік қисығы инвертті болып қалды. Аукциондарда ұзақмерзімді МБҚ-ның кірістілігі 2023 жылы 11,5 – 12% деңгейінде болды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша базалық мөлшерлеменің төмендеуі аясында кірістілік қисығы қысқа мерзімде төмендеді.



2.1 Мемлекеттік борыш

Республикалық бюджетке түсетін борыштық жүктеме 2022 жылмен салыстырғанда 55,6%-ға өсті (2.1-график). Өтеу көлемінің ұлғаюына байланысты республикалық бюджетті борыштық қаржыландыруға жалпы қажеттілік⁵ 2022 жылмен салыстырғанда 40%-ға ұлғайып, 5,6 трлн теңгені құрады.

Мәселен, борышты қаржыландыруға жалпы қажеттілік ЖІӨ-ге 4,7%-ға дейін өсті. Соңғы 5 жылда борышты қаржыландыру қажеттілігі өсуінің ең үлкен факторы өтеу көлемінің өсуі (2023 жылғы барлық үлестің 44%-ы) болып табылады.

2.1-график Борышты қаржыландыруға жалпы қажеттілік негізінен борышты өтеу көлемінің өсуіне байланысты өсуде

Үкімет борышын өтеу, трлн теңге



Борышты қаржыландыруға жалпы қажеттілік, трлн теңге



Дереккөзі: ҚР Қаржы министрлігі, ҚР ҰСБ, ҚР ҰБ есептеулері

Қаржыландыруға жалпы қажеттілік басым бөлігінде (91,5%-ға немесе 5 096 млрд теңгеге) қазынашылық қағаздар шығару түріндегі ішкі қарыздарды тартумен және аз үлесте (4,5%-ға немесе 252 млрд теңгеге) халықаралық қаржы ұйымдары мен шет мемлекеттерден кредиттер түріндегі сыртқы қарыздарды тартумен толықтырылды.

2023 жылдың басында 4 898 млрд теңге сомасына қазынашылық қағаздарды орналастыру жоспары ұлттық валютадағы 3 959 млрд теңге облигациялар мен 940 млн теңге еурооблигациялар шығаруды қамтиды. Алайда, 2023 жылғы маусымда ҚР Қаржы министрлігі жоспарды ішкі қарыз алуды ұлғайту жағына түзетті. Осылайша, 2023 жылы ҚР Қаржы министрлігі МБҚ ішкі нарығында 5 096 млрд теңге тартты (2.2-график). 2023 жылдың қорытындысы бойынша шетел валютасында номинирленген мемлекеттік облигациялар тартылған жоқ.

2023 жылдың қорытындысы бойынша ҚР Қаржы министрлігінің теңгемен номинирленген МБҚ көлемі айналымда 17,6 трлн теңгені құрады (2.3-график). Айналыстағы қағаздардың орташа өлшенген мерзімділігі 2022 жылдың соңындағы 6,1 жылдан 2023 жылдың соңында 5,7 жылға дейін төмендеді. Өтеу мерзімі 5 жылдан 10 жылға дейінгі қағаздардың үлесі 2023 жылы 31,7%-ды құрады, ал 2022 жылдың соңындағы үлесі тек 21,9%-ды құраған. Ортамерзімді қағаздар үлесінің ұлғаюына қарамастан, ҚР Қаржы министрлігі қағаздарының орташа өлшенген мерзімділігі алдыңғы жылдары шығарылған қағаздарды өтеу мерзімдерінің жақындауына байланысты төмендеді. Осылайша, өтеу мерзімі 5 жылға дейінгі айналыстағы қағаздардың үлесі 2022 жылғы желтоқсандағы 54,2%-дан 2023 жылғы желтоқсандағы 50,1%-ға дейін төмендеді.


⁵ Борыш пен тапшылықты өтеуді (бастапқы тапшылық пен борышқа қызмет көрсету) қамтиды.

2.2-график ҚР Қаржыминінің 2023 жылы теңгемен МБҚ шығару жоспары және фактісі



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚР Қаржы министрлігі, ҚР ҰБ есептеулері


2.3-график ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ мерзімділігінің құрылымы және олардың орташа өлшенген мерзімділігі



Дереккөзі: БҚОД, ҚР ҰБ есептері

Ескертпе: 1) сол жақ шкала – трлн теңгедегі портфель балансы, оң жақ шкала – орташа өлшенген мерзімділік (жыл) 2) еврооблигациялар көрсетілмеген.

2.4-график Орналастыру кезеңі бөлінісінде ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ-ны өтеу бейні



Дереккөзі: БҚОД, ҚР Қаржы министрлігі, ҚР ҰБ есептеулері

Ескертпе: тұтас боялған жер – теңгемен номинирленген облигациялар, өрнекпен көрсетілген жер – еурооблигациялар. Еурооблигациялар ҚР ҰБ-ның 2024 жылғы 1 қаңтардағы ресми бағамы бойынша есептелді.



2023 жылдың қорытындысы бойынша ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ-ны өтеу мерзімділігінің біркелкі емес құрылымы (негізгі борышты купондық төлемдерсіз төлеуге бағытталған) байқалады. 2023 жылы өтеу көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 24% (ж/ж) өсті (2.4-график). Қазіргі уақытта өтеудің ұзақ мерзім ішіндегі төмен көлемі және өтеудің қысқа мерзімдегі жоғары көлемі орын алуда, бұл өтеу кестесінің теңгерімсіздігін тудыруда.

2022 жылмен салыстырғанда ҚР Қаржы министрлігі негізінен өтеу мерзімі 5 жылға дейінгі қысқамерзімді қағаздарды тартқан кезде 2023 жылы ҚР Қаржы министрлігі барынша ұзақмерзімді бағалы қағаздарды тарту арқылы өтеу мерзімділігінің құрылымын оңтайландырды. Әлемдік тәжірибеде жақын аралықта үлкен көлемде шоғырланған өтеу шындарын азайту үшін кері сатып алу (buyback) немесе айырбастау (switch) әдістерін қолдануға болады.

2.1-бокс. Buyback және Switch⁶ әдістері

Сипаттамасы

Қазынашылық бағалы қағаздардың эмитенттері айналыстағы бағалы қағаздардың кейбіреуін инвесторлардан екі түрлі тетікпен – қайта сатып алу (buyback) немесе айырбастау (switch) әдістері арқылы сатып ала алады. Анықтамасы бойынша, қайта сатып алу (buyback) эмитенттің қолма-қол ақшаны пайдалана отырып, инвесторлардан өтелмеген борышты өзара келісілген бағамен сатып алуды ұсынуын білдіреді.

Керісінше, айырбастау (switch) кезінде эмитент инвесторларға айналыста қолданылып жүрген бағалы қағаздарды өзара келісілген бағамен жаңадан шығарылған бағалы қағаздарға айырбастауды ұсынады. Бұл операциялардың басқа аукциондардан айырмашылығы Үкіметке қосымша қаржы бермейді, бірақ борыштық портфельдің құрылымына және таңдалып алынған облигациялардың нарықтық өтімділігіне ықпал етеді.

Күтілетін нәтижелер

Бұл құралдар нарықтың өтімділігін сақтауға, ақша құралдарын тиімді басқаруға, міндеттемелерді басқарудың дәлдігін арттыруға және борышқа қызмет көрсету шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибе

2022 жылы OECD құрамына кіретін 22 ел мемлекеттік қазынашылық бағалы қағаздарды өтеу бейінін реттеу үшін buyback немесе switch практикаларын қолданды.

2023 жылы еурооблигацияларды өтеу көлемі 358.2 млрд теңгені құрады (2.4-график). 2024 және 2025 жылдары тиісінше 681.8 млрд теңге және 1 136.4 млрд теңге сомасына еурооблигацияларды ірі өтеу күтілуде. Теңгерімсіз өтеу кестесі қайта қаржыландыру тәуекелін және валюталық тәуекелді арттырады. Басқа сөзбен айтқанда, нақты кезеңдердегі негізгі борышты өтеу сомаларының шоғырлануы жаңа шығарылымдардың әлеуетті құнын арттыруы мүмкін.

Бағалы қағаздар нарығындағы оң үрдістердің бірі қосымша орналастыру («шығарылымдарды ірілендіру») әдісі болып табылады (2.5-график). Мәселен, 2023 жылдың қорытындысы бойынша қағаздардың іріленуінің арқасында бес шығарылым 456 млрд теңгеден асты (бұл 2023 жылғы орташа бағам бойынша 1 млрд АҚШ долларына тең).


ҚР Қаржы министрлігі жариялаған жоспар бойынша 2024 жылы айналыстағы 1 млрд АҚШ долларына балама көлемнен асатын кем дегенде тағы 8 шығарылымды нығайту жоспарлануда. JP Morgan компаниясының GBI-EM⁷ (Government Bond Index-Emerging Markets) санатына енгізу үшін ҚР Қаржы

⁶ OECD Sovereign Borrowing Outlook 2023. Buyback and switch programmes: Evidence-based recommendations for sovereign debt managers.

⁷ Дамушы нарық облигацияларының индексі (GBI-EM) жергілікті валютадағы дамушы нарық облигацияларының динамикасын бақылап-қарайды және индекс провайдері JP Morgan инвестициялық банкі болып табылады. Дамушы нарықтардың облигациялары – дамыған елдердің мемлекеттік немесе корпоративтік облигацияларына қарағанда кірістілігі барынша жоғары дамушы елдер шығарған борыштық құралдар.

министрлігіне ұзақмерзімді жоспары үшін бағалы қағаздарды ірілендірген жөн. Қағаздар санының одан әрі азаюы және белгілі бір мерзімдерде шығарылымдардың ұлғаюы өтімділіктің артуына ықпал етуге тиіс.

2.5-график ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ-ны қосымша орналастыруы және өтеуі



Дереккөзі: БҚОД, ҚР Қаржы министрлігі шығарылымының жоспары, ҚР ҰБ есептеулері

Ескертпе: 1) 2021 жылғы көлемі бойынша қалдықтар үдеуі бойынша сараланды; 2) ҚР Қаржы министрлігінің 2024 жылға арналған жоспары; 3) X осіне әрбір бөлу ҚР Қаржы министрлігі қағазының 1 бірегей ISIN кодын білдіреді; 4) UDS/KZT бағамы 456,31 (2023 жылғы орташа бағам) 5) Еурооблигациялар бейнеленбеген.

2.2 МБҚ микроқұрылымы

2.2.1 МБҚ аукциондары

2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы нарықтық инвесторлардан түсетін өтінімдер саны артты (2.6-график). Нарықтық инвесторлар 2023 жылғы мамыр-қазан аралығында белсенділікті арттырды. Дегенмен, салыстырмалы талдауда нарықтық инвесторлардың қанағаттандырылмаған өтінімдерінің саны каптивті инвесторларға қарағанда көп болып шықты. Нарықтық инвесторлар санының өсімі негізінен екінші деңгейлі банктердің белсенді қатысуы есебінен орын алды. 2023 жылы аукциондарда сатып алынған облигациялар көлемі бойынша үлкен айырмашылықпен МБҚ-ның бас сатып алушысы екінші деңгейдегі банктер болды (2.9-график).

Нарыққа қатысушылар белсенділігінің арту себептерінің бірі «Бастапқы дилерлер институты» жобасы⁸ аясында бастапқы нарықтағы инвесторлардың белсенділігіне жасалған мониторинг болуы мүмкін.

⁸ БДМ-ге кіру үшін тең жағдайлар жасау мақсатында нарықтың барлық қатысушыларына МБҚ нарығындағы нарыққа қатысушылардың қызметін бағалау үшін 6 ай ішінде мониторингтік кезең өткізу туралы шешім қабылданды. Процестің ашықтығы үшін Ұлттық Банк ҚР Қаржы министрлігімен келісуі бойынша қатысушылардың қызметін бағалау бойынша «скорингтік» модель әзірледі.



2.6-график ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ аукционы



Дереккөзі: ҚҚБ, БҚОД, ҚР ҰБ есептеулері

2.2-бокс. Бастапқы дилерлер институты

Сипаттамасы

Бастапқы дилерлер институтын енгізу бастапқы және қайталама нарықтардағы бірқатар міндеттемелерді орындаудың орнына эмитенттің бастапқы аукциондарына қатысушылардың шектеулі санына қол жеткізуді білдіреді. Бастапқы дилерлер институты қазіргі заманғы қаржы жүйелерінің ажырамас бөлігі болып табылады және мемлекеттік бағалы қағаздарды (бұдан әрі – МБҚ) эмиссиялауда және орналастыруда шешуші рөл атқарады. Оның болуы мемлекетке өз борышын тиімді басқаруға, қарыздардың құрылымын оңтайландыруға және қаржы нарығының орнықтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, экономикалық ортаның өзгергіштігі жағдайында өте маңызды.

Мақсаттар

Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік Банктің зерттеулеріне сәйкес бастапқы дилерлер институты негізгі екі мәселені шешу үшін әртүрлі елдерде қолданылады:

1. МБҚ-ны бастапқы аукциондарда тұрақты орналастыру, бұл мемлекеттік бюджет тапшылығын үздіксіз қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;
2. МБҚ қайталама нарығының өтімділігін арттыру, бұл сауда-саттыққа қатысушылардың МБҚ нарығына және оның индикаторларына деген сенімінің өсуін қамтамасыз етеді.

Күтілетін нәтижелер


Бастапқы дилерлердің болуы мемлекет пен инвесторлар үшін тәуекелдерді азайтады. Бастапқы дилерлерде өтімділікті ұстап тұру міндеттемелерінің болуы бағаның ауытқуын реттейді және нарықтың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бұл қаржылық дағдарыстардың туындау ықтималдығын азайтады және жергілікті, сол сияқты шетелдік инвесторлардың МБҚ-ға деген сенімін арттырады.

Дереккөзі: «Мемлекеттік борыш нарығындағы бастапқы дилерлер институты. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының жұмыс істеу ерекшеліктері және оны нарыққа енгізу перспективалары», А. Рыскелдиева, Монетарлық операциялар департаменті (ҚРҰБ).

Орташа алғанда, бастапқы орналастыру кездерінде нарыққа қатысушылар каптивті инвесторлармен салыстырғанда ортамерзімді және ұзақмерзімді қағаздарға барынша жоғары кірістілікті сұрады (2.7-график). Осы жағдайларда өтеуге жоғары кірістілігімен берілген өтімдер өтеуге барынша төмен кірістілігімен берілген өтімдердің пайдасына кесімді бағасы бойынша қабылданбайды. Бұл ҚР Қаржы министрлігінің аукциондары мамандандырылған сауда-саттық әдісі (лимиттелген қарсы өтімдер тәсілімен) бойынша өткізілетіндігімен түсіндіріледі, оның қағидалары бойынша берілген өтімдердің

ішінен аукционда жарияланған көлемді қанағаттандыратын кірістіліктің оңтайлы деңгейі таңдап алынады. Осылайша, кірістілікті ең төменгіден ең жоғарғыға дейін сұрыптау кезінде көбінесе таңдап алынған кесімді бағаның шегінен асатын жоғары кірістілік таңдап алынады.

2.7-график 2023 жылы өтеу мерзімдері (жылдар) бөлінісінде ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ мамандандырылған сауда-саттықтарындағы лимиттелген өтінімдерінің кірістілігі⁹



Дереккөзі: ҚҚБ, БҚОД, ҚРҰБ есептеулері

Ескертпе: 1) Мерзімділіктің әрбір санатының ішіндегі X осінің тік қатарына бірегей өтімдер (бағалы қағазды шығару күні мен шығарылымы) бойынша кірістілікті алуға болады 2) МЕТИКАМ қағаздарына өтімдер қосылмады

Графикте жоғарыдан төмен қарай өтеу мерзімділігі, кірістілігі бойынша әр санаттың ішінде өтім берілген күн бойынша сұрыпталған. Мысалы, жылдың басында берілген кірістілік жылдың соңына қарағанда жоғары болды, сондықтан инвесторлардың пайыздық мөлшерлемелер бойынша күтуі 2023 жылдың соңында төмендеді.

2.2.2 МБҚ мерзімді құрылымы

2022 жылмен салыстырғанда ҚР Қаржы министрлігі елдегі және әлемдегі тұрақсыз жағдайға байланысты негізінен қысқа мерзімді қағаздарды (5 жылға дейінгі мерзіммен) шығарды. 2023 жылы, керісінше, ҚР Қаржы министрлігі 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзіммен орта мерзімді қағаздар шығаруды қайта бастады (2.8-график). Мысалы, 2023 жылы бастапқы нарықтағы барлық орналастырулардың 49,1%-ы өтеу мерзімі 5 жылдан 10 жылға дейінгі қағаздарға тиесілі болды (2.9-график).


Бастапқы нарықтағы ұзақ мерзімді қағаздардың жоғары көлемі бір жағынан ҚР Қаржы министрлігі өтемдерінің мерзімді құрылымын қалыпқа келтіруге ықпал етті, ал екінші жағынан нарықтық инвесторлардың қағаздардың төмендеуін күтулері аясында жоғары пайыздық мөлшерлемелерді белгілеу сұранысын қанағаттандырды. Нарықтық инвесторлардың нарықтағы белсенділігі үшін қосымша ынталандыру «Бастапқы дилерлер институты» жобасы аясында инвесторлар белсенділігінің мониторингі болды.

⁹ Облигацияның өтеуге кірістілігі деп облигация бойынша сыйақы ретінде алынған сомаларды қайта инвестициялау мүмкіндігін ескермей, осы облигацияны өтеу (айналыс мерзімі аяқталған) кезінде оны иеленуші үшін облигация бойынша күтілетін кірістің көрсеткіші түсініледі; жылдық пайызбен көрсетіледі (Дереккөзі: ҚҚБ Облигациялардың кірістілігін және облигациялармен мәмілелер сомаларын есептеу әдістемесі).



2.8-график 2022 жылы, 2023 жылы орын алған тұрақсыздық жағдайынан кейін ҚР Қаржы министрлігі орта мерзімді қағаздарды шығаруға көшті

Мерзімділік бөлігінде ҚР Қаржы министрлігінің қағаздарды бастапқы биржалық орналастыруы, млрд теңге



Дереккөзі: ҚҚБ, БҚОД, ҚР ҰБ есептеулері

2.2.3 МБҚ бастапқы нарығындағы инвесторлық база

2023 жылдың қорытындысы бойынша ҚР Қаржы министрлігі қағаздарының бастапқы нарығында қазынашылық қағаздардың ең ірі сатып алушысы ЕДБ, БЖЗҚ (ҚРҰБ) және ҚРҰБ клиенттері болып табылады (2.9-график). 2022 жылдағыдай 2023 жылы біртекті инвесторлық база мәселесі орын алды. ҚР Қаржы министрлігінің бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі өте төмен болып қалуда. Сондай-ақ зейнетақы қорларында (ИПБ басқаруында) ҚР Қаржы министрлігінің қазынашылық қағаздар нарығына қатысудың төмен үлесі сақталады.

2.9-график 2023 жылы ЕДБ ҚР Қаржы министрлігінің аукционда каптивті инвесторларға қарағанда көбірек облигациялар сатып алды

Сатып алушылар және өтеу мерзімдері бөлінісінде ҚР Қаржы министрлігінің қағаздарын бастапқы биржалық орналастыру, жылына мәмілелердің жалпы көлемінің %-ы



Дереккөзі: ҚҚБ, БҚОД, ҚР ҰБ есептеулері

ҚР Қаржы министрлігінің қазынашылық қағаздарын орналастыру бойынша аукциондарда екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі – ЕДБ) 2023 жылы ҚР Қаржы министрлігі орналастырған барлық облигациялардың 54,4%-ын сатып алды, БЖЗҚ (ҚРҰБ) 27,2%-ын, ал ҚРҰБ клиенттері барлық көлемнің 11,7%-ын сатып алды. Осылайша, олар 2023 жылы ғана емес, алдыңғы жылдары да ҚР Қаржы министрлігі облигацияларының бастапқы аукциондағы ең ірі үздік 3 инвестор болып табылады. ҚР Қаржы министрлігінің аукционда жоғарыда көрсетілген үздік 3 инвестор көбінесе қысқа және орта мерзімді

облигацияларды сатып алды. ЕДБ «5 жылдан 10 жылға дейін» санатындағы қағаздардың ең көп мөлшерімен (2023 жылы орналастырылған ҚР Қаржы министрлігінің барлық қағаздарының 22.3%-ы) мерзімділіктің барлық түріне дерлік қағаздарды сатып алды. ҚРҰБ клиенттері де ЕДБ сияқты көп жағдайда «5 жылдан 10 жылға дейін» орта мерзімді қағаздарды сатып алды (ҚР Қаржы министрлігінің барлық орналастырылған қағаздарының 6.3%-ы). БЖЗҚ «5 жылдан 10 жылға дейін» (16.9%) және «10 жылдан және одан да көп» (7.1%) мерзімділікпен МБҚ сатып алды.

Бағалы қағаздарды есепке алу жөніндегі халықаралық практикаға сүйенсек, ЕДБ нарықтық бағалар бойынша облигациялармен сауда-саттық жүргізу мақсатында МБҚ-ның басым бөлігін өзге жиынтық кіріс арқылы есепке алады (2.10-график). Бұл практика ЕДБ-ға МБҚ қайталама нарығындағы мәмілелерге белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ МБҚ, ЕДБ жалпы портфеліне қатысты соңғы екі жыл ішінде өз портфельдерінде ҚР Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының шамамен 26%-ын ұстайды.

2.10-график ЕДБ балансындағы ҚР Қаржы министрлігі портфелінің құрылымы



Дереккөзі: ЕДБ ұстауындағы ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ бағалы қағаздар портфелінің баланстық құрылымы. ҚР ҰБ есептеулер

2.3 МБҚ қайталама нарығы

Қайталама нарықтағы мәмілелер көлемі 2023 жылы, атап айтқанда мамырдан қазанға дейін тарихи көлемнен едәуір жоғары көрсеткіштерді көрсетті (2.11-график). Қайталама нарықтағы мәмілелер көлемінің өсуі бастапқы дилерлер институтын іске қосу шеңберінде мониторингтік кезеңді өткізумен ішінара байланысты.

2.11-график ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ мәмілелерінің көлемі



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚР ҰБ есептеулері

Ескертпе: Turnover ratio (оң жақ шкала) МБҚ қайталама нарығындағы (биржалық және биржадан тыс) мәмілелер айналымының баланс бойынша олардың айналыстағы көлеміне арақатынасы ретінде есептеледі (2.3-график)




Қайталама нарық көлемінің өсуі 2023 жылы 49%-ды (ж/ж) құрады. Қайталама нарықтағы көлемдердің өсуіне қарамастан, қайталама нарықтың өтімділігі 2023 жылғы мамырдағы ең жоғары 2.3% мәнінен айтарлықтай төмен болып қалуда.


2022 жылмен салыстырғанда биржадан тыс қайталама нарықта бейрезиденттердің ағыны ұлғайды (2.12-график). Мәселен, 2023 жылы бейрезиденттер биржадан тыс нарықтағы жалпы көлемнің 62.6%-ын сатып алды, ал 2022 жылы бұл үлес тек 29.1%-ды құрады. 2023 жылы биржадан тыс нарықта қазынашылық қағаздардың негізгі сатып алушылары банктер (37.3%) және бейрезиденттер (62.6%) болып қалуда.

2.12-график 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы биржадан тыс қайталама нарықта бейрезиденттер арқылы инвесторлар ағыны ұлғайды

Сатып алушылар мен сатушылар бөлінісінде қайталама биржалық нарықтағы мәмілелер көлемі, млрд теңге



Сатып алушылар мен сатушылар бөлінісінде қайталама биржалық нарықтағы мәмілелер көлемі, млрд теңге



Дереккөзі: ҚҚБ, БҚОД, ҚРҰБ есептеулері

Ескертпе: Биржадан тыс мәмілелерге АИХ-те тіркелген мәмілелер кірмейді


Қайталама нарықтағы ең ірі қатысушылар ЕДБ, БЖЗҚ және ҚРҰБ клиенттері болып табылады. Мәселен, қайталама нарықта ЕДБ сатушы ретінде қатысқан мәмілелерде 2023 жылы қайталама нарықтағы мәмілелердің жалпы көлемінің 57.5%-ын құрады (2.13-график). 57.5%-дың үлкен үлесі (атап айтқанда, мәмілелердің 43.1%-ы) екінші деңгейдегі басқа банктермен сауда-саттыққа тиесілі болды.

БЖЗҚ (ҚРҰБ) және ҚРҰБ клиенттері сияқты ҚР Қаржы министрлігінің қалған ірі қағаз ұстаушылары қайталама нарықта қағаздарды мүлдем сатпады. Салыстыратын болсақ, бастапқы нарықта тек 3.8% үлесі бар банктік емес нарықтық инвесторлар БЖЗҚ мен ҚРҰБ клиенттеріне қарағанда қайталама нарықта барынша белсенді болды. Мысалы, банктік емес нарықтық инвесторлар 2023 жылы ҚР Қаржы министрлігінің облигацияларын қайталама нарықта сатуға қайталама нарықтағы барлық мәмілелердің 28.6%-мен қатысты.

Қайталама нарықтағы белсенділікті негізінен нарықтық инвесторлар ұстап тұрады. олар 2023 жылы бастапқы орналастырудағы (58,2%) және қайталама нарықтағы (86,3%) қомақты үлесті қамтыды.

2.13-график Нарықтық инвесторлар каптивті инвесторларға қарағанда қайталама нарықтағы мәмілелердің ең көп көлеміне қатысады

Сатып алушылар мен сатушылар бөлінісінде ҚР Қаржы министрлігі қағаздарының қайталама биржалық нарығы, %




Дереккөзі: ҚҚБ, БҚОД, ҚРҰБ есептеулері

2.4 Кірістілік қисығы

2023 жылғы кірістілік қисығы инвертті күйінде қалды. 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімде нарыққа қатысушылар үлесінің ұлғаюы нарыққа қатысушылардың орта мерзімді перспективада пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуін күтуі аясында орын алды.

2.14-график Купонсыз кірістілік қисығы



Дереккөзі: KASE, ҚРҰБ есептеулері

2023 жылы ҚР Қаржы министрлігінің бастапқы нарығында ұзақ мерзімді қағаздарды (10 жыл және одан да көп мерзіммен) жалғыз сатып алушылар БЖЗҚ болып табылды, оның еншісіне бастапқы нарықта орналастырылған барлық қазынашылық қағаздардың 7,1% үлесі тиесілі (2.9-график).



БЖЗҚ кірістілік қисығының соңындағы негізгі сатып алушы болғанына қарамастан, нарықтық инвесторлар өтімдерді талап етілетін жоғары мөлшерлемелермен берді, бірақ лимиттелген өтімдер әдісі бойынша нарықтық инвесторлардың өтімдері қанағаттандырылмады. Осылайша, кірістілік қисығының соңы негізінен каптивті инвесторлардың белсенділігімен қалыптасады.

Орташа алғанда, нарыққа қатысушылар барынша жоғары мөлшерлемелерге тапсырыс берді, сондықтан 2023 жылғы екінші тоқсанда орналастыру көлемінің ұлғаюы және осыған қарай нарыққа қатысушылардың өтімдерін қанағаттандыру үлесінің өсуі кірістілік қисығының ұзақ мерзімді және орта мерзімді соңында кірістіліктің өсуіне ықпал етті. 2023 жылғы төртінші тоқсанда базалық мөлшерлеменің төмендеуі аясында кірістілік қисығының қысқа ұшының төмендеуі байқалды.

2.3-бокс. Жергілікті атқарушы органдардың МБҚ және корпоративтік облигациялар

Муниципалды облигациялар

2.15-графикте үкіметтен борыш тартудың азаюын көрсететін жергілікті атқарушы органдардың (әкімдіктердің) борышы бейнеленген. 2016 жылдан бастап әкімдіктер облыстар мен қалалардың әлеуметтік маңызды жобаларын қаржыландыруға арналған облигациялар шығарылымын қамтитын «басқа да міндеттемелерден» тартылған борыштың үлесін ұлғайтты (2.15-график). Бұл облигациялар төмен пайызбен шығарылады, ол әкімдіктер үшін борышқа арзан қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Өтеу мерзімі бір жылға дейінгі қағаздар үшін өтеуге кірістілік жылдық 4.25%-ды, ал мерзімі 1 жылдан 3 жылға дейінгі қағаздар үшін жылдық 0.35%-ды құрайды.

2.15-график Әкімдіктер облигациялар шығарылымы арқылы өз борышын ішінара қаржыландыруға көшті

Жергілікті атқарушы органдардың борышы, трлн теңге



2023 жылы шығарылған мерзімділік бөлігінде ЖАО облигацияларының кірістілігі мен купондық мөлшерлемесі, %




Дереккөзі: ҚР Қаржы министрлігі, ҚҚБ

2023 жылы әкімдіктерден облигациялардың негізгі ұстаушылары Бәйтерек Холдингі (Өзгелер санаты) болып табылады (2.16-график). Бұл қаржыландырудың басты мақсаты кредиттік және жалға берілетін тұрғын үйді салу болып табылады. 2023 жылы әкімдіктер өтеу мерзімі 3 жылға дейінгі қысқа мерзімді қағаздарды ғана шығарды. Ұзақ мерзімді облигациялар соңғы рет 2021 жылғы қарашада шығарылды.

2.16-график ЖАО-ның облигациялары әлеуметтік жобаларды қаржыландыру мақсатында қысқа мерзімді болып табылады

Сатып алушылар мен мерзімділік бөлінісінде бастапқы биржалық нарықта ЖАО облигациялары бойынша орналастыру көлемі, млрд теңге




Дереккөзі: ҚҚБ, БҚОД

Корпоративтік облигациялар

Корпоративтік облигацияларды теңгемен орналастырудың кірістілігі мен көлемі шетел валютасында шығарылған облигацияларға қарағанда әлдеқайда жоғары

Шығарылған облигациялардың валютадағы (АҚШ долларымен) үлесі 2022 жылы рекордтық көрсеткішке ие болды. Бұл биыл орналастырылған жалпы көлемнің 26.9%-ын құрады. 2023 жылы валютадағы облигациялардың көп бөлігі жылдың бірінші жартысында орналастырылды және бір жыл ішінде олардың үлесі 17.7% болды (2.17-график). 2023 жылы валюталық корпоративтік облигациялардың көп үлесін микроқаржы, лизинг, коллекторлық агенттіктер және аз үлесін халықаралық қаржы ұйымдары орналастырды. Осылайша, осы ұйымдардың тәуекел бейіні жеткілікті түрде жоғары болып қалады және валютада номинирленген облигацияларға қызмет көрсетуде валюталық тәуекел орын алуы мүмкін.

2.17-график Эмитенттер және шығарылым валютасы (Биржалық мәмілелер) бөлінісінде шығарылған корпоративтік облигациялардың көлемі, млрд теңге



Дереккөзі: ҚҚБ, БҚОД


Ескертпе: 1) X осіне әрбір бөлу шығарылған қағаздардың айына жатады. 2) Валютадағы облигациялардың үлесі валютада номинирленген облигациялар көлемінің белгілі бір жылдағы облигациялардың жалпы көлеміне қатынасымен есептеледі. 3) ЗТ – ҚР заңды тұлғалары (ЕДБ қоспағанда), ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер, ИҚ – инвестициялық қор, ШӘМЕ – шетелдік эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, ХҚҰ – халықаралық қаржы ұйымдары. 4) Биржалық мәмілелерге АИХ-те тіркелген мәмілелер кірмейді.



Теңгедегі және валюталық корпоративтік облигацияларды өтеуге күтілетін кірістілікті салыстыру кезінде 2023 жылы шығарылған корпоративтік қағаздардан өтеуге күтілетін кірістілік теңгедегі облигацияларда жоғары болғандығы көрінеді (2.18-график). Валютада номинирленген облигацияларды өтеуге күтілетін төмен кірістілік валюталық тәуекелді қамтымайды, ол да бағалы қағазды өтеу кезінде инвестор мен эмитентке әсер етеді.

Ұлттық валютада номинирленген корпоративтік облигациялардың ішінде 2023 жылы ҚР заңды тұлғалары (ЗТ) және екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ) санаттарының эмитенттері мерзімділіктің әртүрлі бөліктерінде өтеуге күтілетін ең жоғары кірістілікке ие. 2.18-графиктен де 2023 жылы шығарылған қағаздардың көпшілігі 1 жылдан 3 жылға дейінгі мерзімділікке сәйкес келетінін байқауға болады. Валютада номинирленген облигациялар көбінесе қысқа және орта мерзімді (5 жылға дейін) қағаздар болды.

2.18-график 2023 жылы шығарылған қағаздар эмитенттері және мерзімділік бөлінісінде корпоративтік облигациялардың мәмілелері (Биржалық мәмілелер), өтеуге кірістілік, жылдық %



Дереккөзі: ҚҚБ, БҚОД

Ескертпе: 1) X осіне әрбір бөлу мерзімділігі бойынша белгілі бір санаттағы шығарылған қағаздың ISIN кодына жатады. 2) Өтеуге күтілетін кірістілікті ҚҚБ есептейді. 3) ЗТ – ҚР заңды тұлғалары (ЕДБ қоспағанда), ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер, ИҚ – инвестициялық қор, ШЭМЕ – шетелдік эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, ХҚҰ – халықаралық қаржы ұйымдары. 4) Таза бағамен сатылатын корпоративтік облигациялар бейнеленген. 5) Жасалған мәмілелер бойынша өтеуге кірістілік (өтінімдер бойынша емес).

3

Тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығы

2023 жылы тұрғын үй жылжымайтын мүліктің бастапқы нарығындағы бағалар 2023 жылғы наурыздан бастап біршама өсуді көрсетті. Ал қайталама нарықтағы бағалар 2023 жылғы үш тоқсан бойы төмендеп, 4-тоқсанда аздап қалпына келді. Жеңілдікті бағдарламалар көлемінің айтарлықтай төмендегеніне қарамастан, тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығындағы бағалар тұрақты болғанымен, белсенділік жоғары деңгейде қалды. 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы сатып алу-сату мәмілелерінің саны 20,5%-ға қысқарды, алайда ол пандемияға дейінгі деңгеймен салыстырғанда өсуді көрсетіп отыр. Пайдалануға берілген пәтерлердің саны 2022 жылы төмендегеннен кейін 2023 жылы 20,2%-ға өсті.

Жеңілдікті ипотекалық бағдарламалар көлемінің төмендеуі аясында нарықтық ипотекалық қарыздар көлемі айтарлықтай өсті. Осылайша, нарықтық ипотекалық қарыздардың үлесі 2022 жылғы 15,5%-дан 2023 жылы 34,6%-ға дейін өсті. Ипотекалық нарықтағы орташа өлшенген мөлшерлемелердің де өсуі бастапқы нарықтағы халыққа борыштық жүктеменің өсуіне ықпал етті және қайталама нарыққа айтарлықтай әсер ете қойған жоқ. Алайда соңғы жылдары борыштық жүктеменің өсіндегі негізгі фактор тұрғын үй жылжымайтын мүлік бағасының өсуі болып табылады.

LTV қарыздарды беру сәтінде тұрақты деңгейде тұр, бұл ретте нарықтық ипотекалық қарыздардың өсуі аясында 40%-дан 50%-ға дейінгі тәуекелі аз LTV санатындағы қарыздар үлесінің өсуі байқалады. Қамтамасыз етілген тұтынушылық қарыздар бойынша екінші деңгейдегі банктерді кепілдікпен қамтамасыз етудегі тұрғын үй жылжымайтын мүліктің елеулі үлесін ескере отырып, тұрғын үй жылжымайтын мүлік бағасының орнықты деңгейден одан әрі жоғары өсуі екінші деңгейдегі банктердің кепілдікпен қамтамасыз етуіне ықтимал тәуекелдер туындатады.

3.1 Тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығындағы үрдістер

2023 жылғы желтоқсанда жаңа тұрғын үй бағасы 2022 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2,7%-ға өсті. Номиналды түрде Қазақстанда бастапқы тұрғын үйдің 1 шаршы метрінің бағасы 494,9 мың теңгені, Алматыда – 577,6 мың теңгені, Астанада 588,8 мың теңгені құрады.


2023 жылдың соңына қарай қайталама нарықта Қазақстан бойынша жылжымайтын мүліктің орташа бағасы 3,7%-ға төмендеді. 2022 жылы тұрғын үй жылжымайтын мүлігінің орташа айлық бағаларының айтарлықтай өсуінен кейін 2023 жылдың басынан бастап қайталама нарықтағы орташа бағалардың кері түзетілуі байқалады. Сондай-ақ 2023 жылдың соңында бастапқы және қайталама нарықтағы тұрғын үй бағасының көрсеткіштері абсолюттік мәнде теңесті.




Валюталық мәнде тұрғын үйдің бастапқы және қайталама нарығындағы бағалар 2015 жылдың аяғында айтарлықтай төмендегеннен кейін 2020 жылдың соңына дейін біртіндеп төмендеді. Халық үшін зейнетақы жинақтарын жеткіліктілік шегінен тыс алу мүмкіндігі енгізілгеннен кейін бағалар өсті, алайда 2015 жылдың ортасындағы көрсеткіштерге қарағанда едәуір төмен болып қалуда.

3.1-график 2023 жылдың соңына қарай ҚР бойынша жылжымайтын мүліктің бастапқы және қайталама нарығына орташа баға номиналды мәнде теңесті

Бастапқы нарықтағы баға



Қайталама нарықтағы баға, ш.м. мың теңге



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері


Ескертпе: Бағалар ҚР СЖРА ҰСБ-ның ай сайынғы индекстерін пайдалана отырып қайта есептелді. Қайта есептеудің бастапқы нүктесі үшін 2023 жылы жылжымайтын мүлік бағасы пайдаланылды.

2023 жылғы бірінші жартыжылдықта жылжымайтын мүлік саласындағы операциялар көлемінің азаюы байқалады, алайда кейінгі кезеңде 2022 жылғы ұқсас кезеңге тән деңгейге қол жеткізе отырып, осы үрдісті түзету байқалады (3.2-график). Көрсетілген құбылыс жылдың екінші жартысында жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату жөніндегі мәмілелер саласындағы белсенділіктің артуына байланысты маусымдық нәтижені білдіреді. 2014 жылдан бастап екінші жартыжылдықта тек 2022 жылды қоспағанда, бірінші жартыжылдықпен салыстырғанда транзакциялар санының ұлғаюы байқалады.

2023 жылы тұрғын үйді сатып алу-сату бойынша мәмілелер саны 465.8 мыңнан 370.6 мыңға дейін жылдық мәнде 20,5%-ға азайды. 2023 жылы жылжымайтын мүлік нарығындағы белсенділік 2021 және 2022 жылдармен салыстырғанда айтарлықтай төмендегенін айта кету керек. Алайда 2023 жылдың соңында мәмілелер саны 2020 және 2019 жылдардан жоғары болды. Мәмілелер санының айтарлықтай қысқаруы 2022 жылғы сәуірде зейнетақы жинақтарының бір бөлігін мерзімінен бұрын алу үшін жеткіліктілік шегінің ұлғаюымен, сондай-ақ қаражатты мерзімінен бұрын алу мүмкіндігі бар тұлғалардың 2021 және 2022 жылдары осы мүмкіндікті пайдалануымен түсіндіріледі. Бұдан басқа, 2023 жылдың басынан бастап «7-20-25» мемлекеттік жеңілдікті ипотекалық бағдарламасына жыл сайын 100 миллиард теңге мөлшерінде лимит енгізілді.

3.2-график 2023 жылы мәмілелер саны 20,5%-ға қысқарды

Жылжымайтын мүлік нарығында сатып алу-сату мәмілелерінің саны, мың



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

3.2 Тұрғын үй құрылысы

ҰСБ статистикалық деректеріне сәйкес 2023 жылы Қазақстанда тұрғын үй ғимараттарын салуға бағытталған қаржыландырудың жалпы көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 36,0%-ға ұлғайып, шамамен 3,2 триллион теңгені құрады. Осы кезеңде жалпы ауданы 17,5 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл 2022 жылғы деңгейден 11,9%-ға артық. Сонымен қатар, 157 мың пәтер салынды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 20,2%-ға өсімді құрайды.

2023 жылы тұрғын ғимараттың жалпы алаңының 1 шаршы метрін салуға жұмсалған орташа нақты шығын 182,6 мың теңгені құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 21,5%-ға жоғары.

2023 жылы пайдалануға берілген пәтерлердің жартысына жуығы Астана және Алматы қалаларында шоғырландырылады, онда тиісінше шамамен 46,0 және 26,6 мың пәтер пайдалануға берілді. Үшінші орында пайдалануға берілген 9,7 мың пәтермен Шымкент қаласы.

2023 жылы нақты ЖІӨ өсімі 5,1%-ды құрады, бұл нақты ЖІӨ-нің 2014 жылдан бері ең жоғары өсімі болып табылады. 2019 жылдан бастап құрылыс секторы нақты ЖІӨ өсіміне елеулі үлес қосып келеді және ол шамамен 1,7%-ды құрайды (3.4-график). Экономиканың қалған секторларының үлесі 2023 жылы өткен жылғы 1,9%-дан 3,2%-ға дейін ұлғайды. Бұл ретте құрылыс секторының байқалып отырған үлесі 2008 жылдан бастап едәуір өсті, бірақ 2006 және 2007 жылдардағы дағдарысқа дейінгі көрсеткіштерге жетпейді.




3.3-график 2023 жылы құрылыс белсенділігінің айтарлықтай өсуі байқалады

ҚР тұрғын үйлерінде пайдалануға берілген пәтерлер саны, мың



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

3.4-график Құрылыс секторының үлесі 1,3%-дан 1,7%-ға дейін өсті



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

3.3 Ипотекалық кредит беру

2023 жылғы ақпанда банктер ЖК-ні қоса алғанда, жеке тұлғаларға берген кредиттердің жалпы көлеміндегі ипотекалық кредит беру үлесі тарихи ең жоғары деңгейге жетті және 38,14%-ды құрады. Алайда, жыл ішінде ипотекалық кредит беру бойынша орташа алынған мөлшерлемелердің ұлғаюы бірге жүретін ЕДБ-дан кредит берудің жалпы көлеміндегі ипотека үлесінің төмендеу үрдісі байқалды (3.5-график).

Кредиттеудің жалпы көлеміндегі ипотекалық кредиттердің үлесі орташа алынған мөлшерлемелердің өсуі аясында тиісінше 9,7%-дан 11,1%-ға дейін 2022 жылғы желтоқсандағы 20,7%-дан 2023 жылғы желтоқсандағы 19,0%-ға дейін төмендеді. Орташа алынған ипотекалық мөлшерлемелердің өсуі «7-20-25» бағдарламасын 2023 жылы қаржыландыруды жылына 100 млрд теңгеге дейін шектеуге және басқа да мемлекеттік жеңілдікті ипотекалық бағдарламалардың болмауына байланысты.

ЕДБ есептеріне сәйкес, екінші деңгейдегі банктер, соның ішінде Отбасы Банкі 2023 жыл ішінде халыққа жалпы сомасы 1,69 триллион теңге ипотекалық қарыз берді. Отбасы Банкі ипотекалық кредит беру үшін 1,0 триллион теңге сомасына қаражат берді, бұл ипотекалық кредит берудің жалпы көлемінің 59,4%-ын

құрайды. Дегенмен, 2023 жылы «7-20-25» мемлекеттік жеңілдікті ипотекалық бағдарламасының үлесі ипотекалық кредиттеудің жалпы көлемінен 5,9%-ға дейін төмендеді, ал 2022 жылы бұл бағдарлама жалпы көлемнің 21,2%-ын құрады. Бұл жылына 100 миллиард теңге мөлшерінде қаржыландыруды шектеуге байланысты болғандықтан «7-20-25» бағдарламасы үлесінің айтарлықтай төмендеуіне алып келді.

3.5-график 2023 жылы ЕДБ-дан нарықтық ипотекалық кредит берудің айтарлықтай өсуі байқалады

ЕДБ-ден жалпы кредит беру бөлінісінде ипотекалық кредит беру көлемі, трлн теңге



Дереккөзі: ҚРҰБ

Берілген ипотекалық қарыздар бойынша орташа алынған мөлшерлемелер



3.6-график Жылдық мәнде нарықтық ипотека көлемі екі есе өсті

Берілген ипотекалық кредиттердің көлемі, млрд теңге



Дереккөзі: ҚРҰБ есептеулері


Сонымен қатар, 2022 жылы жеңілдікті бағдарламалардың жалпы үлесі, оның ішінде Отбасы Банкінен және «7-20-25» бағдарламасынан ипотекалық кредит беру 84,5%-ды құрады, ал 2023 жылы жеңілдікті ипотекалық кредит беру үлесі 65,4%-ға дейін төмендеді. 2023 жылы ипотекалық кредит беру көлемі 15,2%-ға азайды, дегенмен нарықтық ипотекалық кредит беру 2 есе өсті. Алайда, тиісінше 2024 жылғы 1 наурызда және 1 мамырда басталатын «Отау» және «Наурыз» жаңа мемлекеттік жеңілдікті ипотекалық бағдарламалары ЕДБ-ден нарықтық ипотекалық кредиттеудің одан әрі өсуін шектеуі мүмкін.

Ипотекалық төлемнің үй шаруашылықтарының қолда бар кірісіне қатынасының есептік көрсеткіші 2019 жылдан бастап Алматы және Астана қалалары бойынша және 2020 жылдан бастап Қазақстан Республикасы бойынша өсті (3.7-график). 2019 – 2022 жылдар кезеңінде ипотекалық қарыздар бойынша орташа алынған мөлшерлемелердің төмендеуін ескере отырып, тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығындағы бағаның өсуі ипотекалық кредиттер бойынша халықтың борыштық жүктемесінің өсуіне бірден-бір фактор болды.




3.7-график Ипотекалық төлемнің үй шаруашылықтарының қолда бар табысына қатынасы өсуде

Бастапқы тұрғын үй



Қайталама тұрғын үй




Дереккөзі: ЕДБ, ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

Ескертпе: ипотекалық төлем тұрғын үйдің орташа бағасы 54 шаршы метр, бастапқы жарна 30%. ЕДБ бойынша орташа мөлшерлеме, мерзімі 20 жылға есептелген. Қолда бар кіріс үй шаруашылықтарының салықтарды, төлемдерді және басқа да төлемдерді, үй шаруашылықтарына берілетін ағымдағы трансферттерді шегергендегі атаулы ақшалай табыстары ретінде есептеледі.

2023 жылы қарыз беру сәтінде LTV көрсеткіштері орнықты деңгейде болды. LTV – бұл кредиттік ұйымның кепілге берілетін мүлік құнына кредит сомасының қатынасы. Осылайша, қарыздардың ең көп саны 60%-70% аралығына келеді, бұл Отбасы банкінің аралық қарыздарының жоғары көлеміне негізделген. (3.8-график). Отбасы банкінің аралық қарыздары бойынша талаптарды қатаңдату және нарықтық ипотекалық өнімдер үлесінің өсуі аясында 40%-дан 50%-ға дейінгі LTV санатындағы қарыздар үлесінің өсуі байқалады, 50%-дан 60%-ға дейінгі және 60%-дан 70%-ға дейінгі LTV санаттарындағы қарыздар үлесінің ілеспе төмендеуі байқалады.

3.8-график Қарыз беру сәтіндегі LTV



Дереккөзі: Кредит тіркелімі

Тұрғын үй жылжымайтын мүлік қамтамасыз етумен тұтынушылық қарыздардың 37.1%-ын құрай отырып, жеке тұлғаларға тұтынушылық кредит беруді қамтамасыз ету құрылымында едәуір үлесін алады. Осылайша, тұрғын үй жылжымайтын мүлігі бағасының тұрақты деңгейден жоғары өсуі екінші деңгейдегі банктердің кепілдікпен қамтамасыз етуінде тәуекелдерге әкелуі мүмкін.

3.1-кесте 2023 жылдың соңына қарызды қамтамасыз ету бөлігінде жеке тұлғаларға берілген қарыздардың түрлері.

	Авто-мобиль	Тұрғын үй-жай	Жер	Коммерциялық үй-жайлар	Басқасы	Техника	Қаржы құралдары
Ипотекалық тұрғын үй қарызы	0,1%	80,1%	0,1%	3,7%	1,2%	0,1%	14,8%
Қамтамасыз етілген тұтынушылық қарыздар	1,8%	37,1%	0,6%	16,5%	0,9%	0,2%	42,9%


Дереккөзі: Кредит Тіркелімі

3.4 Мемлекеттік бағдарламалар

Уақыт өте келе бір-бірімен алмастырылған жеңілдікті ипотекалық бағдарламаларға үнемі жоғары сұраныс байқалады. Осылайша, бірінші кезеңде ең танымал мемлекеттік жеңілдікті ипотекалық бағдарлама «Баспана Хит» болды, бірақ ол аяқталғаннан кейін, 2022 жылдың басынан бастап сұраныс көлемі «7-20-25» бағдарламасына ауысты (3.9-график).

3.9-график «7-20-25» ипотекалық бағдарламасы көлемінің айтарлықтай азаюы байқалады

«Баспана Хит» және «7-20-25» бағдарламалары бойынша берілген соманың динамикасы, млрд т



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі, ҚРҰБ есептеулері

2022 жылы «7-20-25» жеңілдікті несиелендіру бағдарламасына қатысуға берілген өтінімдер саны 2021 жылғы көрсеткіштерден 5 есе асып түсті. Алайда 2023 жылы берілген өтінімдер саны 2022 жылмен салыстырғанда үш есеге жуық азайды. Сонымен бірге, «7-20-25» бағдарламасы бойынша берілген кредиттер көлемі енгізілген жаңа шектеулерге байланысты 2022 жылғы 422,2 млрд теңгеден 2023 жылы 100 млрд теңгеге дейін қысқарды, бұл өткен кезеңмен салыстырғанда 4,2 есе азайды.

Сонымен қатар, 2023 жылы Отбасы Банкіндегі аралық қарыздар үшін шарттар қатайтылды. Банк деректеріне сәйкес, 2022 жылы 79,9 мың қарыз берілді, оның 68,0% аралық қарыз болды. Мұндай қарыздардың басым бөлігі нөлге тең бағалау көрсеткішімен берілді, бұл қарыз алу кезінде клиенттердің қаражат жинамағанын және олардың Отбасы банк жүйесіне қатыспағанын көрсетеді. Енді тұтынушылар тұрғын үй құнының 50% болғанына қарамастан, ипотека алу үшін үш айдан бір жылға дейін күтуі керек. Соның салдарынан 2023 жылы Отбасы Банкі 64,8 мың қарыз берді, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 19,0% төмен және осы қарыздардың 61,6% аралық қарыздарды алды.


2019 жылдан 2023 жылға дейін ай сайынғы ипотекалық төлемдердің «7-20-25» бағдарламасына қатысатын үй шаруашылықтарының кірістеріне қатынасы 2022 жылы тіркелген деңгейді ұстап тұрып, бүкіл республика деңгейінде 24,3%-дан 28,6%-ға дейін өсті (3.10-график). 2019 жылмен салыстырғанда 2023 жылы сатып алынған тұрғын үйдің құны 24,4%-ға артып, 18,1 млн теңгеге жетті. Тұрғын үй құнының айтарлықтай өсуі «7-20-25» бағдарламасы бойынша ай сайынғы ипотекалық төлемдерге әсер етіп, олардың 20,2%-ға ұлғаюына алып келді.

«7-20-25» бағдарламасы бойынша тұрғын үйдің ең жоғары бағасы Атырау облысында, сондай-ақ Алматы және Астана қалаларында тіркелген. Ал ең төмен бағалар Павлодар, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан және Жетісу облыстарында тіркелді.




3.10-график «7-20-25» бағдарламасы бойынша үй шаруашылықтарының орташа табыстарына ипотека бойынша айлық төлемнің қатынасы

Ай сайынғы ипотекалық төлемдердің үй шаруашылықтарының кірістеріне қатынасы



«7-20-25» бағдарлама бойынша тұрғын үйдің орташа құны, млн теңге



Дереккөзі: ҚОҚ есептілігі, ҚРҰБ есептеулері

Ипотекалық қарыздың орташа сомасы 2019 жылдан бастап 2023 жылға қарай 21.0%-ға ұлғайды. Бірақ бұл ретте тұрғын үйдің ең жоғары рұқсат етілген құны бағдарлама іске қосылған сәттен бастап сол қалпында қалады. Осыған байланысты жыл сайын тұрғын үй сомасының ұлғаюы кезінде осы бағдарлама бойынша лайықты жылжымайтын мүлік сатып алу қиындап барады. Бұдан бөлек, жеңілдетілген ипотекалық қарыздардың едәуір үлесі нарықтық ипотекалық бағдарламаларды дамытуды қиындатады.

3.1-бокс Мемлекеттік жаңа ипотекалық бағдарламалар

Іске қосылуы 2024 жылғы 1 наурызға жоспарланған «Отау» немесе «9-20-19» жаңа жеңілдетілген ипотекалық бағдарламасының шарттарына сәйкес Алматы және Астана қалаларында 30 миллион теңгеге дейін және қалған өңірлерде 18 миллион теңгеге дейін қарыздың ең жоғары сомасын беру көзделген. Осы бағдарлама бойынша бастапқы жарна кемінде 20%-ды құрайды және кредиттеудің жалпы мерзімі – 19 жылға дейін. Осы бағдарлама аясында тұрғын үй сатып алу тек Алматы, Астана, Шымкент қалаларында және облыс орталықтарында ғана. ҚТК кепілдігімен үлестік қатысу бойынша мәмілелерді қоса алғанда, бастапқы нарықпен шектеледі. Қалған елді мекендерде тұрғын үйдің кез келген түрін сатып алу мүмкіндігі көзделген.

«Отау» бағдарламасы жұмыс істейтін жастарды, жас отбасыларды және Отбасы Банкінің салымшыларын тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған. Бағдарламаның негізгі бағыты – 35 жасқа дейінгі қазақстандықтарға қолжетімді ипотекалық кредит беру. Қарыз алушылардың осы санатына жыл сайын жалпы қаржыландыру көлемі 150 млрд теңге мөлшерінде қарыздардың жартысынан астамын бөлу жоспарланып отыр. Бағдарламаны қаржыландыру Отбасы банкінің меншікті қаражаты және қазақстандық қаржы нарығында қарызға алынған қаражат есебінен жүзеге асырылады. Аталған «Отау» бағдарламасы 7 жыл бойы жұмыс істейді деп күтілуде.

Сонымен қатар, 2024 жылдың 25 сәуірінен бастап жеңілдетілген жаңа «Наурыз» ипотекасы іске қосылады және бағдарламаның операторы «Отбасы банкі» болады. 2024 жылға осы бағдарлама бойынша 300 млрд теңге бөлінеді. Бұл бағдарламаның «Отау» ипотекалық бағдарламасынан айырмашылығы «Отбасы банкіне» 18 айлық депозиттің талап етілмеуі және Алматы мен Астана қалаларында ең жоғары қарыз сомасын 36 млн теңгеге дейін ұлғайту болып табылады. Сондай-ақ, «Наурыз» бағдарламасы бойынша халықтың әлеуметтік осал топтары 7%-бен ипотека ала алады.

4

Банк және микроқаржы секторларының тәуекелдері

4.1 Банктердің корпоративтік портфелі¹⁰

2023 жылы банктердің корпоративтік несие портфелінің сапасы күмәнді қарыздардың, сол сияқты жұмыс істемейтін қарыздардың азаюы есебінен жақсарды. Корпоративтік портфельдегі проблемалық қарыздар үлесінің төмендеуі бизнестің барлық субъектісі бөлінісінде орын алды, бұл ретте ШОБ портфелінің сапасы мейлінше төмен болып қалды. Осының аясында банк жүйесінің корпоративтік портфелінің проблемалық қарыздарын провизиялау коэффициенті аздап артты.

Банктер негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемдерді мейлінше кешірек кезеңге кейінге қалдыру мүмкіндігімен қарыз алушылардың аз тобына ірі қарыз беруді жалғастыруда. Корпоративтік қарыз алушылардың шектеулі санында борыштың шоғырлануы біртіндеп азаюда, бірақ әлі де жоғары (41%). Мәселен, корпоративтік портфельден күмәнді қарыздардың негізгі көлемі (71%) 2023 жылдың соңында банктердің ең ірі 25 қарыз алушысына шоғырланды.

Салалық бөліністе банктер көбінесе проблемалық қарыздардың негізгі көлемі шоғырланған экономиканың сауда жүргізбейтін секторын кредиттеуді жалғастыруда. Мәселен, қызмет көрсету, өңдеу өнеркәсібі, сауда, құрылыс және жылжымайтын мүлік саласындағы қарыздардың сапасы мейлінше төмен саналады. Сонымен қатар банкротқа ұшыраған кәсіпорындардың негізгі бөлігі (62%) құрылыс және жылжымайтын мүлік, сауда және өңдеу өнеркәсібі салаларында шоғырланған.

2023 жылы банк секторының корпоративтік портфелінде жұмыс істемейтін (NPL90+) және күмәнді қарыздарды қамтитын проблемалық қарыздардың¹¹ көлемі айтарлықтай төмендеді (4.1-график). Банктердің есептілігі бойынша жұмыс істемейтін қарыздардың үлесі 3.0%-дан 2.3%-ға дейін төмендеп (4.1-график), соңғы 7 жылда өзінің ең төменгі деңгейіне жетті. Бір жыл ішінде NPL90+ үлесінің төмендеуі кредиттік портфельдің өсуі есебінен де, сол сияқты NPL90+ абсолютті көлемінің төмендеуі есебінен де болды. NPL90+ көлемі бір жыл ішінде 289 млрд теңгеге дейін 10%-ға төмендеді.


¹⁰ Корпоративтік портфель заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге берілген қарыздарды қамтиды.

¹¹ Қаржылық тұрақтылық туралы алдыңғы есептерге ұқсас кредиттік тәуекелді талдау мақсаты үшін Ұлттық Банк жекелеген қарыз деңгейіндегі кредиттік тіркелім деректері негізінде есептеген қарыздар сапасының индикаторлары (РЕПО операциялары мен басқа банктерге берілген қарыздарды есепке алмағанда) қолданылды. Мәселен, мынадай белгілер орын алады: NPL90+ – мерзімі өткен берешегі 90 күннен асатын банктердің есептілігі бойынша қарыздар; күмәнді қарыздар (1, 2-санатты) – Ұлттық Банктің бағалауы бойынша негізгі борыш бойынша ақша ағыны жоқ және жоғары жинақталған есептелген сыйақысы бар, қайтарылмау белгілері бар қарыздар; 2-санаттағы күмәнді қарыздардың мейлінше төмен сапа белгілері бар; проблемалық қарыздар – NPL90+ және күмәнді қарыздардың жалпы көлемі; стандартты қарыздар – жоғарыда аталғандарға жатқызылмаған қарыздар.



NPL90+ қарыздарымен бірге Ұлттық Банктің бағалауы бойынша күмәнді қарыздар көлемі азайды. Кредиттік портфельдің өсуі және күмәнді қарыздар портфелінің бір мезгілде төмендеуі (-3%) аясында олардың несиелік портфельіндегі үлесі 18,3%-дан 15,1%-ға дейін төмендеді. Күмәнді қарыздардың негізгі көлемі (73%) 2023 жылдың соңында 3 ірі банкке шоғырланды, олар өтеудің стандартты емес кестелерімен, оның ішінде негізгі борыш бойынша төлемді мейлінше кешірек кезеңге кейінге қалдырумен, сыйақы төлеумен де, төлемей де қарыз беруді жалғастыруда.

4.1-график 2023 жылы корпоративтік портфельдің сапасы жақсарды



Дереккөзі: Банкердің есептілігі, Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ бағалауы

Ескертпе: Корпоративтік портфель заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге берілген қарыздарды қамтиды. NPL90+ – банкердің есептілігі бойынша жұмыс істемейтін қарыздар, күмәнді қарыздар – NPL90+ қоспағанда, ҚРҰБ бағалауы бойынша төмен қайтарымдылық белгілері бар қарыздар

Банктердің кредиттер бойынша ықтимал шығындар үшін резервтердің мөлшерін анықтауы несиелік тәуекелді басқаруда маңызды рөл атқарады. 2023 жылы корпоративтік портфельді провизиялармен өтеудің жалпы деңгейі 8,5%-дан 6,6%-ға дейін төмендеген кезде жұмыс істемейтін қарыздарды провизиялармен өтеу (резервтер) 86,6%-ға дейін 4 пайыздық тармаққа өсті (4.1-график). Күмәнді қарыздарды провизиялау коэффициенті де 2-санатты күмәнді қарыздар бойынша ықтимал шығындарға арналған резервтердің ұлғаюы есебінен жыл ішінде 1 пайыздық тармаққа өсіп, 13,1%-ды құрады¹². Жұмыс істемейтін және күмәнді қарыздарды провизиялармен өтеу үлесінің біршама ұлғаюымен бірге корпоративтік портфельдің проблемалық қарыздары арасында қамтамасыз етусіз қарыздар көлемі үлесінің 13%-дан 18%-ға дейін өсуі байқалады. Банктердің кредиттер бойынша белгіленген мерзімде қайтарылмау ықтималдығын төмендету, жұмыс істемейтін және күмәнді қарыздардың көлемін қысқарту үшін кредиттік тәуекелді мұқият басқарғаны жөн, бұл өз кезегінде қажетті резервтердің көлемін азайтуға және банктің рентабельділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жұмыс істемейтін қарыздар көлемінің негізгі төмендеуі корпоративтік портфельдің NPL90+ көлемінің үштен екісін шоғырландыратын ШОБ портфелінде (-12%) орын алды. Бұл орайда дара кәсіпкерлердің кредиттік портфелінің 59%-ға өсуі аясында олардың жұмыс істемейтін қарыздарының көлемі үштен біріне өсіп, жыл соңына қарай корпоративтік портфельдің NPL90+ көлемінің 23%-ын құрады. Ірі бизнес портфеліндегі мейлінше аз көлемді NPL90+ алады, ол негізінен жекелеген банктерде провизияларды тарату есебінен 39%-ға төмендеп, 2023 жылдың соңына қарай корпоративтік портфельдің проблемалық қарыздарының барлық көлемінің 13%-на жетті. Бір жыл ішінде NPL90+ үлесінің төмендеуі барлық бизнес субъектісі бойынша байқалды (4.2-график).

Жұмыс істемейтін қарыздармен бірге бизнестің барлық субъектісі бойынша күмәнді қарыздардың үлесі де төмендеді (4.2-график). ШОБ портфелінің сапасы мейлінше төмен болып қалуда. Мәселен, 2023 жылдың соңында күмәнді қарыздар көлемінің 57%-ы шағын және орта бизнес субъектілеріне, 42%-ы ірі бизнеске және 1%-ы ғана дара кәсіпкерлерге тиесілі. Күмәнді қарыздар бойынша банктер ұзақ

¹² 1-санатты күмәнді қарыздарды провизиялармен өтеу деңгейі 2023 жылы 7,2%-дан 5,6%-ға дейін төмендеді, бұл ретте 2-санатты күмәнді қарыздарды провизиялармен өтеу 45,8%-дан 53,2%-ға дейін өсті.

уақыт бойы берілген қаражаттан ақша ағынын алмайды және қайтарылмау тәуекелдерін жинақтайды. Бұл ретте ШОБ сегментінде негізінен қаржылық жағдайы тұрақсыз кәсіпорындар шоғырланған¹³, оларға төлемді кейінге қалдыра отырып қарыз беру тәуекелдер өсуінің жанама индикаторы болуы мүмкін.

4.2-график Қарыздар сапасының жақсаруы барлық бизнес субъектісі бөлінісінде байқалады



Дереккөзі: Банктердің есептілігі, Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ бағалауы

Ескертпе: Графикте корпоративтік несие портфелінің тиісті сегменттеріндегі үлестер көрсетілген. NPL90+ – бұл банктердің есептілігі бойынша жұмыс істемейтін қарыздар; проблемалық қарыздар – NPL90+ қосқанда төмен қайтарымдылық белгілері бар қарыздар.

NPL90+ корпоративтік портфель құрылымында 2023 жылдың соңына қарыздардың жартысы 2021–2023 жылдар аралығында, негізінен ұлттық валютада берілді (4.3-график). 2023 жыл ішінде жұмыс істемейтін қарыздар көлемінің негізгі төмендеуі 2016 жылға дейін беру есебінен орын алды, олар бойынша банктер берешекті белсенді түрде өндіріп алуды не есептен шығаруды жалғастыруда. Сонымен қатар микробизнеске арналған бланктік кредиттік өнімдер ұсынысының өсуі аясында NPL90+ портфелінде соңғы 3 жылда беру есебінен қамтамасыз етусіз жұмыс істемейтін қарыздар үлесінің 12%-дан 17%-ға дейін өсуі байқалады (НБ көлемі бойынша). Керісінше, жұмыс істемейтін қарыздар арасындағы кепілді кредиттер көлемінің жартысы 2018 жылға дейін берілген.

Берілген жылы бойынша корпоративтік портфельдің күмәнді қарыздарының үштен екісі 2023 жылдың соңында 2 жыл бұрын берілген қарыздар арасында шоғырланады (4.3-график). 2023 жылы күмәнді қарыздардың негізгі көлемінің төмендеуі 2021 жылы реттеушілік жеңілдіктер кезеңінде берілген қарыздарға тиесілі болды¹⁴. Сонымен қатар күмәнді қарыздар портфеліндегі бланктік кредиттердің көлемі өсуде¹⁵, олардың 76%-ы 2023 жылдың соңында соңғы 2 жылда берілген. Мәселен, жекелеген банктерде 2008 жылы шетел валютасында берілген қамтамасыз етусіз күмәнді қарыздардың үлесі олардың күмәнді қарыздар көлемінің үштен бірін немесе 2023 жылдың соңында олардың корпоративтік портфелінің 6%-ын құрауда. Бұл факт негізгі борышты ай сайын өтейтін қарыздарға қарағанда өтеу кестелері стандартты емес қарыздардың қайтарылмау тәуекелі жоғары болатынын растайды.

Ірі корпоративтік қарыз алушыларда борыштың шоғырлануы банктердің барлық тобы бойынша біртіндеп азаяды, бірақ әлі де жоғары (4.4-график). Мәселен, әрбір банктің ең ірі үздік 25 корпоративтік қарыз алушысы 2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша банктердің корпоративтік портфелінің 40.7%-ын құрайды.


¹³ 2022 жылғы қаржылық тұрақтылық туралы есепке сәйкес Корпоративтік портфель 4.3-бөлімінде штаттық саны 100 адамға дейінгі кәсіпорындар мейлінше аз төлем қабілеттілігіне ие, мұндай қарыз алушылар бойынша қарыздардың сапасы ең төмен.

¹⁴ 2021 жылдың соңына дейін жекелеген реттеуші жеңілдіктердің қолданылуы ұзартылды. Атап айтқанда, ШОБ субъектілеріне берілген қарыздар мен кепілдіктер және синдикатталған қарыздар бойынша тәуекел-саралау коэффициенттерінің мәндерін төмендету, сондай-ақ «анық» кепіл мүлкінің тізбесін кеңейту жөніндегі шаралар сақталды.

¹⁵ 2023 жылы 13%-дан 18%-ға дейін артты.




4.3-график 2023 жылы күмәнді қарыздардың үлесі негізінен 2021 жылғы беру есебінен төмендеді



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ бағалауы

Ескертпе: Өрнектеп боялған бөлік валютадағы қарыздарға сәйкес келеді

4.4-график 2023 жылдың қорытындысы бойынша ең ірі 25 қарыз алушының сапасы жақсарды. Алайда күмәнді қарыздардың негізгі көлемі банктердің ең ірі 25 қарыз алушысында қалады



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ бағалауы


Ескертпе: Тиісті топтардың әрбір банкінің корпоративтік портфелінің 25 ірі қарыз алушысының жиынтық бершегі. Ең үздік 10 және ең үздік 5 – есепті күнгі банктердің тиісті топтары. Өзге де қарыз алушылар – бұл банктердің тиісті тобының ең үздік 25-іне кірмеген қарыз алушылар.

Ірі қарыз алушылар қарызының сапасы 2023 жылдың қорытындысы бойынша банктердің барлық тобы бойынша жақсарды (4.4-график). Алайда, мұндай қарыз алушыларға корпоративтік борыштың жиынтық

көлемінен күмәнді қарыздардың негізгі көлемі (71%) тиесілі болып отыр. Ірі қарыздар көбінесе негізгі қарызды өтеуді кейінгі кезеңдерге қалдыру мүмкіндігімен арнайы шарттарда беріледі.

Салалық бөліністе банктер көбінесе проблемалық қарыздардың негізгі көлемі шоғырланған экономиканың сауда жүргізілмейтін секторын кредиттеуді жалғастыруда (4.5-график). 2023 жылы сауда жүргізілмейтін салалардың кредиттік портфелінің өсуі сауда жүргізілетін салалардың өсуінен асып түсті, бұл орайда корпоративтік несие портфелінің проблемалық қарыз үлесін төмендетуге негізгі үлес қосу экономиканың сауда жүргізілетін секторы есебінен болды. Мәселен, сауда жүргізілетін сектордағы проблемалық қарыздардың үлесі 28%-дан 21%-ға дейін, сауда жүргізілмейтін сектор салаларында 19%-дан 16%-ға дейін төмендеді. 2023 жылы күмәнді қарыздардың төмендеуі өңдеу өнеркәсібі мен қызмет көрсету салалары есебінен болды. Корпоративтік несие портфеліндегі NPL90+ төмендеуіне құрылыс және жылжымайтын мүлік, тау-кен өнеркәсібі, сондай-ақ қызмет көрсету салалары негізгі үлес қосты, ал олардың қарыздарының сапасы мейлінше төмен болып қала берді.

4.5-график Күмәнді қарыздар мен NPL90+ сауда жүргізілмейтін секторларға шоғырланған



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ бағалауы

Ескертпе: Өрнектеп боялған бөлік – экономиканың сауда жүргізілмейтін салаларындағы, ал тұтас боялған бөлік сауда жүргізілетін салаларындағы қарыздарға сәйкес келеді.

4.1 бокс Altman Z-score бойынша кәсіпорындардың қаржылық орнықтылығын бағалау

Altman (1968)¹⁶ жұмысында кәсіпорынның банкрот болу ықтималдығын бағалау үшін әзірленген Altman Z-score қаржылық моделі (формуласы) алғаш рет ұсынылып, бүгінгі күнге дейін зерттеулерде кеңінен қолданылады. Altman (2005)¹⁷ жұмысында дамушы нарықтардың кәсіпорындарын бағалау үшін тағы бір Z-модель (EM Z-score) ұсынылды. EM Z-score дамушы елдердің ерекшеліктеріне, соның ішінде олардың өтімділігі төмен нарықтарына бейімделген. Мысалы, модельде қолданылатын капиталдың нарықтық құны баланстық құнға ауыстырылды. Бұл EM Z-score біздің кәсіпорындардың төлемге қабілеттілігін бағалауымызда мейлінше қолайлы ретінде қолданылады және былайша көрінеді:

$$EM\ Z\text{-score} = 6,56 * X_1 + 3,26 * X_2 + 6,72 * X_3 + 1,05 * X_4 + 3,25^{18}$$

¹⁶ Altman, E. I. (1968). Financial ratios, discriminant analysis and the prediction of corporate bankruptcy. The Journal of Finance 23 (4), 589–609.

¹⁷ Altman, E. I. (2005). An emerging market credit scoring system for corporate bonds. Emerging Markets Review 6 (4), 311–323.

¹⁸ Em Z-Score компоненттері бойынша мәліметтермен Альтманның зерттеу жұмыстарынан танысуға болады.




EM Z-score мәндері төмен кәсіпорындар орнықтылығы мейлінше төмен және оларға күтпеген өзгерістер ықпал ететін болып саналады. Altman (2005) еңбегіндегі скоринг нәтижелерін бөлуге сәйкес 5.85-тен жоғары мәндер жасыл аймаққа немесе қауіпсіз аймаққа, 3.75 – 5.85 аралығындағы мәндер сұр немесе осал аймаққа, ал 3.75-тен төмен мәндер қызыл аймаққа немесе дефолт аймағына жатады.

EM Z-score есептеуінде ҚР СЖРА ҰСБ жинайтын есептерден¹⁹ кәсіпорындар бойынша деректер, сондай-ақ банкроттық рәсімдері қолданылған не әлі де қолданылып жүрген борышкерлер бойынша ҚР Қаржы министрлігі МКК деректері пайдаланылады. ҚР Қаржы министрлігі МКК деректерін пайдалана отырып, біз ҚР СЖРА ҰСБ респондент-кәсіпорындары арасында банкроттар тобын бөліп алдық.

Altman Z-score есептеуі үшін фирмалар деңгейінде ҚР СЖРА ҰСБ дерекқорының көздерінен алынған шағын, орта және ірі кәсіпорындардың деректері пайдаланылады. Altman Z-score компоненттері 2010 – 2022 жылдар аралығындағы (жыл сайын) бухгалтерлік баланстың және пайда мен зиян туралы есептің көрсеткіштері негізінде есептелген. Шағын кәсіпорындар бойынша деректер іріктеу негізінде жиналады.

Деректерден мемлекет 100% қатысатын респонденттер алып тасталды. Z-score есептеуі кезінде іріктемеге оның датадағы әрбір компоненті бойынша алымында да, бөлімінде де деректері бар респонденттер ғана енгізілді. Z-score бойынша экстремалды мәндер алып тасталды²⁰. Осылайша, Z-score коэффициенті бойынша іріктеме 246605 бақылаудан тұрады (респондент-жыл), оған 84 599 бірегей респондент-кәсіпорын кіреді. Респонденттердің негізгі бөлігі қызмет көрсету, құрылыс-жылжымайтын мүлік және сауда салаларынан, ал ең аз үлесі тау-кен өнеркәсібінің өкілдерінен болып табылады. Барлығы 2999 шағын, орта және ірі респондент-кәсіпорындарға қатысты біздің іріктемеде банкроттық рәсімдері қолданылғанын не әлі де қолданылуда екенін анықтай алдық.

1-график. Тау-кен өнеркәсібіндегі кәсіпорындардың қаржылық орнықтылығы мейлінше төмен, ал олардың арасында банкроттық үлесі мейлінше жоғары



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР Қаржы министрінің МКК

Ескертпе: Банкроттық үлестері және EM Z-score медианалық мәндері барлық респондент бойынша және барлық кезең үшін есептелген.


¹⁹ 1-ҚК индексі – кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп, 2-ШК индексі – шағын кәсіпорынның қызметі туралы есеп.

²⁰ Іріктеме қысқартылды, барлық кезеңдегі барлық респондент бойынша Z-score мәндерінің ең аз 5%-ы және ең көп 5%-ы алып тасталды.

Іріктеменің барлық бақылауы бойынша EM Z-score орташа мәні 9,65, ал медианасы 6,63 болды, яғни қауіпсіз аймақта. Альтманның EM Z-score бойынша мейлінше осал санатына тау-кен кәсіпорындары кірді (1-график). Керісінше, өз қызметінің нәтижесінде банкротқа ұшыраған кәсіпорындар бойынша EM Z-score орташа есеппен қызыл аймақта (3,65), ал бүкіл іріктеме бойынша медианалық мәні 3,39 болды. Банкротқа ұшыраған кәсіпорындардың негізгі бөлігі (62%) құрылыс-жылжымайтын мүлік, сауда және өңдеу өнеркәсібі салаларында шоғырланған. Осы салалардың банкротқа ұшырағандар арасындағы EM Z-score медианалары сәйкесінше орташа есеппен 3,58, 3,69 және 3,14 болды, яғни дефолт аймағында.

Сонымен қатар төлемге қабілеті мейлінше жоғары кәсіпорындар өз қызметін банктік борышпен қаржыландыруға бейім емес екені қызық құбылыс. Мәселен, банктік борышы бар және банктік борышы жоқ кәсіпорындарда EM Z-score орташа мәндері сәйкесінше – 5,15 және 10,55, ал медианалық мәндердің деңгейі сәйкесінше – 4,90 және 7,27.

2-график. EM Z-score банкроттық фактісі жақындаған сайын нөлге ұмтылады



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР Қаржы министрлігі МКК

Ескертпе: барлық тиісті респондент бойынша банкроттыққа немесе оңалтуға дейінгі тиісті жылдар үшін EM Z-score орташа арифметикалық мәндері қолданылды

Өз қызметінің нәтижесінде дәрменсіз болған кәсіпорындар тобының EM Z-score орташа мәндері банкроттық немесе оңалту фактісіне дейін 10 жыл бұрын осал аймақта болған (2-график). Бұл орайда EM Z-score бойынша орташа алғанда банкротқа ұшыраған кәсіпорындар тобы банкроттық фактісіне дейін 5 жыл бұрын қызыл аймаққа өткен, ал оңалту рәсімдеріне түскен кәсіпорындар тобы оңалту басталғанға дейін 2 жыл бұрын қызыл аймаққа өткен. Мәселен, банкротқа ұшырағандар тобында респонденттердің 56%-ы банкроттық фактісінен 5 жыл бұрын EM Z-score бойынша қызыл аймақта және 18%-ы осал аймақта болған. Салыстыру үшін алсақ, оңалту рәсіміндегі кәсіпорындар тобында респонденттердің 55%-ы оңалту рәсімі басталғанға дейін 2 жыл бұрын EM Z-score көрсеткіші бойынша қызыл аймақта және 21%-ы осал аймақта болды.




4.2 Банктердің бөлшек портфелі

Өсу қарқынының біршама баяулағанына қарамастан, кепілсіз тұтынушылық қарыздардың абсолюттік өсімінің өсуі жалғасып отыр. Сонымен қатар бөлшек портфельдегі маңыздылығы бойынша екінші болатын ипотекалық сегменттің өсуі баяулап, бөлшек несиелік портфельіндегі үлесі азайды. Бөлшек кредиттік портфельдің сапасы жоғары болуда, алайда проблемалық қарыздар көлемінің ұлғаюы байқалады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша бөлшек портфель көлемі артты, бірақ оның өсу қарқыны баяулады. Осылайша, 2023 жылы бөлшек портфель өсімі 26.7% болды (абсолюттік мәнде – 3.1 трлн), ал 2022 жылы портфельдің өсуі 31.3% деңгейінде болған (абсолюттік мәнде өсу – 3.5 трлн) (4.6-график). Алайда, 2023 жылы инфляцияға түзетілген бөлшек несиелік портфельінің өсу қарқыны 9.2%-дан (ж/ж) 15.4%-ға (ж/ж) дейін біршама өсті. Бөлшек кредиттеудің номиналды өсу қарқыны 2022 жылғы бірінші тоқсаннан бастап бірқалыпты төмендеді, бұл ипотекалық-тұрғын үй қарыздары портфельінің өсу қарқынының төмендеуіне байланысты.

4.6-график 2023 жылы инфляцияға түзетілген бөлшек несиелік портфельінің өсу қарқыны біршама өсті, ал номиналды өсу қарқыны төмендеді




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Ескертпе: Инфляцияға түзетілген өсу мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{инфляцияға түзетілген өсу} = \frac{1 + \text{номиналды ұлғаю}}{1 + \text{инфляция деңгейі}} - 1$$

2023 жылы бөлшек портфель құрылымында кепілсіз тұтынушылық қарыздар мен ипотекалық-тұрғын үй қарыздары басым болды, олар сәйкесінше 52.6%-ды және 31%-ды құрады (4.7-график). 2023 жылдың қорытындысы бойынша автокредиттеу портфельінің үлесі өзінің тарихи ең жоғары көрсеткішіне 11%-бен жетіп, алдыңғы жылдың мәнінен 2.95 пайыздық тармаққа асты. Бұл ретте қамтамасыз етуі бар тұтынушылық қарыздар мен өзге де қарыздар бөлшек несиелік портфельінің құрылымында тиісінше 4% және 1.3% ең аз үлеске ие.


4.7-график 2023 жылы ипотекалық қарыздардың үлесі төмендеді, ал автокредиттер мен кепілсіз тұтынушылық қарыздардың үлесі өсті



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Бөлшек портфельдің өсуіне кепілсіз тұтынушылық қарыздар мен автокредиттер көптеп үлес қосты. Оларға сәйкесінше портфель өсімінің 55.6% және 22.1%-ы тиесілі болды. 2023 жылы ипотекалық қарыздардың бөлшек несиелік портфельінің өсуіне қосқан үлесі 18.7% болды, ал 2022 жылы 41.3% үлес қосқан еді (4.8-график).

4.8-график Кепілсіз тұтынушылық қарыздар бөлшек несиелік портфельінің өсуіне көптеп үлес қосуда. 2023 жылы автокредиттеу портфельі 2022 жылмен салыстырғанда айтарлықтай өсті.



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Ескертпе: (1) ИТҚ ипотекалық және тұрғын үй қарыздарын қамтиды

(2) «Басқалар» құрылыс, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мақсатында берілген қарыздарды, тұрғын үй қарызын қайта қаржыландыруды және т.б. қамтиды.


2023 жылдың қорытындысы бойынша бөлшек несиелік портфельінің сапасы жоғары деңгейде қалды. Атап айтқанда, жеке тұлғалар портфельіндегі NPL90+ үлесі 3.4% болды. Сонымен қатар NPL90+ қарыздары бойынша қалыптастырылған провизиялардың өсуіне қарамастан (12.6%) оларды провизиялау деңгейі төмендеп, 70.6%-ға жетті (2022 жылдың қорытындысы бойынша 73.1%). Бұл NPL90+ көлемінің 16.4%-ға немесе 81.1млрд теңгеге ұлғаюына байланысты болды (4.9-график). Осылайша, несиелік портфельінің жоғары өсуі NPL90+ үлесінің өсуіне жол бермейді.

Ұлттық Банктің бағалауына сәйкес, жыл ішінде проблемалық қарыздар 25.1%-ға (ж/ж) ұлғайды, ал олардың бөлшек портфельдегі үлесі 4.9%-ға жетті. Атап айтқанда, жалпы несиелік портфельінен



1-санатты күмәнді қарыздардың үлесі 1,1%-дан 1,3%-ға дейін ұлғайды, ал 2-санатты күмәнді қарыздар сол деңгейде, 0,1% шамасында қалды (4.9-график).

4.9-график Бөлшек портфельдегі NPL90+ үлесі негізінен портфельдің қарқынды өсуіне байланысты төмен болып қалды. Сонымен қатар 1-санатты күмәнді қарыздар саны арта түсті



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ бағалауы

Ескертпе: 1) ипотекалық қарыздар үшін күмәнді қарыздар мерзімі өткен күндер санының негізінде есептелді: егер қарыздың мерзімі 30 күнге дейін өткен болса, онда қарыз «1-санатты күмәнді», егер қарыздың мерзімі 30 күннен 90 күнге дейін өткен болса, онда «2-санатты күмәнді» болып саналады 2) NPL90+ – банктердің есептілігі бойынша жұмыс істемейтін қарыздар: күмәнді қарыздар – NPL90+ қоспағанда, ҚРҰБ бағалауы бойынша төмен қайтарымдылық белгілері бар қарыздар

4.10-график Бөлшек кредиттеудегі проблемалық қарыздардың үлесі қамтамасыз етуі бар тұтынушылық қарыздар сегментінде төмендеді, ал қалғаны біршама артты



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ бағалауы

Ескертпе: (1) кредиттеу мақсаты бойынша белгілі бір топқа жатқызылмаған қарыздарды қоспағанда (2) ипотекалық қарыздар үшін проблемалық қарыздар мерзімі өткен күндер санына қарай есептелді: егер қарыздардың мерзімі 90 күнге дейін өткен болса, онда қарыздар проблемалық қарыз болып саналады

Тұтынушылық қарыздардың кредиттік тәуекелдері

2023 жылдың қорытындысы бойынша кепілсіз тұтынушылық қарыздардың несиелі портфелінің өсуі 28,6%-ға (ж/ж) дейін аздап баяулап, 2 трлн теңге болды (2022 жылғы 29,2%-бен (ж/ж) салыстырғанда) (4.10-график). Сонымен қатар кепілсіз қарыздарға түскен кредиттік өтінімдер санының артуына қарамастан, мақұлданған өтінімдердің үлесі тұрақты болып қалды²¹. Бұл сегменттің сапасы 2022 жылмен салыстырғанда жақсарғанын атап өткен жөн. Ұлттық Банктің бағалауынша 2023 жылдың қорытындысы бойынша кепілсіз тұтынушылық кредиттеудегі проблемалық қарыздардың үлесі 5,6%-ға дейін төмендеді (2022 жылғы 6%-бен салыстырғанда). Әсіресе 2022 жылғы 5,4%-бен салыстырғанда 2023 жылдың қорытындысы бойынша 4,8%-ды құраған NPL90+ қарыздарының үлесі төмендеген. Мәселен, NPL90+ абсолютті мәндерінің өсуі кепілсіз тұтынушылық қарыздардың жылдам өсуімен бүркемеленеді, сол арқылы NPL90+ үлесі төмен болып қалады (4.11-график).

2023 жылдың қорытындысы бойынша қамтамасыз етуі бар тұтынушылық қарыздар портфелінің көлемі 31%-ға (ж/ж) ұлғайып, 674,8 млрд теңгеге жетті. Осылайша, қамтамасыз етуі бар тұтынушылық қарыздар көлемінің өсуі есебінен қамтамасыз етуі бар тұтынушылық қарыздардың үлесі 2022 жылғы деңгейде қалып, барлық бөлшек несиелі портфелінің 4%-ын құрады. Қамтамасыз етілген тұтынушылық қарыздардың сапасы 2023 жылдың қорытындысы бойынша жақсарды, атап айтқанда, NPL90+ қарыздарының үлесі 8,5%-дан 6%-ға дейін, ал проблемалық қарыздардың үлесі 10,5%-дан 8,8%-ға дейін төмендеді.

4.11-график NPL90+ үлесінің төмендеуі кепілсіз қарыздардың өсуіне байланысты

Кепілсіз тұтынушылық қарыздар



— Кепілсіз тұтынушылық қарыздар (сол жақтағы шкала)
— NPL90+ (оң жақтағы шкала)

Ипотекалық қарыздар



— Ипотекалық қарыздар (сол жақтағы шкала)
— NPL90+ (оң жақтағы шкала)

Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, ҚРҰБ бағалауы

Ипотекалық-тұрғын үй қарыздарының кредиттік тәуекелдері

Ипотекалық-тұрғын үй қарыздары (ИТҚ) портфелінің өсу қарқыны 2022 жылмен салыстырғанда айтарлықтай төмендеп, 14,6% (ж/ж) болды (2022 жылдың қорытындысы бойынша 40%-ға (ж/ж) өсті). Бұл олардың бөлшек кредиттеудегі үлесінің 2023 жылдың соңына қарай 30,9%-ға дейін төмендеуіне әкелді (2022 жылдың қорытындысы бойынша 34,3%-бен салыстырғанда). Банктерге кредиттеу бойынша жүргізілген пікіртерімге сәйкес ИТҚ-ға түскен кредиттік өтінімдердің төмендеуімен қатар олардың мақұлдау үлесі жыл соңына қарай 32%-ға дейін ұлғайды (2022 жылдың қорытындысы бойынша – 29,7%). Қосалқы портфельдің сапасы жоғары күйінде қалып, 2023 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс істемейтін қарыздардың (NPL90+) үлесі 0,4% болды.

Ипотекалық қарыздар үлесінің төмендеуі ипотекалық қарыз беру шарттарын қатаңдаудан және 2023 жылға «7-20-25» жеңілдікті ипотекалық бағдарламасының 100 млрд теңге мөлшерінде лимит белгіленуінен туындады. Бұл жаңа қарыз беру көлемін шектеді. Банктерге кредиттеу бойынша жүргізілген пікіртерімге сәйкес 2023 жылғы төртінші тоқсанда ипотекалық кредиттерге деген сұраныстың төмендеуі байқалады. Бұл ипотекалық өнімдерді маркетинг арқылы өткізудің тоқтатыла тұру, сондай-ақ кейбір акциялық ұсыныстардың аяқталу және ипотекалық қарыз берудің кейбір шарттарын қатаңдату нәтижесі болып табылады. Осылайша, төртінші тоқсанда өтінімдер саны 15%-ға (т/т) қысқарды, ал ипотекалық несиелі портфелінің өсімі 4%-ға (т/т) дейін қысқарды.

²¹ ҚРҰБ сайтында жарияланатын Банктерге кредиттеу бойынша жүргізілетін пікіртерімге сәйкес.




Соңғы бірнеше жылда ипотекалық қарыздардың сапасы жақсарып отырды. NPL90+ үлесі 0,4%-ға дейін төмендеп (2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша NPL90+ 6,1% болды), ипотекалық қарыздардың көлемі бірнеше жыл қатарынан артты. Бұл орайда NPL90+ көлемінің өсуі назар аудартады. 2019–2022 жылдары берілген қарыздар ипотекалық қарыздардағы NPL90+ барлық соманың едәуір үлесін құрайды (4.12-график). Алайда, осы жылдары берілген ипотекалық қарыздардың NPL90+ үлесі 0,3%-дан 0,4%-ға дейін ауытқығанын көруге болады. Осылайша, осы жылдары қарыз бойынша кредиттік шешімдердің сапасы төмендеген жоқ. Ал NPL90+ көлемінің өсуі ипотекалық кредиттер портфеліндегі беру көлеміне байланысты болды. 2020 және 2021 жылдары берілген жұмыс істемейтін қарыздардың көлемі 2022 және 2023 жылдары айтарлықтай артты. Соңғы 5 жылда ИТҚ портфеліндегі NPL90+ үлесі айтарлықтай төмендеді. 2023 жылы NPL90+ көлемінің аздап өскені байқалды. Бұл несие портфелінің мейлінше жылдам өсуі есебінен NPL90+ үлесінің артуына әкелмеді (4.11-график).




4.12-график 2016 жылы берілген ипотекалық қарыздар NPL90+ көлемінің ең жоғары мәндеріне ие

Есепті жылдың соңындағы NPL90+ көлемі

Ипотекалық қарыздар



Автокредиттеу



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Ескертпе: 2015 жылға дейін берілген қарыздарды қоспағанда


Автокредиттеудегі кредит тәуекелдері

2023 жылы автокредиттеу портфелінің өсу қарқыны 2022 жылғы 13%-ға (ж/ж) қарағанда 73% (ж/ж) болып, 5.6 есе артты. 2023 жылы автокредиттеу бойынша келіп түскен өтінімдер санының өсуі 85% болды. Сонымен қатар бір жыл ішінде келіп түскен кредиттік өтінімдердің саны өскенде олар бойынша мақұлдау үлесі осы сегменттегі қатысушы банктер санының ұлғаюы есебінен артты. 2023 жылы автокредиттеу портфелінің сапасы төмендеді, дәлірек айтқанда проблемалық қарыздардың үлесі 7.2%-ға дейін өсті (2022 жылдың қорытындысы бойынша – 6.2%). Атап айтқанда, 2023 жылы 1-санатты күмәнді қарыздардың көлемі 20.7 млрд теңгеден 49 млрд теңгеге дейін өсті, ал 2-санатты күмәнді қарыздардың көлемі 1.6 млрд теңгеден 10.3 млрд теңгеге дейін өсті.

Банктерге кредиттеу бойынша жүргізілген пікіртерімнің нәтижелері автокредиттерге деген сұраныстың тұрақты артуын көрсетеді. Бұл өсуді автосалондар өтеу кестелері стандартты емес қарыздарды қосқанда, өз серіктестерінің қаржылық қолдауы арқылы ұсынатын бағдарламалармен қолдайды. ҚРҰБ әдістемесіне сәйкес мұндай қарыздар тәуекелді болып саналып, күмәнді қарыздар санатына жатқызылады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша автокредиттеудегі NPL90+ көп бөлігі 2021 – 2023 жылдары берілген қарыздарға жатады (4.12-график). Мәселен, 2023 жылы автокредиттер бойынша NPL90+ өзінің тарихи ең жоғары мәніне дейін өсті. 2023 жылдың қорытындысы бойынша сол жылы берілген қарыздар 1.1%-дық NPL90+ үлесін көрсетеді, ал бұл қарыздар бойынша NPL90+ көлемі 13.8 млрд (барлық жұмыс істемейтін автокредиттің 20.3%-ы) болды. 2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша, 2021 және 2022 жылдары берілген қарыздардың NPL үлесі басқа жылдары берілген қарыздармен салыстырғанда ең жоғары мәнді көрсетеді. 2019–2020 жылдары берілген қарыздардың сапасы бұрын берілген қарыз сапасынан жақсы. Мәселен, кепілмен қамтамасыз етілгеніне қарамастан, автокредит портфеліндегі кредиттік шешімдердің сапасы алдыңғы жылдармен салыстырғанда біршама төмендеді. Сонымен қатар автокредиттеу портфеліндегі NPL90+ үлесі 3.7%-ға дейін төмендеді (2022 жылдың қорытындысы бойынша – 4%) (4.13-график). Осылайша, NPL90+ абсолютті мәндерінің өсуі автокредиттердің жылдам өсуіне жасырынып, NPL90+ үлесінің өсуіне жол бермейді.

4.13-график 2023 жылдың қорытындысы бойынша автокредиттер NPL90+ үлесінде 4%-дан 3,7%-ға дейін біршама төмендеді



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім




4.3 Кепілсіз тұтынушылық кредиттеу

Кепілсіз тұтынушылық қарыздар портфелінің жоғары өсу қарқыны сақталуда. Өсуге жиынтық борыш деңгейі жоғары қарыз алушылар көптеп үлес қосты. Олардың саны өсе түсіп, портфельдің шоғырлануын күшейтіп отыр. Кредиттік тәуекел деңгейі қолайлы деңгейде, бірақ халық табысының өзгеруі айтарлықтай әсер етіп отыр.

2023 жылы кепілсіз тұтынушылық қарыздар (бұдан әрі – КТҚ) номиналды ЖІӨ-нің жылдық өсуінен асып кеткен жоғары өсу қарқынын сақтап қалды. Жыл қорытындысы бойынша КТҚ портфелі 9.5%-дық жылдық инфляция және номиналды ЖІӨ-нің 14.9%-ға жылдық өсуі кезінде 8.79 трлн теңге көлеміне жетті (4.14-график). Бұл үрдіс халықтың КТҚ-ға деген жоғары сұранысы сақталғанын көрсетеді.

4.14-график КТҚ портфелінің өсу қарқыны соңғы үш жылдағы инфляцияның мәндерінен асып түсті

Бөлшек несие портфелінің құрылымы және инфляция




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, ҚР СЖРА ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеуі

Сонымен қатар КТҚ портфелінің өсуі қарыз алушылардың жиынтық борыш мөлшері бөлінісінде көп бағытты болды²². 2023 жылы КТҚ портфелі негізінен 1 млн теңгеден 5 млн теңгеге дейінгі және 5 млн теңгеден астам жиынтық борышы бар (тиісінше 1.95 трлн теңгелік өсімнен 41% және 56%) қарыз алушылар портфелінің өсуі арқасында өсті, ал борышы 500 мың теңгеден аз қарыз алушылар сегментінің көлемі 1%-ға қысқарды. 5 млн теңгеден 10 млн теңгеге дейінгі борышы бар қарыз алушылар сегментінің үлес қосуы 2021 жылғы 21%-дан 2023 жылы 41%-ға дейін шамамен екі есе өсті (4.15-график).

²² Қарыз алушының жиынтық борышын есептеу кезінде осы қарыз алушының барлық қарызы бойынша негізгі борыш қалдығының сомасы пайдаланылды.

4.15-график КТҚ портфелі негізінен қарыз алушылардың жиынтық борышы 1 млн теңгеден асатын сегменттер есебінен өседі

Борыш топтары бойынша бөлшек несие портфелінің өсуіне үлес қосу




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, Ұлттық Банктің бағалауы

Бөлшек портфель сегменттерінің өсу қарқыны мен номиналды ЖІӨ-нің өсу қарқынын салыстыру 2022 және 2023 жылдары борыштың өсуі жиынтық борышы 1 млн теңгеден асатын қарыз алушылар үшін ғана номиналды ЖІӨ өсімінен асып түсетінін көрсетеді. Мәселен, мейлінше ірі берешегі бар жеке тұлғалардың КТҚ портфелі (10 млн теңгеден астам) 2023 жылы 123,8%-ға, ал 5 млн теңгеден 10 млн теңгеге дейінгі портфелі 71,7%-ға өсті (4.16-график).

4.16-график Жыл қорытындысы бойынша жиынтық борышы 1 млн теңгеден аз қарыз алушылар үшін портфельдің өсуі номиналды ЖІӨ-нің өсу қарқынынан төмен болды

Борыш топтары бойынша бөлшек портфель сегменттерінің жылдық өсімі




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, Ұлттық Банктің бағалауы

Берешегінің деңгейі жоғары қарыз алушылар портфелінің жоғары өсу қарқынымен бірге олардың жеке тұлғалардың КТҚ жалпы портфелінен үлесі де өсуде. 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 5 млн теңгеден асатын борышы бар қарыз алушылардың кредиттері КТҚ жалпы портфелінің 28%-ын алады, ал 1 млн теңгеден 5 млн теңгеге дейінгі борыш сегментімен бірге портфельдің үлесі 80%-дан асады (4.17-график).




4.17-график 5 млн теңгеден асатын сегменттің үлесі соңғы 3 жылда үш еседен астам өсті



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, Ұлттық Банктің есептеуі

2023 жылы КТҚ бар жеке тұлғалардың саны артты. Жыл қорытындысы бойынша бірегей қарыз алушылар саны 7.17 млн адамға жетті (2022 ж. – 6.76 млн). Борышы 500 мың теңгеден аз адамдардың саны 2021 жылдың басынан бері 3.1 млн адам деңгейінде сақталды, ал борышы 1 млн теңгеден 5 млн теңгеге дейінгі және 5 млн теңгеден асатын қарыз алушылардың саны 2 есе және 7 есе өсіп, тиісінше 2.22 млн адамға және 329 мың адамға жетті (4.18-график).


4.18-график КТҚ портфелінің сегменттеріндегі қарыз алушылардың саны



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, Ұлттық Банктің есептеуі, ҚР СЖРА ҰСБ

Ірі жиынтық борышы бар қарыз алушылар санының өсу себептерінің бірі осындай қарыз алушыларда қарыз санының көптігі болуы мүмкін. 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша борышы 1 млн теңгеден 5 млн теңгеге дейінгі, 5 млн теңгеден 10 млн теңгеге дейінгі және 10 млн теңгеден асатын қарыз алушылардың жалпы санының тиісінше 63%, 73% және 89%-ында төрт және одан да көп кредит бар. Борышы 500 мың теңгеден аз топта төрт және одан да көп кредиті бар қарыз алушылардың үлесі 17%-ға жетеді (4.19-график).


4.19-график КТҚ портфеліндегі бір қарыз алушыға келетін кредит саны



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, Ұлттық Банктің бағалауы

Нөлге жуық пайыздық мөлшерлеме бойынша бөліп төлеумен сатып алуды ресімдеу бойынша банктік сервистер танымалдығының артуы ірі жиынтық борышы (5 млн теңгеден астам) бар сегменттерде кредит санының көп болуына себеп болады деп болжауға болады. Бірақ талдау нәтижелері қарама-қарсы үрдісті көрсетеді. Мәселен, 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, борышы 5 млн-нан 10 млн теңгеге дейінгі және 10 млн теңгеден асатын сегменттерде нөлдік емес пайыздық мөлшерлеме бойынша берілген қарыздардың үлесі осы портфельдер көлемінің 93% және 95%-ын құрайды (4.20-график). 1 мың теңгеден 500 мың теңгеге дейінгі сегментте қарыз алушылар үшін нөлдік мөлшерлеме бойынша қарыздар жалпы борыштың 63%-ын алады. Жеке тұлғалардың КТҚ портфелінің өсуіне негізгі қозғаушы күш – жиынтық борышы 1 млн теңгеден асатын қарыз алушылардың портфелі болып табылатынын, ал осы қарыз алушылар үшін нөлдік мөлшерлемемен қарыздардың үлесі едәуір төмен екенін ескере отырып, пайызсыз қарыздар жеке тұлғалардың КТҚ портфелінің өсуіне себеп болмайды деп болжауға болады.

4.20-график Төмендегі ірі жиынтық борышы бар сегменттерде нөлдік пайыздық мөлшерлеме бойынша берілген қарыздардың үлесі (борыш көлемі бойынша)




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, Ұлттық Банктің бағалауы

Қарыз саны бөлінісінде, 1 мың теңгеден 500 мың теңгеге дейінгі және 500 мың теңгеден 1 млн теңгеге дейінгі сегменттерде кредиттердің басым бөлігі, тиісінше 73%-ы және 62%-ы нөлдік мөлшерлеме бойынша берілген (4.21-график). Қарыз алушылардың жиынтық берешегі ең жоғары сегментте (10 млн теңгеден астам) пайызсыз кредиттер қарыз санының шамамен үштен бірін құрайды.




4.21-график Нөлдік пайыздық мөлшерлеме бойынша берілген қарыздардың үлесі (саны бойынша) жиынтық борышы аз сегменттерде айтарлықтай жоғары



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, Ұлттық Банктің бағалауы

Берешектің жоғары мөлшері және 1 млн теңгеден астам сегменттегі кепілсіз қарыздар портфелінің едәуір шоғырлануы банктердің қарыз берілгенге дейін де, сол сияқты тұрақты мониторинг барысында да ірі берешегі бар қарыз алушылардың қаржылық жай-күйіне сапалы талдау жүргізуі қажет екенін көрсетеді. ЕДБ бағалауы бойынша КТҚ сегментінде кредиттік тәуекелдің деңгейі қазіргі уақытта қалыпты болуда. Мәселен, 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 12 ай кезеңіндегі орташа PD ең жоғары деңгейі ең ірі жиынтық борышы (10 млн теңгеден астам) бар сегменттерде байқалады. Бірақ медианалық PD 3%-дан аспайды, ал 500 мың теңгеден аз сегментте дефолт ықтималдығы 1,7%-дан аспайды. Сонымен бірге барлық сегментте 90 күннен астам мерзімі өткен кемінде бір қарызы бар қарыз алушылардың жоғары үлесі байқалады (4.22-график).

4.22-график КТҚ сегменттеріндегі жұмыс істемейтін қарыздары бар қарыз алушылардың үлесі ЕДБ бағалауы бойынша дефолт ықтималдығынан асып түседі



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, Ұлттық Банктің бағалауы, банктердің есептеулері

Ескертпе: Дефолттың орташа және медианалық ықтималдығын есептеу кезінде NPL90+ қарыздары ескерілген жоқ

Жиынтық борышы 5 млн және 10 млн теңгеден асатын сегментте кемінде бір жұмыс істемейтін қарызы бар қарыз алушылардың үлесі тиісінше 5,1 және 6,3%-ға жетеді. Бұл КТҚ портфелінің қалған сегменттеріне қарағанда біршама төмен. Бірақ берешектің жоғары деңгейін ескере отырып, ЕДБ үшін мейлінше жоғары кредиттік тәуекел әкелуі мүмкін. Сонымен бірге борыш деңгейі жоғары сегменттерде қарыз алушылардың көпшілігінде 4 қарыздан көп, бұл портфельдің шоғырлануын және осы топқа халықтың табысына әсер ететін макроэкономикалық шоктардың ықпалын күшейтеді.


4.4 Микроқаржы ұйымдары

2023 жылы микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (МҚҚЖҰ) активтерінің тез өсуі жалғасып, оған тұтынушылық мақсаттарға арналған микрокредиттер қозғаушы күш болды. Алайда, МҚҚЖҰ қарыз алушылары мен қарыздарының жалпы саны өзгерген жоқ. Бұл ретте микрокредиттер портфелінің сапасы бір жыл ішінде, негізінен 31 күннен 60 күнге дейін мерзімі өткен қарыздар үлесінің ұлғаюы есебінен біршама төмендегені байқалады.


2023 жылы микроқаржы ұйымдарының (МҚҰ) активтері 26,3%-ға өсті, ал кредиттік серіктестіктердің (КС) және ломбардтардың (ЛМД) активтері тиісінше 11,9%-ға және 25,1%-ға артты (4.23-график). Мұндай ұлғаю алдыңғы кезеңдердегідей берілген микрокредиттер көлемінің одан әрі өсуіне байланысты болды. Қаралып отырған кезеңде микрокредит портфелі 17,3%-ға өсіп, 2 120 млрд теңге болды: МҚҰ бойынша 21,3%-ға (1 114,6 млрд теңгеге дейін), КС бойынша 10,8%-ға (799,3 млрд теңгеге дейін) және ЛМД бойынша 23,9%-ға (203,2 млрд теңгеге дейін) өсті.

4.23-график Микроқаржы ұйымдарының активтері мен берілген микрокредиттерінің²³ жиынтық көлемі 2023 жылы өсуін жалғастырды

Активтер



Берілген микрокредиттер



Дереккөзі: Ұлттық Банк

Ескертпе: тиісті тоқсанның соңындағы баланстық құн

Микрокредиттер портфелінің белсенді түрде өсуі бір жағынан қаржылық делдалдықтың одан әрі тереңдегенін көрсетеді. Екінші жағынан, бұл екінші деңгейдегі банктердің қатаң талаптарына байланысты банктік кредиттеуге қол жеткізу қиынырақ халықтың сұранысына байланысты болуы мүмкін. Мәселен, мейлінше жеңілдетілген талаптар мен беру рәсімдері, онлайн микрокредиттерді белсенді түрде ілгерілету, сондай-ақ сатып алуға қабілеттіліктің төмен болуы микрокредиттерге деген сұранысты қолдады.

Бұл ретте ҚНРДА МҚҚЖҰ-ның қызметін реттеуді одан әрі қатаңдатуға бағытталған бірқатар нормативтік және заңнамалық өзгерістер енгізді. Атап айтқанда, кепілсіз микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесінің шекті мәні²⁴ күнтізбелік қырық бес күнге дейінгі кезеңге төмендетілді (оның ішінде 30 АЕК-ке дейінгі қарыздар үшін – күніне 1 пайыздан кем, бірақ берілген микрокредит сомасының 20 пайызынан артық емес, 30 АЕК-тен 50 АЕК-ке дейінгі қарыздар үшін – күніне 1 пайыздан кем, бірақ берілген микрокредит сомасының 15 пайызынан артық емес). Сонымен қатар ЕДБ-ға ұқсастық бойынша МҚҰ-ны проблемалық берешекті реттеуге ынталандыру үшін қарыз алушылардың проблемалық берешегін реттеу салдарынан жеке тұлғалардың микрокредиттері бойынша бұрын қалыптастырылған провизияларды босатудан МҚҰ-ның кірістері бойынша салық жеңілдіктері көзделді.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша орта есеппен бір қарыз алушыға МҚҚЖҰ-ның әрбір түрі бойынша екі қарыздан келетін: МҚҰ – 2,2; КС – 1,9; ЛМД–2,3. Бұл ретте 2023 жылы МҚҚЖҰ-ның қарыз

²³ Құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде.

²⁴ «Микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақының шекті мәнін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 қарашадағы №209 қаулысы.



алушылары мен қарыздарының саны жиынтығында аздап төмендеді. ЛМД қарыздары мен қарыз алушылары санының біршама төмендеуі МҚҰ мен КС бойынша аздап өсуді теңестірді.

4.1-кесте 2023 жылы барлық түрдегі МҚҚЖҰ-ның қарыз алушылары мен қарыздарының саны өзгерген жоқ


МҚҚЖҰ түрі	Санының өзгеруі	
	Қарыз алушылардың	Қарыздардың
Микроқаржы ұйымдары	4%	8%
Кредиттік серіктестіктер	12%	7%
Ломбардтар	-10%	-16%
Жиыны, жиынтық төмендеу	-2%	-3%

Дереккөзі: МКБ

Ескертпе: Ұлттық Банктің бағалауы

Сонымен бірге бірнеше микрокредиті бар МҚҰ қарыз алушылары санының артуы борышқа қызмет көрсету проблемаларын көрсетуі мүмкін.

4.24-график 2023 жылы МҚҚЖҰ-ның микрокредиттер портфелі жеке тұлғаларға қарыз беру есебінен өсе түсті



Дереккөзі: Ұлттық Банк

Жеке тұлғалар МҚҚЖҰ-ның микрокредиттер портфелінің басым бөлігін сақтайды. Мәселен, 2023 жылы жеке тұлғалардың МҚҚЖҰ портфеліндегі үлесі 3,5%-ға ұлғайып, олардағы портфельдің барлық көлемінің 68,3%-ын құрады (4.24-график). Мұндай ұлғаю көрсеткіші – көбіне жеке тұлғаларды МҚҰ кредиттеуінің ұзақ уақыт өсу нәтижесі. Ал заңды тұлғаларға берілген микрокредиттердің көлемі өзгерген жоқ, 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жеке тұлғалардың көпшілігі МҚҰ арқылы микрокредит алды (жеке тұлғаларға берілген микрокредиттердің жалпы көлемінің 73,8%-ы), ал заңды тұлғаларға берілген микрокредиттердің жалпы көлемінің 96%-ы КС-ға тиесілі болды. Бұл ретте жеке тұлғалардың микрокредиттері есепті күнге жеке тұлғалардың МҚҰ қарыздарының жиынтық көлемінің 12,1%-ын құрайтын кәсіпкерлік мақсаттарға берілген ДК қарыздарын да қамтитынын атап өткен жөн.

Жыл басында біршама төмендегеніне қарамастан, есепті кезеңнің қорытындысы бойынша тұтынушылық микрокредиттердің үлесі 66,5% деңгейінде сақталды (4.25-график). Мұндай микрокредиттер көлемінің жартысынан көбі автокөлік кепіліне берілген тұтынушылық кредиттерден тұрады. Өз кезегінде жеке тұлғалардың басқа бөлігі кәсіпкерлік қызметті, оның ішінде ресми тіркеместен жүзеге асыру мақсаты үшін микрокредиттер алған. Мұндай қарыз алушыларды МҚҰ өзін-өзі жұмыспен қамтығандар ретінде класқа бөледі.

4.25-график 2023 жылдың соңында орта есеппен МҚҰ микрокредиттерінің үштен екісі тұтынушылық мақсаттарға тиесілі болды




Дереккөзі: Ұлттық Банк

Ескертпе: Ұлттық Банк Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы №222 қаулысына енгізілген өзгерістерге сәйкес берілген микрокредиттердің құрылымы бөлінісінде 2023 жылғы 1 шілдеден бастап МҚҰ есептілігіне қойылатын талаптар кеңейтілді (оның ішінде кепілмен қамтамасыз ету түрі бойынша өлшемшарт қосылды)


2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тұтыну мақсатына берілген микрокредиттер портфелінің 65%-ы кепіл мүлікпен қамтамасыз етілді, ал бұл көрсеткіш кәсіпкерлік мақсаттарға берілген микрокредиттер портфелінің жартысын ғана құрады (4.26-график). Тұтынушылық микрокредиттер портфелін қамтамасыз етудің салыстырмалы түрде жоғары деңгейі – автокредиттердің елеулі үлесінің нәтижесі, оған тұтынушылық кепілді микроқарыздардың жалпы көлемінің 90%-ына жуығы тиесілі.

4.26-график Жеке тұлғаларға берілген МҚҰ микрокредиттерінің құрылымында негізгі көлемі мерзімі 45 күннен асатын және кепіл мүлікпен қамтамасыз етілген қарыздарға тиесілі

01.01.2024 ж. жағдай бойынша



Сыртқы шеңбер – тұтыну мақсатына берілген қарыздар
Ішкі шеңбер – кәсіпкерлік мақсатқа берілген қарыздар




Дереккөзі: Ұлттық Банк

Өз кезегінде, МҚҰ микрокредиттерінің жиынтық көлемінің 18%-ы PDL қарыздарына тиесілі болды, олардың негізгі бөлігі тұтыну мақсатына бағытталған. Жеке тұлғаларға берілген микрокредиттер портфеліндегі көрсетілген PDL қарыздары көлемінің үлесі елеусіз болған кезде МҚҰ-ның жасалған микрокредит шарттарының жартысынан көбі іс жүзінде қарыздың осындай түріне келеді (4.27-график), бұл тиісінше шағын көлемді қысқа мерзімді қарыздарға деген сұраныстың артқанын көрсетеді.



4.27-график Мерзімі 45 күнге дейінгі қарыз шарттарының (PDL қарыздар) елеулі үлесі сақталуда, оған жасалған шарттардың жалпы санының 55%-ға жуығы тиесілі.

Шарттар саны бойынша



Дереккөзі: МКБ

Ескертпе: Ұлттық Банктің бағалауы

МҚҰ берілген қарыздардың орташа мерзімі 2024 жылғы 1 қаңтарда – 8 айды, 2023 жылғы 1 қаңтарда – 7 айды құрады. Сонымен қатар көрсетілген кезеңде портфельдің орташа өлшемді мерзімділігі 22 айдан 24 айға дейін артты. Мерзімнің мұндай ұзаруы – шарт бойынша мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейінгі қарыздар үлесінің біршама ұлғайғанының нәтижесі. Мұндай қарыздардың едәуір бөлігі автокредиттерге тиесілі.

МҚҚЖҰ-ның кредиттік портфелінің сапасы негізінен МҚҰ портфелінің есебінен біршама төмендеді. Мәселен, 2023 жылдың басында МҚҰ кредиттері портфелінің сапасы біршама қалпына келгеніне қарамастан, кейіннен мерзімі өткен қарыздардың үлесі өсіп, 17,7% мәніне жетті (4.28-график).

4.28-график МҚҰ берген қарыздардың жалпы көлеміндегі мерзімі өткен қарыздардың үлесі 2023 жылы ұлғайды




Дереккөзі: Ұлттық Банк

Атап айтқанда, көрсетілген ұлғаюу 31 күннен 60 күнге дейін мерзімі өткен қарыздардың өсуімен қамтамасыз етілді. Бұл жекелеген МҚҰ-ның мерзімі өткізіп алу тәуекелі жоғары жаңа өнімдерді іске қосу және осындай өнімдер бойынша портфельдің жетілуі, проблемалық қарыздармен жұмыс істеу тәсілін оларды коллекторлық ұйымдарға беруді жою арқылы қайта қарау және реттеу бойынша өз шешімдерін ұсыну, қаржылық сауаттың төмен деңгейі, сатып алуға қабілеттілік пен төлемге қабілеттіліктің төмендігі сияқты бірқатар факторға байланысты болды. Сонымен қатар автомобильдерді жеткізудің логистикалық тізбегін қалпына келтірудің жанама әсері байқалады. Бұл бастапқы нарыққа қарағанда қайталама нарықтағы бағаны төмендетті. Кредиттеу бойынша

жүргізілген пікіртерім²⁵ аясында автокредитке мамандандырылған жекелеген ірі МҚҰ қарыз алушылардың сатып алушы ретіндегі төлем қабілетінің нашарлауынан берешекті өтеуге қаражаттың жеткіліксіз екенін сезіне бастағанын атап өтті. Логистикалық тізбектерді қалпына келтіру және Қытай автомобильдерін белсенді түрде ұсыну нарықтағы ұсынысты едәуір арттырды, сол арқылы автомобиль бағасының біршама төмендеуін қамтамасыз етті. Осылайша, кейбір клиенттер автомобильдерді сатып алған құнымен өткізе алмай, МҚҰ алдындағы міндеттемелерін жаба алмады. Бұл ретте NPL90+ үлесі 2023 жылдың басындағы 6.2%-дық көрсеткіш деңгейінде сақталды. Бұл қарыздардың, оның ішінде қайта құрылымдау арқылы белсенді түрде реттелген көрсетуі ықтимал.

4.29-график Микрокредиттер бойынша мерзімі өткен берешектің жалпы көлемінде шарт бойынша мерзімі 45 күнге дейінгі мерзімі өткен қарыздардың үлесі 2023 жылы біршама төмендеді



Дереккөзі: МКБ

Ескертпе: Ұлттық Банктің бағалауы

2024 жылғы 1 қаңтарда мерзімі өткен берешегі бар МҚҰ микрокредиттерінің құрылымында үштен бір бөлігі PDL қарыздарына тиесілі болды (4.29-график). Бұл ретте мерзімі өткен қарыздардың жалпы көлеміндегі PDL қарыздарының мерзімін өткізіп алу үлесі 2022 жылдың соңында ҚНРДА-ның бірқатар реттеу шаралары есебінен 2023 жылы біртіндеп төмендегенін, оның аясында проблемалық берешекті қайта құрылымдау жұмысы жүргізілгенін, бұл жекелеген қарыз алушылар бойынша берешекті кешіруді де қамтығанын атап өткен жөн. Осылайша, 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша осындай қарыздар бойынша мерзімі өткен берешектің үлесі 43.3% болып, NPL90+ деңгейі 10%-ға дейін төмендеді. Ал PDL қарыздарына мамандандырылған МҚҰ саны 83-тен 65-ке дейін қысқарды. Алайда, кешіру мен қайта құрылымдау жүйелік деңгейде берешек проблемасын шешпейтінін, тек кредиттік тәуекелдерді уақытша реттеп, микроқаржы нарығының нақты тәуекелдерін бұрмалауы мүмкін екенін атап өткен жөн. Бір қарыз алушыға келетін МҚҰ-ның қолданыстағы микроқарыздары санының өсу динамикасының сақталуы, микроқарыз сомасының ұлғаюы мен халықтың нақты табысының төмен болуы аясында мерзімі өткен берешектің одан әрі өсуі, оның ішінде қайта құрылымдалған микроқарыздардың мерзімін өткізіп алудың қайталануы ықтималдығы жоғары.

КС бойынша мерзімі өткен қарыздардың үлесі қатты өзгермей, 2% деңгейінде сақталды, ал ЛМД бойынша бұл көрсеткіш 2023 жылдың қорытындысы бойынша 29.6% болды.

2023 жыл ішінде МҚҰ-ның көпшілігі ҚНРДА белгілеген пруденциялық нормативтерді орындады.

Сонымен бірге 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 229 МҚҰ ішінде 19 МҚҰ пруденциялық нормативтерді (оның ішінде 8 МҚҰ – жарғылық және меншікті капиталдың ең аз мөлшерін, 18 МҚҰ – меншікті капиталдың жеткіліктілігі талабын) орындаған жоқ. Бұл ретте меншікті капиталдың жеткіліктілігі (k1) талабын бұзу 2023 жылдың басынан бастап енгізілген қосымша талапты (несие

²⁵ 2023 жылғы екінші тоқсанның қорытындысы бойынша банктерге кредиттеу бойынша жүргізілген тоқсан сайынғы пікіртерім шеңберінде микрокредиттеу сегментінің белсенді түрде дамуын ескере отырып, (<https://nationalbank.kz/ru/news/predydushchie-publikacii-opros/rubrics/2088>) активтері барлық МҚҰ активтерінің 70%-дан астамын құрайтын жекелеген ірі МҚҰ-мен онлайн-кездесулер өткізілді.



портфелінің жалпы сомасындағы NPL90+ үлесіне 20% лимитті²⁶) бұзудың нәтижесі екенін атап өткен жөн. Мұндай талапты енгізу, өз кезегінде, NPL90+ қарыздарының төмен үлесінің сақталу факторы болып табылады (әсіресе PDL қарыздары бойынша). Алайда, банк секторының тәжірибесі көрсеткендей, 2015 жылы NPL90+ үлесіне лимит белгілеу пруденциялық нормативтерді орындау мақсатында берешекті қайта құрылымдау арқылы портфельдің шын мәніндегі сапасын бүркемелеп жасырып, нарықтың кәсіби қатысушыларының несие портфелін белсенді түрде жасанды жақсартып көрсетуіне әкеп соқтырады. Нәтижесінде берешек стандартты болып көрінеді, бірақ тұрақты болып табылмайды²⁷.

Қорландыру жағынан қызметті қаржыландырудың негізгі үлесін үшінші тараптардан алынатын қарыздар құрайды (барлық МҚҰ міндеттемелерінің 70%-дан астамы). Бұл ретте борыштық бағалы қағаздардың үлесі 2023 жылы 7,5%-дан 15,5%-ға дейін өсті. Сонымен бірге реттелген борыштық үлесі аздап өсті. Борыштық бағалы қағаздардың шығарылымдары МҚҰ-ны мейлінше ұзақ мерзімді және тұрақты қорландыру көзімен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар кредиттік ресурстар құнының болжамды төмендеуі де қорландыру құнына оң әсер етуі мүмкін.

Микроқаржы секторының ұзақ уақыт белсенді түрде дамуына қарамастан, қатысушылар арасында жоғары шоғырлану сақталып отыр. Мәселен, 2024 жылғы 1 қаңтарда ең үздік 5 МҚҰ үлесіне МҚҰ микрокредиттерінің бүкіл портфелінің 63,3%-ы келеді, ал КС мен ЛМД бойынша бұл көрсеткіштер тиісінше 52,8% және 48,4% деңгейінде қалыптасты.

Өз кезегінде, қызметтің айқын болуын одан әрі арттыру және тәуекелді азайту мақсатында МҚҰ сегментінде реттеу мен қадағалау шараларын күшейту жұмысы жалғасуда. Мәселен, ҚНРДА ақпараты бойынша, 2024 жылы қаржы нарығының қаржылық орнықтылығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін МҚҰ-ға тәуекелге бағдарланған қадағалау жүйесін кезең-кезеңімен ендіру жоспарланып отыр:

- кредиттік, операциялық және комплаенс тәуекелдерді басқарудың барабар жүйесін қоса алғанда, корпоративтік басқарудың тиісті практикасын белгілеу көзделетін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелеріне қойылатын талаптар әзірленеді;
- SREP (Supervisory Review and Evaluation Process) сияқты микроқаржы ұйымдарының тәуекел-бейінін айқындау бойынша модель әзірлеу жоспарлануда, оның нәтижесі бойынша сандық және сапалық көрсеткіштер негізінде қадағалау субъектілеріне қатысты қадағалау шараларының қарқындылығы мен тереңдігі айқындалады;
- өзін-өзі реттейтін ұйымдар институтын енгізу қарастырылуда, ол ҚНРДА-ның шектеулі қадағалау ресурстарын тиімді түрде бөлуге және реттеушінің назарын жүйелік маңызы бар ұйымдарға, сондай-ақ өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қызметіне аударуға мүмкіндік береді.

²⁶ «Пруденциялық нормативтерді және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның сақтауы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, оларды есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 14 қарашадағы №192 қаулысы.

²⁷ Ақылбеков, А. (2024). «Қазақстандағы үй шаруашылықтарын банктік емес қаржыландыруды талдау». Working Papers № 2024-1, National Bank of Kazakhstan.

5

Өтімділік, қорландыру, долларландыру тәуекелдері, валюталық және пайыздық тәуекелдер

2023 жылдың қорытындысы бойынша өтімділігі жоғары активтер көлемінің біршама өскені байқалды. Ал банктердің өтімділік коэффициенттері нормативтен жоғары деңгейде қалды. Банктердің өтімділік профицитін бөлудің негізгі тәсілі негізінен МБҚ-да және ҚРҰБ-тағы шоттарға орналастыру болды. Көптеген банктердегі өтімділік тәуекелдерінің деңгейі банктердің жиынтық активтерінің шамамен үштен бірін құрайтын өтімділігі жоғары активтердің біршама қорына байланысты қалыпты болып қала берді.

Банктерді қорландыру жағында айтарлықтай өзгерістер байқалмады. 2022 жылы қарқынды өсуден кейін бейрезиденттердің жеке және заңды тұлғалар салымындағы үлесі 2023 жылы тұрақтанды. Бұл ретте КМС үлесін төмендету есебінен қорландыру базасын әртараптандыру жалғастырылды.

Долларландыру деңгейі соңғы 16 жылда өзінің тарихи ең төменгі шегіне жетті, бөлшек сегментте де және сол сияқты корпоративтік сегментте де валюталық салымдар үлесінің біршама төмендеуі байқалады. Банк жүйесі бойынша нетто ашық валюталық позиция аса құбылмалылыққа ұшыраған жоқ және шекті мәндерден аспады.



5.1 Өтімділік тәуекелдері

2023 жылы банк секторында өтімділіктің жоғары деңгейі сақталды. Жыл соңында өтімділігі жоғары активтер (ӨЖА) 15.3 трлн теңгені құрады. Бұл сектор активтерінің жиынтық көлемінің 29.8%-на сәйкес келеді. Ұлттық валютадағы ӨЖА шетел валютасындағы ӨЖА-дан асты (тиісінше 8.7 трлн және 6.6 трлн теңге). Бұл ретте теңгедегі ӨЖА өткен жылмен салыстырғанда 34.9%-ға өсті, валюталық құрамдас бөлігі бар ӨЖА негізінен валюталық депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің қалыпты деңгейіне байланысты 24.4%-ға төмендеді (5.1-график).

5.1-график 2023 жылдың соңында ӨЖА көлемі өсті




Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Ескертпе: ӨЖА қолма-қол ақшаны, бағалы металдарды, коршоттарды, банкаралық салымдарды және МБҚ-ны (ауыртпалық салынғандарды қоспағанда) қамтиды. Тоқсан соңындағы деректер

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк секторының жиынтық ӨЖА жеке және заңды тұлғалардың трансакциялық шоттары бойынша жиынтық міндеттемелерден 1,6 есе асты, бұл қаражаттың ықтимал әкелінуі орын алған кезде банктердің оларды жабу қабілетін көрсетеді. ӨЖА көлемінің трансакциялық шоттардан асуы ұлттық валютада (1,5 есе), сол сияқты шетел валютасында (1,7 есе) байқалды (5.2-график).


5.2-график Банктердің ағымдағы ӨЖА деңгейі трансакциялық шоттарды қормен өтейді



Ескертпе: трансакциялық шоттарға банкаралық коршоттарды қоса алғанда, ЖТ мен ЗТ-ның талап етілгенге дейінгі депозиттерін қамтиды

Бір жыл бойы банк секторында ӨЖА-ның жан-жақты динамикасы байқалды. 2023 жыл ішінде Ұлттық Банк тұрақты қолжеткізу операцияларының тетіктері арқылы артық өтімділікті сіңіруді жалғастырды. Банкер тарапынан теңгедегі өтімділікті орналастыру 37,4%-ды құрап, негізінен МБҚ-да және ноталар мен салымдардың үлесі тиісінше 10,2%-ға және 36,8%-ға жеткен Ұлттық Банктегі шоттарда жүзеге асырылды (5.3-график).

5.3-график ӨЖА теңгедегі және валютадағы құрамдас бөліктерінде ҚРҰБ-қа қойылатын талаптар біршама басым



Дереккөзі: ЕДБ-ның реттеушілік есептілігі

Ескертпе: ӨЖА қолма-қол ақшаны, бағалы металдарды, коршоттарды, банкаралық салымдарды және ауыртпалық салынғандарды қоспағанда МБҚ-ны қамтиды. Тоқсан соңындағы деректер

Валюталық өтімділік Ұлттық Банктегі және екінші деңгейдегі банктердегі (35,1%) салымдарға (17,3%) және корреспонденттік шоттарға (13,1%), сондай-ақ МБҚ-ға (24,7%) орналастырылды. Депозиттердің долларсыздандырылуымен, сондай-ақ 2023 жыл бойы ұлттық валютаның нығаюына байланысты бағамдық қайта бағалануымен бірге ӨЖА-ның валюталық құрылымының өзгергенін атап өткен жөн.

2023 жылы өтімділік профицитінің өсуі жалғасты (5.4-график). Банкер әлі де біршама қормен минималды резервтік талаптарды орындады.

2023 жылдың соңына қарай кассадағы қолма-қол ақша және ҚРҰБ-тың коршоттарындағы ұлттық валютадағы қаражат көлемі қажетті деңгей 598 млрд теңге болған кезде 1171 млрд теңгені құрап, резервтік талаптардан біршама (2 есе) асты. Бұл ретте, ҚРҰБ салымдары мен ноталарында орналастырылған теңгедегі өтімділік резервтік талаптардан 6,8 есе асты.


Жылдың қорытындысы бойынша банктердің ішкі активтері мен міндеттемелерінің көрсеткіші 43,4 трлн және 37,6 трлн теңгеге жетіп, тиісінше 14,9%-ға және 11,3%-ға ұлғайды.

Жыл бойы ішкі активтер құрылымындағы ҚРҰБ-тағы валюталық коршоттар және валюталық салымдар үлесінің тиісінше 2% және 2,7%-ға дейін төмендегені тіркелді (5.5-график А). Банкер өз күтулерін ескере келе, валюталық өтімділік деңгейін түзете отырып нарықтық конъюнктураның өзгеруіне жеделден қойды. 2023 жылы валюталық салымдар үлесін МБҚ портфелімен және валютадағы қолма-қол ақшамен алмастыру байқалды.

Көптеген банкер Ұлттық Банктің валюталық шоттарындағы қаражатты есептемегенде де қаражаттың бір бөлігін ішкі активтерге (ІАК) орналастыру бойынша пруденциалық нормативтерді орындауды жалғастырды. Капиталды ел ішінде орналастыруға артықшылық берілді, ол банкердің ІАК-ны орындауы бойынша квантиль аралық интервалдың кеңеюінен көрінеді (5.5-график Б).



5.4-график Банктер ең төменгі резервтік талаптарды біршама қормен орындауды жалғастырды



Дереккөзі: ЕДБ деректері

Ескертпе: резервтік активтер – айқындау кезеңіндегі банктердің ұлттық валютадағы ҚРҰБ коршоттарындағы және АЕТ-дан 50% шегіндегі қолма-қол ақшамен (касса, жолдағы, банкоматтардағы, терминалдардағы ақша) қаражатының орташа қалдықтары. Резервтік талаптар – банктердің ҚРҰБ коршотында ұлттық валютада ұстап тұруына міндетті қаражаттың ең төменгі көлемі. АЕТ, резервтік активтер және ҚРҰБ-қа қойылатын талаптар бойынша деректер бір айдағы орта есеппен көрсетілген

5.5-график А. Банктердің ҚРҰБ-тағы валюталық коршоттарының және салымдарының үлестері біршама азайды




Б. Көптеген банктер ҚРҰБ-тағы валюталық коршоттарын есептемегенде де ІАК нормативін орындайды



Ескертпе: ІА – ішкі активтер, ІМ – еуробондтарды. Қазақстан резиденттері алдындағы ішкі міндеттемелерді және меншікті капиталдың бір бөлігін қоспағанда, шығарылған облигациялардың қосалқы борышына қатысты орташа айлық шамасының сомасы ретінде есептелген ішкі міндеттемелер. ІАК – ішкі активтерге салынған салымдар коэффициенті (> =1). Квартиль аралық интервал – 2 және 3-квартильге кірген банктер

2023 жыл бойы банктер өтімділіктің құрылымдық профициті жағдайында болды. Тәуліктік деректердегі теңгедегі өтімділік индикаторын талдау банк депозиттерінің көлемі бойынша бір күндік стандартты ауытқуды жабу үшін Ұлттық Банкте қажетті теңгедегі коршоттар мен салымдардың жеткілікті деңгейінің болуын көрсетті (5.6-график).

5.6-график ЕДБ-ның теңгедегі қаражатының деңгейі көптеген банктердегі депозиттер бойынша бір стандартты ауытқуды өтеуге жеткілікті




Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Ескертпе: базалық өтімді активтердің жеткіліктілік индикаторы банктердің базалық өтімді активтерінің (кассадағы қолма-қол ақша, бағалы металдар, ҚРҰБ/ЕДБ-дағы қоршоттардағы қаражат және салымдар) және ұлттық валютадағы депозиттердің бір күнге есептегенде 3 айдағы стандартты ауытқуының (Z-score) арақатынасы ретінде есептелген. Деректердің жиілігі – күн сайын.

Теңгедегі өтімділікке деген сұраныстың жекелеген кезеңдерінде әр түрлі квантильдердегі индикатордың динамикасы әр түрлі сипатта болды. Осылайша, біріншіден, теңгедегі өтімділіктің кетуі жүйелі сипатта болған жоқ. Екіншіден, барлық банкте теңгедегі өтімділікке деген қажеттілікті қанағаттандыру үшін өтімді активтердің деңгейі жеткілікті болды. Мәселен, банктердің бірінші квантильінде Ұлттық Банктегі теңге қаражатының қалдығы депозиттік базаның бір күндік стандартты ауытқуын жабу үшін жеткілікті болды.

Жалпы алғанда, барлық квантильде банктердегі өтімділіктің жеткіліктілік индикаторы деңгейінің ұлғаюы АҚШ долларының жаһандық әлсіреуі, базалық мөлшерлеменің деңгейі, сондай-ақ теңгедегі және валюталық салымдар арасындағы мөлшерлемелердің жоғары дифференциалы аясында банктердің теңгедегі өтімді активтерінің²⁸ өсу динамикасына байланысты.

5.7-график Банктер LCR және NSFR нормативтерін орындады



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

²⁸ Кассадағы қолма-қол ақша, ҚРҰБ/ЕДБ-дағы корреспонденттік шоттар мен салымдардағы қаражат, МБҚ портфелі.



Жүргізілген талдау кватиль арасындағы аралықтың, сондай-ақ өтімділікті жабу (LCR) және нетто-тұрақты қорландыру (NSFR) коэффициенттері бойынша банктердің медианалық мәндерінің төмендеуін көрсетеді. 2023 жылы екінші деңгейдегі банктер LCR және NSFR коэффициенттеріне қойылатын ең төменгі талаптарды орындады. Қарастырылып отырған коэффициенттердің нормативтік мәндерден төмен төмендеуі байқалмады (5.7-график).

2023 жылы LCR және NSFR нормативтік мәндеріне қойылатын реттеуші талаптар 0,8 деңгейінде болды. Бұл ретте LCR, NSFR коэффициенттері мәндерінің деңгейін Банктік қадағалау жөніндегі БҚБК ұсынған деңгейге дейін 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 0,9 (LCR бойынша), 2024 жылғы 1 шілдеден бастап 1,0 (NSFR бойынша) деңгейіне дейін қайтару көзделген.

5.2 Қорландыру тәуекелдері


Қорландыру құрылымында шын мәнінде мерзімді қорландыру көздерінің төмен үлесімен байланысты негізгі тәуекелдер сақталды. Банк секторының міндеттемелеріндегі ең ірі қаржыландыру көздерінің шоғырлану деңгейі алдыңғы жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ. Мемлекеттік секторға тәуелділіктің төмендеуі жалғасуда. Сонымен қатар 2023 жылы банк шоттарындағы бейрезиденттер үлесінің өсу қарқынының төмендеуі байқалады.

Қорландырудың орнықтылығы

2023 жылдың қорытындысы бойынша депозиттердің үлесі банк міндеттемелерінің шамамен 79%-ын құрады. Бұл ретте олардың тұрақтылығы ұстап тұру мерзімдері тұрғысынан да, орнықты ұзақ мерзімді депозиттердің төмен үлесі тұрғысынан да төмен деңгейде.

2023 жылы қорландырудың орнықтылығы 2022 жылмен бір деңгейде болды. Бұл депозиттердің барлық түрінің: мерзімсіз және мерзімді депозиттер мен жинақ салымдарының динамикасы сақталуына байланысты. Бір жыл ішінде шын мәнінде мерзімді депозиттердің үлесі 0,5 пайыздық тармаққа (жыл соңында 13%-ға дейін) артты. Сонымен қатар мерзімсіз депозиттер үлесінің де 2,7 пайыздық тармаққа (жыл соңында 69%) өсуі байқалды. Жылдың қорытындысы бойынша ағымдағы шоттар мен талап етілгенге дейінгі салымдардың үлесі 18%-ды құрап, бір жыл ішінде 3,1 пайыздық тармаққа азайды (5.8-график).


5.8-график 2023 жылы қорландырудың орнықтылығы 2022 жылмен бір деңгейде болды



Дереккөзі: ҚДКҚ

2022 жылдың басынан бастап мерзімсіз қорландырудың өсуі банк секторының салымдарындағы бейрезиденттер үлесінің айтарлықтай өсуімен қатар жүрді. Бейрезиденттердің салым үлесінің негізгі өсуі 2022 жылға келді (2,9%-дан 7,4%-ға дейін). 2023 жылы жағдай тұрақталып, салымдардағы бейрезиденттердің жалпы үлесі 1,4 пайыздық тармаққа (2022 жылдың соңындағы 7,4%-дан 2023 жылдың қорытындысы бойынша 8,8%-ға дейін) ұлғайды (5.9-график).

5.9-график 2023 жылы банк шоттарындағы бейрезиденттердің ақшалай қаражаты үлесіндегі өсім баяулады




Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Бұл көрсеткіш көрші елдердің көрсеткіштерінен едәуір төмен. Мәселен, БҰҰ-ның «Әлемдегі экономикалық ахуал және 2024 жылға арналған болжамдар» баянамасына сәйкес Грузияда бейрезиденттер салымдарының үлесі 2022 жылғы мамырдағы 14,5%-бен салыстырғанда 2023 жылғы маусымда 18,1%-ға дейін өсті; Арменияда 2022 жылғы наурыздағы 20,7%-бен салыстырғанда 2022 жылғы қазанда 29,5%-дық шарықтау шегіне жетті; Өзбекстанда бейрезиденттердің салымдары 2022 жылы депозиттердің жалпы өсімінен 17,5%-ға өсті.

Әдетте, бейрезиденттердің қаражаты салымдардың ең тұрақсыз түрлеріне шоғырланған. Бұл қорландыру базасының орнықтылығын төмендетеді (5.10-график). Осыған байланысты аталған елдердің реттеушілері қорландыру базасын тұрақтандыру бойынша қосымша шаралар қабылдады.

5.10-график Бейрезиденттер қаражатты негізінен ағымдағы шоттар мен мерзімді салымдарға орналастырды



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі



Қазақстанда бейрезиденттер салымының салыстырмалы түрде төмен үлесі және өтімділігі жоғары активтердің елеулі қоры банк жүйесі үшін бейрезиденттер салымының жаппай әкетілуіне байланысты елеулі тәуекелдерді туындатпайды. Осыған байланысты бейрезиденттердің үлесін ұлғайтуға байланысты тәуекелдерді төмендету бойынша қосымша реттеу шаралары қолданылмады.

Бұл ретте бейрезиденттерден міндеттемелерді тарту деңгейі пруденциялық норматив – бейрезиденттер алдындағы міндеттемелерге қатысты банктерді капиталдандыру коэффициентімен реттеледі. Бұл норматив сыртқы қорландыруды ұлғайған кезде капитал құю міндеттемелері есебінен әлеуетті тәуекелдердің банк акционерлеріне ауысуын болжайды.

5.1-бокс Қазақстанның қаржы секторын бағалау бағдарламасы (FSAP)

2023 жылы ХВҚ мен Дүниежүзілік Банк Қазақстанның қаржы секторына бағалау жүргізді. Ол бағалау қаржылық қауіпсіздік желісі мен дағдарысқа қарсы басқаруды, БҚБК тиімді банктік қадағалауының негізгі қағидаттарын сақтауды, макропруденциялық саясатты, климаттық тәуекелдерді талдауды, қор нарығын дамытуды және т.б. қоса алғанда, он бағыт бойынша елдің қаржы секторын жан-жақты және терең талдауды білдіреді.

FSAP нәтижесі бойынша ХВҚ мен Дүниежүзілік Банк анықталған кемшіліктерді жою және қаржы секторын одан әрі дамыту үшін нақты ұсынымдар берді. Атап айтқанда, банктердің дәріменсіздігін реттеу, оның ішінде мемлекеттік (бюджеттік) қаражатты пайдалана отырып реттеу практикасының халықаралық ұсынымдары мен қағидаттарына сәйкес келтіру қажеттілігі атап өтілді. Осылайша, мұндай қолдау көрсету тетіктерін нақтылау және шарттарын қатаңдату ұсынылды. Қолдау көрсету шығындарды акционерлер мен байланысты тараптар арасында бөлгеннен кейін ғана қарастырылуы керек. Сонымен қатар мемлекеттік қолдау көрсету қажет болған жағдайда, Агенттіктің, Үкіметтің және Ұлттық Банктің рөлін қоса алғанда, қаржылық қауіпсіздік желісіне қатысушы барлық тараптың рөлін нақтылау қажет. Атап айтқанда, ХВҚ Үкіметтің реттеу процесіне қатысуын күшейту қажет деп санайды.

Сонымен қатар ХВҚ Ұлттық Банк пен Агенттіктің макропруденциялық саясатқа қатысты рөлі мен жауапкершілігін нақтылауды да ұсынды. Қазақстанда макропруденциялық құралдардың іс жүзінде қолданылып жүргеніне қарамастан, мұндай құралдардың нақты тізбесі заңнамалық деңгейде белгіленбеген. Макропруденциялық саясат құралдарының формальды тізбесінің болмауы және олар бойынша жауапкершілікті Ұлттық Банкке бекітудің болмауы жүйелік тәуекелдерге ден қою қажет болған жағдайда белгісіздікті арттырады. FSAP ұсынымдарын назарға ала отырып, Ұлттық Банк макропруденциялық саясатты қалыптастыру, іске асыру және коммуникациялау бойынша пайымдаулар мен тәсілдер қамтылатын «Макропруденциялық саясат туралы» құжатты әзірледі. Бұдан кейін Ұлттық Банктің құзыретіне енгізілетін макропруденциялық саясат құралдарының тізбесі заңнамалық деңгейде айқындалатын болады. Құралдардың нақты тізбесі қажеттілік пен жеткіліктілік қағидаттарына сүйене отырып, Агенттікпен талқылау ескеріле отырып қалыптастырылады.

Жүргізілген жұмыстың нәтижесі бойынша 2023 жылдың желтоқсан айында ҚНРДА әзірлеген, Ұлттық Банкпен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген FSAP ұсынымдарын іске асыру жөніндегі Жол картасы бекітілді.

Жол картасында мақсаты Қазақстанның қаржы секторын жетілдіру болып табылатын іс-шаралар тізбесі көзделген. Осы ұсынымдар мынадай бағыттарды және жүзеге асыру үшін қажетті тиісті нұсқауларды қамтиды:

1) заңнама аясында банктерді реттеу

1.1. халықаралық БҚБК стандарттарына сәйкестік бөлігінде:

- капиталдың ең төменгі жеткіліктілігіне қадағалау үстемесін енгізу;
- жүйесіз банктер үшін консервациялық буферді 2%-дан 2.5%-ға дейін ұлғайту;

- левередж коэффициентін жаңа пруденциялық норматив ретінде кемінде 3% мөлшерінде енгізу;
- ең жоғары тәуекел коэффициентін бірінші деңгейдегі капиталдан бір қарыз алушыға (к-3) есептеуге көшу;
- уақытша пруденциялық жеңілдіктерден (LCR, NSFR және тәуекел-саралау) кезең-кезеңімен шығу;

1.2. төлемге қабілетсіз банктерді реттеу кезінде ведомствоаралық өзара іс-қимыл бөлігінде:

- Үкіметтің, ҚНРДА мен Ұлттық Банктің рөлдерін ескере отырып, мемлекеттің төлемге қабілетсіз банктерді реттеуге қатысу тетігін Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің (ЭСК) отырысына шығару;
- мемлекеттің қатысуы бойынша тәсілдер мақұлданған жағдайда қажетті заңнамалық түзетулерді әзірлеу;
- жүйелік маңызы бар банктер үшін төлемге қабілетсіз банктерді реттеу тетігін қолдану жөніндегі алгоритмді және егер табыстالاتын кепілдік берілетін депозиттер бойынша міндеттемелердің мөлшері төлемге қабілетсіз банк мүлкінің мөлшерінен асып кеткен жағдайда тұрақтандыру банкіне айырманың орнын толтыру жөніндегі ҚДКБҚ рөлін заңнамалық тұрғыдан белгілеу;
- Ұлттық Банк Басқармасының арнайы шешімі бойынша Ұлттық Банктің қамтамасыз етуді қарыз беру құқығын заңнамалық түрде алып тастау;

2) соңғы сатыдағы қарыздар (ССҚ) тетігі және дағдарысқа қарсы басқару

- Ұлттық Банк тарапынан ССҚ ұсыну бойынша ішкі нұсқаулықты (playbook) әзірлеу;
- ССҚ жағдайында екінші деңгейдегі банктердің нарықтық емес активтерді препозициялау рәсімінің міндеттілігін енгізу;
- байланысты тараптарға алаяқтық кредиттер берген банктерге ССҚ беруді шектеу және ССҚ алған банктерге қадағалауды күшейту;
- алтын-валюта резервтері үшін тәуекелдерді барынша азайту талаптарын сақтай отырып, шетел валютасындағы өтімділікті ұсынудың әртүрлі мүмкіндіктерін қарау;
- ССҚ үшін кепіл ретінде қабылданатын банк активтері тізбесінің талаптарын қайта қарау және кеңейту;
- ҚНРДА нарықтық емес активтердің мониторингі;
- нарықтық емес активтерге дисконт белгілеу әдіснамасын әзірлеу;
- Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңес аясында дағдарысқа қарсы ішкі және ведомствоаралық жоспарлардың жалпы архитектурасын қамтамасыз ету;
- дағдарыс сценарийлерін әзірлеу және төлемге қабілетсіз банктерді реттеудің ықтимал құралдарын қолдану, сондай-ақ ішкі және ведомствоаралық дағдарысқа қарсы басқару симуляциясын ұдайы жүргізу;
- Ұлттық Банк, ҚНРДА және Үкімет арасында Қаржылық тұрақтылық жөніндегі келісім жасасу

3) микропруденциялық және макропруденциялық саясатты бөлу

- Ұлттық Банк пен ҚНРДА-ның макропруденциялық саясат саласындағы функциялары мен міндеттерін заңнамалық деңгейде нақтылау;
- халықтың барлық кепілді және кепілсіз кредиттеріне ҚЖК есептеу бойынша нормативтік талаптарды қолдану;

4) жүйелік және климаттық тәуекелдерді талдау

- сыртқы сектордың, қаржылық емес корпорациялардың, үй шаруашылықтарының мемлекеттік секторының өзара байланыстары бойынша жорамалдарын ескере отырып, жүйелік өтімділікті бағалау моделін әзірлеу.

Қорландырудың шоғырлануы


Банк секторының міндеттемелеріндегі неғұрлым ірі қаржыландыру көздерінің шоғырлану деңгейі өткен жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ. Бұл ретте мемлекеттік сектор тарапынан қорландыру үлесінің одан әрі төмендеуі және КМС немесе ірі кредиторлар емес басқа тұлғалар алдындағы міндеттемелерді қамтитын басқа да міндеттемелердің ұлғаюы байқалады.



Банк секторы міндеттемелерінің жалпы көлеміндегі ірі кредиторлардың үлесі 26% деңгейге дейін төмендеді (5.11-график). Ірі банктерде ірі кредиторлар алдындағы міндеттемелер үлесінде 18%-ды құрап, 4 пайыздық тармаққа төмендеді. Шағын банктер бұрынғысынша шоғырлану тәуекеліне айтарлықтай бейім келетін қалпында қалып отыр. Осы топта ірі кредиторлардың міндеттемелердегі үлесі орташа есеппен 86%-ды құрайды.

5.11-график Шоғырланудың жоғары деңгейі бірнеше шағын банкте байқалды

Міндеттемелердің жалпы көлеміндегі ірі банк кредиторларының үлесі



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Ескертпе: кварталдер бойынша саралау және бөлу банк міндеттемелеріндегі осы банк үшін ірі 25 кредитордың үлесі бойынша жүзеге асырылады: 1 квартал – ірі кредиторлардың үлесі ең аз үлесі бар банктер, 4 квартал – ең көп үлесі бар банктер. Шеңбер көлемі сектор міндеттемелеріндегі банктердің квартал міндеттемесі үлесіне үйлесімді. Шеңбер ішінде ірі кредиторлардың квартал бойынша орташа үлесі көрсетілген

Банктердің жартысынан көбі ірі депозиторлардың өтімділіктің ішінара (60%-дан бастап) не толық сарқылып әкету тәуекелдеріне сезімтал келеді. Ал ірі депозиторлардың валюталық депозиттерді алуы 30%-дан 60%-ға дейін валюталық өтімділікті талап етеді. Ең жоғары мәндер шағын банктерде байқалады, бұл ірі депозиторлар тарапынан шоғырлану тәуекелдеріне жоғары бейімділікті көрсетеді. Банктердің шамамен 1/3 аса ірі салымшылардың жоғары шоғырлануымен негізделген өтімділік тәуекеліне сезімтал (5.1-кесте).

5.1-кесте Депозиттерді шоғырландыру тәуекелі

Депозиттердің ҚРҰБ-тағы қолма-қол ақша, коршоттар және МБҚ портфелінің сомасына арақатынасы

Депозиттерді алу	Мин.	25-ші перцентиль	Орташа өлшенген мәні	Медиана	75-ші перцентиль	Макс.
ТОП-5	0,1	0,3	0,4	0,6	1,4	20,5
ТОП-10	0,1	0,4	0,6	0,9	1,8	21,0
ТОП-20	0,2	0,6	0,7	1,0	2,3	21,2
ТОП-30	0,2	0,7	0,8	1,1	2,6	22,2
Депозиттерді алу, оның ішінде:						
теңгемен:						
ТОП-5	0,1	0,2	0,3	0,3	0,8	20,4
ТОП-10	0,1	0,2	0,4	0,4	1,0	20,6

Депозиттерді алу	Мин.	25-ші перцентиль	Орташа өлшенген мәні	Медиана	75-ші перцентиль	Макс.
ТОП-20	0,1	0,4	0,4	0,5	1,2	20,7
ТОП-30	0,1	0,4	0,5	0,5	1,2	20,7
шетел валютасымен:						
ТОП-5	0,0	0,2	0,2	0,3	0,6	3,1
ТОП-10	0,0	0,3	0,3	0,5	0,8	4,8
ТОП-20	0,0	0,3	0,4	0,6	1,0	6,6
ТОП-30	0,0	0,3	0,4	0,6	1,1	7,0


Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Ескертпе: егер ірі салымшылар депозитінің ҚРҰБ-тағы банктердің қолма-қол ақша, корреспонденттік шоттары мен МБҚ қоржынының жалпы сомасына арақатынасы 1-ден асатын болса, онда ірі салымшылар депозиттерді алған жағдайда банк қаражатының жеткіліксіздігін көрсетеді

2023 жыл ішінде банк секторының мемлекеттік компаниялар тарапынан қорландыруға тәуелділігінің төмендеуі жалғасты, алайда кейбір банктерде мемлекеттік сектордың шоғырлануына байланысты қорландыру тәуекелдері сақталып қалды.

Банктер бөлінісінде жекелеген банкте мемлекеттік сектордың міндеттемелердегі үлесі (5.12-график А) 39%-ды құрады. Депозиттер мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардың міндеттемелерін орналастыратын негізгі тәсіл болып қалады (5.12-график Б).


5.12-график А. Банктер деңгейінде мемлекеттік сектор тарапынан қорландыру төмендеді



■ Интерквартильді аралық (1 және 3 кватиль арасында)
 — Медиана
 — Ең көп үлесі бар банк

Дереккөзі: ЕДБ, БЖЗҚ есептілігі

Б. Негізінен мерзімсіз депозиттер нысанында тарту



■ Интерквартильді аралық (1 және 3 кватиль арасында)
 — Медиана

5.3 Долларлану тәуекелі


Банктердегі долларлану деңгейі өзінің тарихи ең төменгі мәніне жетіп, төмендеуді жалғастырды. Бұл процесс негізінен ірі валюталық салымдардың әкетілуі, теңгелік депозиттердің тартымдылығының өсуі және бағамдық қайта бағалау есебінен болды.

2023 жылы долларсыздандыру үрдісі USD/KZT жұбы бойынша жеткізілімсіз валюталық форвард (NDF) пен теңгедегі депозиттер бойынша орташа алынған мөлшерлемелер арасындағы спредтің



қысқаруымен расталады. Бұл ұлттық валюта бағамына қатысты бағамдық күтулердің төмендеуін көрсетеді. 2023 жылы бұл көрсеткіш екі есе – 8,7%-дан 4,4%-ға дейін төмендеді (5.13-график).

5.13-график 2023 жылы долларлану деңгейі төмендеуі жалғасты




Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Ескертпе: RUBKZT бағамының әлсіреу кезеңдері – рубльдің теңгеге шаққандағы құнсыздануының маңызды кезеңдері

2023 жылдың қорытындысы бойынша валюталық құрамдас бөліктің неғұрлым көп үлесі корпоративтік (43%), сол сияқты бөлшек секторлардың (31%) ағымдағы шоттары мен талап етілгенге дейінгі салымдарында байқалады. Оған депоненттердің ақшаны қысқамерзімді валюта салымдарында сақтауды қалайтынын көрсете отырып, шоттардың көрсетілген түрінің неғұрлым өтімді келетіні себеп болды.

5.14-график 2023 жылы долларлану деңгейі жеке және заңды тұлға шоттарының барлық түрі бойынша іс жүзінде төмендеді



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі


Корпоративтік секторда долларсыздану бөлшек секторға қарағанда белсендірек болды: мәселен, заңды тұлғалар бойынша валюталық депозиттер үлесінің ең көп құлдырауы (43,1%-ға дейін 13,3 пайыздық тармаққа) ағымдағы шоттарға және талап етілгенге дейінгі салымдарға тиесілі болды. Ал бөлшек сегментте (28,6%-ға дейін 10,9 пайыздық тармаққа) мерзімді және шартты салымдар есебінен болды (5.14-график).

2023 жылы долларлану деңгейі мен депозит мөлшері арасында оң байланыс байқалды – салымдағы сома неғұрлым көп болса, долларлану деңгейі соғұрлым жоғары болды (5.15-график). Шоттың көлеміне

байланысты долларланудың бөлінуі 500 млн теңгеден астам шоттарда 63.8%-дан 1 млн теңгеге дейін шоттарда 5.9%-ға дейін өзгерді.

2023 жылы қаралған депозиттердің барлық топтарында долларлану төмендеген. Ең үлкен төмендеу көлемі бойынша ірі салым топтарында: 50 млн теңгеден 500 млн теңгеге дейінгі депозиттерге (валюталық салымдар үлесі 10.8 пайыздық тармаққа төмендеді) және 500 млн теңгеден астам салымдарда (валюталық салымдар үлесі 10.5 пайыздық тармаққа төмендеді) тиесілі болды. Дегенмен, төмендеуге қарамастан, бұл топтарда валюталық шоттардың үлесі жоғары деңгейде қалып отыр.


5.15-график Долларлану деңгейі көлемі бойынша депозиттердің барлық топтарында төмендеді, соған қарамастан сомасы 500 млн теңгеден асатын шоттарда валютаның үлесі жоғары болып тұр



Дереккөзі: ҚДКҚ

2023 жылы жекелеген депозиттерге қаражаттың нетто әкелінуі 4.8%-ға немесе 160 млрд теңгеге ұлғайды. Жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттерінің әкелінуі 3 758.4 млрд теңгеге дейін 68.5%-ға ұлғайды. Бұл ретте депозиттердің барлық түрі бойынша көптеп әкелінгені байқалды. Олардың өсуі негізінен сомасы 10 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейінгі (+52.5%, ж/ж) және 50 млн теңгеден 500 млн теңгеге дейінгі (өсу 13.4 есе) депозиттердің әкелінуіне байланысты болды. Валюталық депозиттер бойынша валютаның 0.25 есе әкетілуі байқалды және -273.9 млрд теңгені құрады. Төмендеудің ең көп үлесі (құлдырау 0.72 есе) ең үлкен депозиттерге тиесілі болды (5.16-график).

5.16-график Теңгедегі жекелеген депозиттердің негізгі тартылуы 1 млн теңгеден 10 млн теңгеге дейінгі және 10 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейінгі депозиттердің есебінен болды




Дереккөзі: ҚДКҚ



Банк жүйесінің квазимемлекеттік секторға тәуелділігі төмендеп келеді. Үздік 25 ірі кредитор бойынша деректер негізінде 2023 жылы (ж/ж) квазимемлекеттік секторда валютадағы және теңгедегі депозиттердің (тиісінше 1 284,2 және 152,5 млрд теңге) әкетілуіне байланысты корпоративтік сектордағы депозиттерден ақшаның әкетілуі байқалды. Басқа заңды тұлғалардың депозиттері керісінше ұлттық валютада 224 млрд теңгеге және шетел валютасында 351,2 млрд теңгеге өсті (5.17-график).

5.17-график 2023 жылы корпоративтік секторда квазимемлекеттік сектор депозиттерінің әкетілуі және басқа заңды тұлғалар депозиттерінің әкелінуі байқалды




Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Ескертпе: үздік 25 ірі кредитордың деректері негізінде ҚРҰБ-тың бағалауы

5.4 Валюталық тәуекел

2023 жылдың қорытындысы бойынша банктердің тікелей валюталық тәуекелі валюталық туынды қаржы құралдары (ТҚҚ) көмегімен позицияларды хеджирлеу есебінен қолайлы деңгейде болды. Жүйе бойынша нетто валюталық позиция көптеген кезеңдерде бейтарап болды және барлық банктер ашық валюталық позиция лимиттерін сақтау бойынша пруденциялық нормативтерді орындады (5.18-график).

5.18-график Банк секторының нетто ашық валюталық позициясы 2023 жылы қатты құбылмалылыққа ұшыраған жоқ



Дереккөзі: ЕДБ-ның реттеушілік есептілігі

5.2-бокс FX LCR - шетел валютасындағы өтімділікті өтеу коэффициенті

2008 жылғы әлемдік дағдарыстан кейін бүкіл әлемдегі реттеушілердің назары өтімділік тәуекелдерін басқару маңыздылығына ауды. Бұған жауап ретінде БҚБК Өтімділік тәуекелдерін тиімді басқару және оларды қадағалау қағидаттарын²⁹ әзірледі, бұл банктер үшін өтімділікті басқару жүйесінің негізі ретінде өтімділік тәуекелдерін басқарудағы сенімді жүйені құрудың маңыздылығын көрсетеді.

Мұндай жүйедегі құралдардың бірі – стрестік сценарийде алдағы 30 күнде қысқамерзімді міндеттемелерін өтеу үшін жеткілікті жоғары сапалы өтімді активтермен (ЖӨА) қамтамасыз ету арқылы банктердің қысқамерзімді өтімділік шоктарына орнықтылығын арттыру үшін БҚБК³⁰ әзірлеген өтімділікті жабу коэффициенті (Liquidity Coverage Ratio, LCR).

Қазақстанда LCR 2018 жылғы қыркүйекте ислам банктерін қоспағанда, барлық банктер үшін ең төменгі талап – 0,5 енгізілді, бұл халықаралық стандарттан – 1-ден төмен. Бұл шешім банк секторын қолдау аясында қабылданды және реттеушінің өзгеретін жағдайларға бейімделуге дайын екенін көрсетеді.

Халықаралық тәжірибеде стандартты LCR басқа шетел валютасындағы өтімділікті бақылауға арналған LCR (FX LCR) валюталық көрсеткіші де бар. Қазіргі уақытта Қазақстанда олар бойынша пруденциялық талаптар жоқ.

FX LCR стандартты LCR туындысы болып табылады. БҚБК анықтамасына сәйкес FX LCR мынадай формула бойынша есептеледі:

$$FX LCR = \frac{\text{ЖӨА маңызды валюта бөлінісінде}}{\text{Маңызды валюта бөлінісінде 30 күн ішінде ақшалай қаражаттың жалпы таза әкетілуі}}$$

Банк қызметтерін цифрландырудың күшейтілген өсуі жағдайында өтімділік тәуекелдерін реттеуді өзектендіру ерекше маңызға ие болады. Бұл жедел қаржылық операциялардың ұлғаюына және соның салдарынан өтімділікті тиімді басқару қажеттілігінің артуына байланысты. 2023 жылдың басында Америка банктерінің банкроттыққа ұшырауы реттеуші тетіктерді өзгермелі нарықтық жағдайлар мен тәуекелдерге бейімдеу қажеттілігін еске салды.

Анықтама үшін: 2023 жылғы наурызда Американың 3 орташа банкі банкрот болды. 2008 жылғы жаһандық қаржы дағдарысынан бастап Silicon Valley Bank (SVB) банкроттығы Америка тарихындағы ең ірі, екінші ірі банкроттық болды (бірінші орында 2008 жылы банкрот болған – Washington Mutual). SVB банкінде салымдардың шамамен 90%-ы сақтандырылмаған. Банктің негізгі клиенттері 2022 жылы жария болған IT (стартаптар) және медицина салаларында венчурлық инвестициялары бар компаниялар болды. Салымшылар өз қаражаттарын ала бастағанда, банк кенеттен алынып жатқан қаражатты жабу үшін өтімділігі жоғары активтерді сатуға мәжбүр болды.

Жәй уақытта банктер валюталарды оңай айырбастап, валюта нарықтарында қаражат жинай алады. Алайда, стрестік жағдайларда валюта айырбастау мүмкіндіктері қаржылық дағдарыс кезіндегідей шектелуі мүмкін. Бұл осы бағыттағы реттеуші базаны одан әрі жетілдіру қажет екенін көрсетеді.


Бұдан басқа, валюталар бөлінісінде активтер мен міндеттемелерді өтеу және өтімділікпен жабу мерзімдерінің жалпы сәйкессіздігін талдау белгілі бір валютадағы қаражаттың әкетілуі ықтимал елеулі тәуекелдерін анықтауға және бағалауға мүмкіндік береді. Осылайша, маңызды валюталарға бөлінген LCR есептілігі валюталық тәуекелді бақылауға мүмкіндік береді.

²⁹ The Principles for Sound Liquidity Risk Management and Supervision. www.bis.org/publ/bcbs144.htm.

³⁰ Basel III: The Liquidity Coverage Ratio and liquidity risk monitoring tools. January 2013. <https://www.bis.org/publ/bcbs238.pdf>.



1-график Реттеуші LCR және есептелген FX LCR





Қазақстанда FX LCR бойынша реттеушілік есептіліктің болмауына байланысты Ұлттық Банк банк секторының барлық активтерінің 80%-ын құрайтын банк активтерінің мөлшері бойынша қазақстандық ірі банктерге талдау жүргізді. Ұлттық Банктің сұратуы бойынша банктер 01.11.2023 жылғы жағдай бойынша үш маңызды валютаға бөле отырып, FX LCR есептелген ақпарат берді (1-график).

1-графикте барлық валюталардағы (LC – ALL) LCR деңгейлері бойынша 10 банк пен USD, EUR және RUB FX LCR деңгейлері арасындағы салыстыру көрсетілген. Сонымен, бес FX LCR банкі үшін жеке шетел валютасы бойынша бөлгенде жалпы LCR-ден жоғары. Бұл дегеніміз, банктердің жартысы ұлттық валютаға қарағанда маңызды шетел валютасында қысқамерзімді өтімділіктің жоғары деңгейіне ие болады.

Бұл ретте, БҚБК анықтамасына сәйкес, егер осы валютада көрсетілген жиынтық міндеттемелер банк міндеттемелерінің жалпы сомасынан 5% немесе одан астамын құраса, валюта «маңызды» болып есептеледі (2-график).

2-график Банктер бөлінісінде валюталардың маңыздылығын бағалау



2-графикте боялған бөлік валютаның маңыздылығын көрсетеді. Талдау қорытындылары бойынша негізінен банктер үшін ең маңызды валюта USD болып табылады, ал жекелеген банктер үшін EUR және RUB да маңызды.

Банктік қызмет көрсетулерді цифрландырудың күшеюіне, сондай-ақ Қазақстанда FX LCR бойынша пруденциялық талаптардың және олар бойынша реттеушілік есептіліктің болмауына байланысты осы бағытта одан әрі жұмыстар жүргізу қажеттілігі бар.


5.5 Пайыздық тәуекел

2023 жылғы алғашқы үш тоқсанда Ұлттық Банк қатаң ақша-кредит саясатын ұстанды. Оны 2023 жылғы тамыз айының соңынан бастап біртіндеп жеңілдету қадамдарын бастады. Осыған қарамастан, жеңілдетілген жағдайлар ұлттық валютадағы депозиттер бойынша мөлшерлемелердің төмендеуіне іс жүзінде әсер етпеді және кезең ішінде ұлттық валютадағы қорландыру құны жоғары болып қалды. ҚДКҚ тарапынан валюталық депозиттер бойынша ұсынылатын мөлшерлемелер деңгейінің сақталуына байланысты валюталық қорландырудың құны бұрынғы деңгейде қалады. Жылдың екінші жартысында 1 жылдан астам мерзіммен корпоративтік сектордың салымдары бойынша мөлшерлемелердің өзгеруі байқалды. Аталған кезеңдердегі төмендеу деректері корпоративтік клиент шарттарындағы жеке талаптардың өзгеруіне байланысты болуы мүмкін (5.19-график).

2023 жылы қаралатын салымдар арасында сыйақы мөлшерлемелерінің ең жоғары өсуін заңды тұлғалардың бір жылға дейінгі депозиттері – желтоқсанда 0.2 пайыздық тармаққа 14.6%-ға дейін, ал жеке тұлғалардың бір жылға дейінгі депозиттері – 0.4 пайыздық тармаққа 13.7%-ға дейін көрсетті. Бір жылдан астам мерзімділікпен тартылған жеке тұлғалардың депозиттері бойынша банктердің сыйақы мөлшерлемелері және бір жылдан аз мерзімділікпен тартылған заңды тұлғалар бойынша тиісінше 0.3 пайыздық тармаққа және 1.6 пайыздық тармаққа немесе 14%-ға және 14.1%-ға дейін өсті.



5.19-график Жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттерін тарту құны 2023 жылы өсе берді



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

2023 жылдың қорытындысы бойынша корпоративтік сегментте берілген теңгедегі кредиттер бойынша орташа өлшенген мөлшерлемелер елеусіз өзгерді: 0.5 пайыздық тармаққа 18.7%-ға дейін төмендеу байқалды, бұл ақша-кредит саясатының шарттарын жеңілдетуге байланысты болуы мүмкін. Бөлшек сегментте де үлкен өзгерістер болған жоқ: 0.5 пайыздық тармаққа 17.9%-ға дейін аздап өсті. 2023 жылғы тамыз және желтоқсан айларында бөлшек секторға кредит беруде пайыздық мөлшерлемелердің төмендегені байқалды. Бұл банктердің тарапынан пайызсыз кредит беру бағдарламаларымен түсіндірілуі мүмкін (5.20-график А).

5.20-график 2023 жылы ұлттық валютадағы депозиттер мен кредиттер бойынша мөлшерлемелер өткен жылмен салыстырғанда өсті

А. Бөлшек мөлшерлемелер



Б. Корпоративтік мөлшерлемелер



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Ескертпе: тарту мөлшерлемелері – есепті кезеңде тартылған депозиттер бойынша орташа өлшенген мөлшерлемелер (жаңа депозиттер және бұрын ашылған депозиттерді толықтыру). Орналастыру мөлшерлемелері – есепті кезеңде жасалған банктік қарыздардың жаңа шарттары бойынша орташа өлшенген мөлшерлемелер. Бөлшек сегмент – ЖТ депозиттері мен кредиттері, корпоративтік сегмент – ЗТ депозиттері мен кредиттері. Есепті кезең – бір ай

Банктердің теңгедегі тартылған депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері корпоративтік және бөлшек сегментінде өсті. Заңды тұлғалардан депозиттерді тартудың орташа өлшенген құны 0,2 пайыздық тармаққа – 14,6%–ға дейін, жеке тұлғалардан – 0,4 пайыздық тармаққа – 13,7%–ға дейін өсті (5.20-график Б). Сыйақы мөлшерлемелерінің өсу факторларына 2023 жыл бойы Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің мәні, сондай-ақ ҚДКБҚ ұсынған депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемелерді қайта қарау жатады.

5.21-график Корпоративтік сегменттегі спрэд бір жыл ішінде күрт өзгеріске ұшыраған жоқ, бөлшек сауда секторында біршама ауытқулар болды



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

2023 жылдың қорытындысы бойынша заңды тұлғаларға берілетін кредиттер мен тартылатын депозиттер бойынша спрэд мөлшерлемелер 5%-дан аспады. Бөлшек сауда секторында спрэд негізінен берілген кредиттер бойынша мөлшерлемелерінің өсуінде үлкен өзгерістерге байланысты аздаған құлдырауға ұшырады. Сөйтіп спрэд корпоративтік сегментке қарағанда орта есеппен жоғары болды. Бірақ кезеңнің соңына қарай ол 4,21%–ға дейін төмендеді. (5.21-график).



6

Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңесінің қызметі

2023 жылы Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) тоқсан сайын қаржы жүйесінің тұрақтылығына жәрдемдесу, жүйелік тәуекелдерді төмендету және қаржы секторының тұрақтылығын дамыту жөніндегі мәселелерді қарады.

2023 жылы Кеңестің 6 отырысы өткізілді, онда қаржы секторы тұрақтылығының ағымдағы мәселелері, оларды шешу жолдары және дамудың перспективалық бағыттары талқыланды.

Атап айтқанда, Кеңес мүшелері мынадай мәселелерді қарастырып, олар бойынша шешімдер қабылдады:


- **Мемлекет басшысының қаржы секторындағы тапсырмаларын іске асыру.** Кеңес отырыстарында Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары қаржы секторына байланысты тапсырмалар бөлігінде талқылады;
- **Мемлекет басшысының экономиканы кредиттеуді кеңейту жөніндегі тапсырмаларын іске асыру.** Кеңес экономиканы кредиттеу үшін банктерді қорландырудың ұзақмерзімді базасын қамтамасыз ету, банктер мен кредиттік бюроларды цифрландыру және мемлекеттік ақпараттық сервистермен интеграциялау, синдикатталған кредиттеуді дамыту, АӨК саласындағы кредиттеу тетіктерін кеңейту және лизингтік қаржыландыруды дамыту мәселелерін қарады;
- **Ұлттық Банктің макропруденциалдық саясаты.** Кеңес Ұлттық Банктің макропруденциалдық саясатына қатысты тұжырымдамалық құжатты бекітті;
- **активтердің сапасын бағалау (AQR) және қадағалау стресс-тестілеу.** Кеңес 2023 жылы Активтердің сапасын бағалау (AQR) және Қадағалау стресс-тестілеу үшін банктердің тізбесін, сондай-ақ банктердің AQR нәтижелері бойынша түзету іс-шараларының жеке жоспарларын орындауы туралы ақпаратты бекітті;
- **сандық активтерді реттеу.** Кеңес тиімді реттеуді енгізу тәсілдерін әзірлеу бойынша қорытындылар ұсынды;
- **2023 жылғы қаржылық тұрақтылық туралы есептің алдын ала қорытындылары.** Отырыста қаржы секторына, үй шаруашылықтарына, мемлекеттік бағалы қағаздар мен жылжымайтын мүлік нарықтарына және басқа да бағыттарға кешенді талдау жасауды қамтитын 2023 жылғы қаржылық тұрақтылық туралы есептің алдын ала қорытындыларын қарады;
- **ХВҚ және Дүниежүзілік Банкпен (Financial Sector Assessment Program, FSAP) бірлесіп Қаржы секторын бағалау бағдарламасын жүргізу.** Кеңес FSAP миссиясын жүргізу аясында қаржылық қауіпсіздік желілері мен дағдарысқа қарсы басқару және БҚБК тиімді банктік қадағалауының негізгі қағидаттарын сақтау бойынша тұжырымдар мен ұсынымдарды қарады;
- **капиталдың контрциклдік буфері (ККБ).** Кеңес ККБ мониторингінің қорытындыларын және секторалдық ККБ енгізу бойынша ұсыныстарды қарады;
- **Ұлттық Банктің Қазақстан Республикасының Үкіметімен өзара іс-қимылы.** Кеңес отырысында Ұлттық Банктің Қазақстан Республикасының Үкіметімен өзара іс-қимылын күшейту жөніндегі іс-шаралар, оның аясында ақпарат алмасудың тиімділігін арттыруды, ғылыми-зерттеу саласындағы ынтымақтастықты нығайтуды, болжамдау мен модельдеу тәжірибесімен және техникасымен алмасуды, сондай-ақ цифрлық сервистерді біріздендіруді және мемлекеттік органдардың қаржы нарығымен өзара іс-қимылы үшін инфрақұрылым құру бойынша бірыңғай тәсілді ендіруді қамтитын бастамаларды талқылады.

5.3-бокс Капиталдың контрциклдік буферін (ККБ) және оның түрлендірулерін қолдану

Макропруденциалдық саясатты қалыптастыру аясында Ұлттық Банк БҚБК-нің әдіснамалық ұсынымдарына және басқа реттеуіштердің тәжірибесіне негізделген секторалдық ККБ ендіру мәселелерін пысықтады. Секторалдық ККБ жалпы кредиттеудің теріс үдеуі байқалмайтын кредиттеудің жекелеген сегменттеріндегі тәуекелдерді төмендетуге бағытталған.

Ұлттық Банк БҚБК басшылығына сәйкес ЖІӨ-ге Кредиттердің және қосымша индикаторлардың³¹ ЖТК негізгі индикаторының есебін жүргізді. 2023 жылғы 4-тоқсанның қорытындысы бойынша (алдын ала деректер)³² ККБ іске қосу қажеттілігін куәландыратын сигналдар анықталған жоқ. Мәселен, ЖІӨ-ге кредиттер ЖТК 0,03%-ды құрайды (1-график). ККБ бойынша шешім қабылдау үшін талданатын қосымша индикаторлар да капиталдың осы буферін іске қосудың орындылығы туралы белгі бермейді.

1-график Кредиттердің ЖІӨ-ге арақатынасы және оның ұзақмерзімді тренден ауытқуы



Соңғы бірнеше жылда Қазақстанда жеке тұлғаларды кредиттеу артқаны байқалады. Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлесі кредиттік портфельде басым және 2023 жылғы 4-тоқсанның қорытындысы бойынша 65,3%-ды құрайды. Бұл ретте жеке тұлғаларды кредиттеудің ірі құрамдас бөлігі саналатын тұтынушылық кредиттеу де, негізінен, пандемия аяқталғаннан кейін ішкі сұраныстың қалпына келуі, қаржылық қызметтердің өсіп келе жатқан цифрландырылуы және азаматтарға борыштық жүктемені азайту үшін үкімет қабылдаған шаралардың арқасында жылдам өсті (2-график).

Осыған байланысты жеке тұлғаларды кредиттеумен байланысты тәуекелдерді басқару жөніндегі белсенді шара ретінде Ұлттық Банк жеке тұлғаларды кредиттеу сегментінде секторалдық ККБ қолдану бойынша тәсілдер әзірледі. Бұл құрал жалпы кредиттеу тәуекелдерінің жылдам өсуі байқалмайтын кредиттеудің жекелеген сегменттерінде тәуекелдерді төмендетуге бағытталған және банктерге экономикалық өрлеу және кредиттеудің өсуі кезеңдерінде экономикалық құлдырау кезеңдерінде ықтимал шығындар үшін жеткілікті резервтерге ие болу үшін қосымша капитал жинақтауға мүмкіндік береді.

³¹ Қосымша индикаторлар бұған дейін Қазақстанның 2014 жылғы қаржылық тұрақтылығы туралы есепте көрсетілген. 9-бокс «Қазақстанда капиталдың контрциклдік буферін ендіру».

³² 2023 жылғы 4-тоқсандағы өндіріс әдісімен ЖІӨ бойынша ҚР СЖРА ҰСБ алдын ала деректері.



Секторлық ККБ-ны іске қосу, оны калибрлеу және ұсынылатын мәндер бойынша біріздендірілген әдіснаманың болмауына байланысты осы құралды пайдалану туралы шешімді реттеушілер қабылдайды. Ұлттық Банктің пікірталас құжатында³³ секторалдық ККБ операцияландыру бойынша БҚБК-ның басшылыққа алатын 7 қағидаты³⁴ көрсетілген, оған сәйкес «Базель III» көздеген стандарттық ККБ-ның көптеген элементтері секторалдық ККБ үшін пайдаланылуы мүмкін.

Сонымен қатар пікірталас құжатында Швейцария мен Испания орталық банктерінің секторалдық ККБ қолдану тәжірибесі келтірілген.

Мәселен, осы уақытқа дейін секторалдық ККБ 2013 жылы тұрғын үй жылжымайтын мүлік және жеке тұлғаларды ипотекалық кредиттеу сегменті бойынша алғаш рет іске қосылған құрал Швейцарияда ғана қолданылды. Мәселен, 2013 жылдан бастап Швейцария Федералдық Кеңесі (Swiss Federal Council) Швейцария Банкінің (SNB) ұсынысы бойынша тәуекел-сараланған тұрғын үй ипотекалық қарыздарының 1% деңгейінде секторалдық ККБ-ны іске қосты.

Испания банкі 2021 жылы секторлық ККБ енгізу үшін құқықтық база әзірледі, бірақ құралдың өзі осы уақытқа дейін әлі іске қосылған жоқ.


Ұлттық Банк кредиттік ЖТК-нің секторалдық мәндерін ЖІӨ-ге (негізгі индикатор) айқындау кезінде тиісті стандартты ауытқуларды нормалауды ескере отырып, стандартты ККБ үшін ұқсас тәсілді қолданды. Осылайша, 2023 жылғы 4-тоқсанның қорытындылары бойынша Жеке тұлғалардың ЖІӨ-ге кредиттерінің ЖТК қалыпқа келтірілген мәні 5.8%-ды құрады. Ол тәуекелдерді ескере отырып сараланған секторлық активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының 3% деңгейінде секторалдық ККБ белгілеуге сәйкес келеді.

Бұл ретте заңды тұлғалардың ЖІӨ-ге кредиттерінің ЖТК-нің қалыпқа келтірілген мәні заңды тұлғалардың портфелі бойынша секторалдық ККБ-ны қосу қажеттілігінің жоқтығын көрсете отырып, -4.2%-ды құрады.

Негізгі индикатормен бірге секторлық ККБ іске қосудың орындылығы туралы шешім қабылдау үшін қосымша индикаторлар мониторингі де жүргізіледі.

2-график Секторлық ККБ қосымша индикаторлары

Кредиттік портфель динамикасы



Жеке тұлғалар кредиттерінің өсуіне секторалдың үлесі



³³ Ұлттық Банктің <https://nationalbank.kz/ru/news/analitika-metodologiya/rubrics/2095> ресми интернет-ресурсында орналастырылған «Капиталдың контрциклдік буферін және оның түрлендірулерін қолданудың кейбір мәселелері туралы» пікірталас құжаты (бұдан әрі – пікірталас құжаты).

³⁴ BCBS. Guiding principles for the operationalization of a sectoral countercyclical capital buffer. November 2019.